

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер

Қазақстан КОММУНИСТІ

1-2

ФЕВРАЛЬ

1965

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XLIV ЖЫЛ ШЫҒУЫ

2

ФЕВРАЛЬ

1965

МАЗМҰНЫ

Бас мақала — Саясат — экономиканың жиынтық бейнесі	3
С. Кенжебаев — Ұлттардың өндірістік коллективте жақындасып, бірігуі	8
С. Жиенбаев — Өндіріс, сауда, тұтынушы	14
К. Бегәлиев — Жас өспірім тәрбиесі — жұртшылық ісі	20
М. Сабыров — Жайылымды суландыру және мал шаруашылығы	24
К. Аханов — Қазақ лексикографиясы туралы ойлар	28
М. Әбуғалиев — Коммунист-шопан (очерк)	33

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМДІ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның КПСС Програма-сында дамуы (VII тақырыпқа методикалық кеңес)	37
Е. Иманқұлов — Халық бұқарасы мен жеке адамның тарихи процес-тегі ролі туралы (VIII тақырыпқа)	46

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия Уставының талаптары қатаң сақталсын	51
А. Бородин — Міндет те жаңа, талап та жаңа	57
С. Дөнентаева — Партиялық тапсырма (Бастауыш партия ұйымы сек-ретарына көмек)	61

СОЦИАЛИЗМ ЕЛДЕРІНДЕ

К. Шустов — Куба социализм жолында	64
--	----

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЫНА ЖАУАП

Р. Шәріпов — Колхозшыларға пенсия қалай тағайындалады?	68
--	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ә. Мұқтаров — Тарихи шындық және оны бұрмалау	72
---	----

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

П. Кузьмин — Әділ саясат салтанат құрады	77
--	----



СОДЕРЖАНИЕ

Передовая — Политика — концентрированное выражение экономики	3
С. Кенжебаев — Рост многонациональных производственных коллективов	8
С. Жиенбаев — Производство, торговля, покупатель	14
К. Бегалиев — Роль общественности в воспитании подростков	20
М. Сабыров — Обводнение пастбищ и развитие животноводства	24
К. Аханов — Некоторые вопросы лексикографии казахского языка	28
М. Абугалиев — Коммунист-чабан (очерк)	33

В ПОМОЩЬ ИЗУЧАЮЩИМ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ

Марксистско-ленинское учение о партии и его развитие в Программе КПСС (к VII теме)	37
Е. Иманкулов — Марксистско-ленинское учение о роли масс и личности в историческом процессе (к VIII теме)	46

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Строго соблюдать требования Устава КПСС	51
А. Бородин — Новые задачи, новые требования	57
С. Дунентаева — Партийное поручение (в помощь секретарям первичных парторганизаций)	61

В СТРАНАХ СОЦИАЛИЗМА

К. Шустов — Народ Кубы строит социализм	64
---	----

ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ


Р. Шарипов — Как назначается пенсия колхозникам?	68
--	----

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

А. Мухтаров — Фальсификация истории и историческая правда	72
---	----

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОБЗОР

П. Кузьмин — В целях упрочения мира	77
-------------------------------------	----



Саясат — экономиканың жиынтық бейнесі

Марксизм-ленинизм таптық күрестің белгілі бір дәуірінде, социалистік революция жеңгеннен кейінгі жерде коммунистік құрылыстың нақты кезеңдеріне байланысты саясат пен экономика арасындағы қарым-қатынасты айқын белгілеп берді. Бұл жөніндегі оның қағидаларының дұрыстығын қоғамдық дамудың бүкіл барысы, өмір шындықтары толық дәлелдеп келеді.

Саясат — қоғамдық таптар мен оның жетекші партияларының өз мүдделері үшін күрес жолындағы мақсаттары мен міндеттері және бұл міндеттерді орындаудың, түпкі мақсат-нысанаға жету жолдарының әдістері мен құралдары. В. И. Ленин атап көрсеткендей, саясат аясына мемлекеттің іс-әрекетінің бағыты, оның қызметінің әдістері мен түрлері, адамдардың оның жұмыстарына қатысуы кіреді.

Саясат тап күресінің көрінісі болумен бірге, сайып келгенде, қоғамдық таптардың экономикалық жағдайымен белгіленіп, айқындала түседі. В. И. Лениннің белгілі анықтамасы бойынша: «Саясат дегеніміз — экономиканың нағыз жиынтық бейнесі» (Шығармалар, 32-том, 15-бет).

Экономика дегеніміз — белгілі бір тарихи сатыдағы өндіргіш күштерге сай өндірістік қатынастардың жинағы, басқаша айтқанда, өндіріс құрал-жабдығын меншіктену түрі, соған сәйкес қоғамдық таптар арасындағы қарым-қатынас және бұларға байланысты қоғамдық өндірістің жемістерін бөлісу түрі. Экономиканың түпкі мәні, оның түрлі тарихи сатыдағы сыпаты өндіріс құрал-жабдығына меншік түріне байланысты. Кейде қарапайым түрде экономика деп халық шаруашылығының жалпы салаларын, оларды зерттейтін салалық ғылымдарды түсінеміз. Бірақ бұлар қоғамның шынайы экономикалық құрылысының мәнін толық бере алмайды.

Саясат пен экономика арасында тығыз диалектикалық байланыс бар: олар бірін-бірі тудырады және бірін-бірі дамытуға күшті әсер етеді. Марксизм-ленинизм саясатқа экономика негіз, тірек болып саналады, саясат экономикадағы өзгерістерге байланысты өзгереді деп үйретеді. Бірақ бұған қарап саясатты енжар, ешбір әсер-ықпалсыз құбылыс деп қарауға болмайды. Ол экономикадағы өзгерістер негізінде туады да, экономиканың онан әрі дамуына күшті әсер етеді. Кейде ол экономиканың шапшаң дамуына көмектесетін болса, кейде оның ақсауына ықпалын тигізеді. Басқаша айтқанда, дұрыс саясат экономиканы өрге бастыруға көмектессе, бұрыс саясат оны кері кетіреді.

Міне, осы тұрғыдан В. И. Ленин әрбір құбылысқа саяси тұрғыдан қарауға, өмір талабына нақты жағдайға сай келетін дұрыс саясат белгілеуге ерекше назар аударды. Ол Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ партия мен үкімет назарын социалистік революция жеңіп, жұмысшы табының үстемдігі орнағаннан кейінгі жерде экономика мәселелерінің, шаруашылық құрылыс міндеттерінің шешуші орын алып, бірінші кезекке қойылатынына аударған болатын. «Шаруашылық жұмыс, — деп жазды В. И. Ленин, — біздің ортақ ісіміз. Бұл — біз үшін нағыз қызықты саясат» (Шығармалар, 32-том, 458-бет).

Еліміздегі социалистік құрылыс жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық түбірлі өзгерістер, — Отанымыздың алдыңғы қатарлы индуст-

риялы, ірі колхозды, совхозды елге айналуды, мәдениет революциясының іске асуы, ғылым мен техниканың қарыштап өсуі, социализмнің тарихи қысқа мерзімде толық та түпкілікті жеңуі, еліміздің көп ұлтты халықтары арасындағы достық ынтымақ қарым-қатынасының орнауы — мұның бәрі біздің жеңімпаз партия жүргізген дана да дұрыс саясаттың тамаша жемістері.

Біздің партияның саясаты жеке адамдардың субъективті көзқарасы негізінде емес, қоғамның экономикалық жағдайын, өмір талаптарын, социализмнің даму заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан терең де жанжақты зерттеп, мұқият есепке алу негізінде белгіленеді. Осылай белгіленген дұрыс саяси бағытты іске асыруға лайықты түрлі ұйымдастыру жұмыстары қолға алынады. Ал бұлар білімді де іскер адамдар — кадр арқылы орындалады. Сондықтан да біздің партия кадр даярлауға, оларды дұрыс іріктеп алып, орналастыруға ерекше мән береді.

Елімізде коммунистік құрылыстың кең өріс алуы дәуіріндегі біздің партия саясатының негізгі бағыты — коммунизмге лайықты материалдық-техникалық база жасау. Осының негізінде социалистік өндірістік қатынастың коммунистік өндірістік қатынасқа ұласуына жету, жаңа адамды — коммунизм орнатушыларды даярлау.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеті өнеркәсіптің химия, энергетика, машина жасау сияқты озық та болашағы зор салаларын неғұрлым оздыра өркендетуді, ауыл шаруашылығын үздік көтеруді, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске жедел енгізіп, неғұрлым кен қолдануды, осылардың негізінде қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыра беруді талап етеді. Партия мен үкімет қазіргі кезеңде осы талаптарға орай жұртшылық назарын алда тұрған шұғыл міндеттерге аударып отыр. Олар: еліміздің табиғи байлығын, өндірістік мүмкіндігі мен қорын неғұрлым ұқыпты да сарқа пайдалану, әрбір кәсіпорын мен шаруашылықтың тиімділік дәрежесін барынша көтеру, өндірісті ұйымдастыру, басқару жұмыстарын мейлінше жақсартып беру, халық шаруашылығын жоспарлауды жетілдіре түсу, өнім сапасын арттырып, оның төзімділік, шыдамдылық, көркемдік дәрежесін көтеру.

Ал бұлар өз кезегінде өндірістің негізгі экономикалық мәселелері — еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кемітумен, әрбір кәсіпорынның мемлекетке пайда келтіруін қамтамасыз етумен күнбе-күн терең де тыңғылықты шұғылдануға міндеттейді.

Партия қазір, әсіресе өнім сапасын жақсартуға ерекше мән беріп отыр. Бұл мәселеге СССР Жоғарғы Советінің V сессиясында да баса назар аударылды. СССР Министрлер Советінің Председателі А. Н. Косыгин жолдас өзінің сессияда жасаған баяндамасында былай деп көрсетті: «Біздің машиналардың сапасы қазіргі замандағы ғылыми-техникалық талаптарға әрдайым сай келмейді. Бізде шығарылған машина-жабдықтың кейбір түрі өздерінің конструкциялық және қолданылу көрсеткіштері жағынан ғылым мен техниканың жаңа үлгілерінен әлі төмен». Мұнан әрі А. Н. Косыгин жолдас жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің сапасын жақсарту міндеттеріне де ерекше көңіл бөлу керек деп көрсетті.

Біздің машина-жабдықтардың, көпшілік қолды товарлар мен бұйымдардың кейбіреуі сапасы, шыдамдылығы жағынан тұтынушылар тарапынан мақтау алып жүр. Мұндай товарлар мен бұйымдар елімізде және халықаралық саудада советтік марканың даңқын шығарып, абыройын арттыруда.

Республикамызда өндірістің техникасы мен технологиясын үздіксіз жетілдіру арқылы өнім сапасын арттырып келе жатқан озат кәсіпорынның бірі — Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинаты. Мұнда партия ұйымы мен шаруашылық басшылары өндірістің экономикалық мәселелерімен ұдайы шұғылданып отырады. Өнді-

ріс техникасын жетілдіре беру, еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кеміту мәселелері партия ұйымының жиналыстарында жиі талқыланады. Мұның өзі тиісті нәтижесін беруде. Жетіжылдықтың алғашқы бес жылы ішінде еңбек өнімділігі комбинатта 40 проценттен аса өсті, өнімнің түсер құны едәуір кеміді. Тек түсті металдарды өндіруге оттегін қолданудың өзінен ғана жылына 2,5 миллион сомдай қаржы үнемделіп жүр. Комбинаттың өнімдері жоғары сапалы болып есептеледі. Оларды ондаған шетел сатып алып жүр. Коммунистік еңбек-кәсіпорны деген құрметті атақты үлгілі ісімен жеңіп алған бұл коллектив қазір өнім сапасын барған сайын жақсартып беру жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, нақты міндеттемелер қабылдады.

Дегенмен, бізде бірсыпыра өнім мен бұйым, машина-жабдық сапасыз шығарылып жүр. Олардан қоғамға және жеке тұтынушыларға көп зиян келеді. Өйткені тұтынуға мүлдем жарамсыз болып шыққан өнімдер мен бұйымдарға еңбек пен қаржы босқа шығын болса, ақауы бар сапасыз өнімдер де өндіріс шығынының көбеюіне әкеліп соқтырады. Мұның бәрі, ақырында, қоғамдық еңбектің өнімділік дәрежесінің кемуіне, өнімнің түсер құнының жоғарылай беруіне келтіреді. Осы себепті сапалы өнім еңбектің өнімділігін арттырудың маңызды бір шарты болып саналады.

Соңғы жылдарда сапасыз немесе түр-түсі, үлгісі жағынан ескірген, өскелең жаңа талаптарға сай келмейтін өнімдердің көбеюі себепті сауда орындарында өтпей жатқан товарлар қоры молая түсті. Қазір республикадағы сауда жүйесінде белгілі мөлшерден артық жатқан товарлар қоры 120 миллион сомға жетті.

Өткен жылда Қазақстан халық шаруашылығы советі кәсіпорындарынан сауда орындарына түскен товарлардың 22 процентке жуығының ақауы болуы себепті сорты төмендетілді. Сапасыз өнім шығару жөнінен Алматының № 5 тігін фабрикасы ерекше көзге түсуде. Мұнда өткен жылда болған бір тексеруде сауда орындарында өткізілуге тиісті өнімнің 54 проценті фабриканың өзіне қайта қайрылды. Сол сияқты Қызылорда тігін фабрикасының өткен жылдың бірінші жартысында шығарған өнімдерінің сегізден бір бөлігі брак болып шықты.

Машина-жабдықты жөндейтін кәсіпорындар мен құрылыстарда да сапасыз жұмыс едәуір орын алып жүр. Алматының автомашина жөндейтін заводтарында жүк автомашиналарының моторы күрделі жөнделуден өтеді. Бірақ олардың жөнделу сапасы өте нашар. Күрделі жөнделуден өткен ГАЗ-51 маркалы автомашинаның моторы кемінде 55 мың километр жол жүруге жарамды болудың орнына 10—15 мың километр жол жүргеннен кейін-ақ қайтадан істен шығады. Түрген заводында жөнделген моторлар сапасы да нашар болып жүр.

Бұл заводтарда жөндеу жұмыстарының сапасыз болуының негізгі себептері мынадай: оларда өндіріс жұмыстары нашар ұйымдастырылған, өндіріс технологиясы өрескел бұзыла береді, оның үстіне жұмыс сапасын тексеру жоқтың қасында. Осыларға байланысты қызметкерлердің өзіне талсырылған іске жауапкершілігі кеміген, ал олардан жауапкершілікті қатаң талап етіп отырған басшылар да жоқ.

Өнім сапасын жақсарту жолындағы бүкіл халықтық күресте Москва мен Ленинградтың озат завод, фабрикалары коллективтері бастамасының маңызы зор. Олар еліміздің барлық жұмысшы, қызметшілерін, инженер-техник қызметкерлерін өнім сапасын таяудағы үш-төрт жыл ішінде дүние жүзілік жақсы үлгілер мен стандарттар дәрежесіне жеткізу үшін социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырды. Бұл игі бастаманы партияның Орталық Комитеті мен Одақтық Министрлер Советі қуаттап қаулы алды.

Қазір республикамыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері москвалықтар мен ленинградтықтар шақыруына қызу үн

қосып, өнім сапасын жақсарту, оның шыдамдылығын арттыру жөнінде нақты міндеттемелер алуда. Бұл жарыстың көрнекті нәтижелерге жеткізетініне сенім зор. Бұған жұмысшылар мен қызметшілердің ынта-жігері, өндірістік белсенділігі кепіл. Біздің елде халық бастаған, партия қолдап демеген іс өзінің игі жемісін бермей қоймайды.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс сапасы астықтың, тағы басқа дақылдардың түсімділігімен, мал шаруашылығының өнімділігімен, егістік жердің әрбір гектарынан алынған өнім мөлшерімен өлшенеді. Бұлар жөнінде колхоздар мен совхоздардың соңғы жылдарда елеулі табыстарға ие болғаны белгілі. Бірақ шығар биікке әлі жеткеніміз жоқ.

Партия мен үкімет соңғы кезде ауыл шаруашылығының коммунистік құрылыстың өскелең талаптарына толық сай емес екенін ескеріп, оны қауырт көтеру саясатын жүргізді, әлі де жүргізуде. Қазір осы мақсатпен ауыл шаруашылығын химияландыру, өндіріс жұмыстарын жаппай түгел механикаландыру шаралары кең көлемде қолға алынуда. Биыл ауыл шаруашылығын өркендету үшін 5,7 миллиард сом күрделі қаражат жұмсалмақшы, бұл өткен жылдағыдан 18 процент артық. Қазақстан ауыл шаруашылығын өркендетуге биыл күрделі қаражат өткен жылдағыдан 21,7 процент артық жұмсалады. Тек биылдың өзінде ғана республиканың колхоздары мен совхоздарына 22,6 мың трактор, 8,8 мың астық комбайны, тағы басқа көптеген машина-жабдық беріледі. Бұлар ауыл шаруашылық жұмыстарын агротехникалық қолайлы жағдайда өткізуге мүмкіндік береді. Ендігі міндет мұншама қуатты техниканы неғұрлым толық та өнімді пайдалана білуде болып отыр.

Техниканы алдағы егістік жұмыстарға сапалы әзірлеп, неғұрлым толық та өнімді пайдалану үшін күреске республиканың Новоишим совхозының механизаторлары мен мамандары бастаушы болып отыр. Бұл бастаманы республикамыздың барлық механизаторлары қостауда. Партия ұйымдары, шаруашылық басшылары төменнен басталған бұл қозғалысқа мұрындық болып, оны кең көлемде ұйымдастыра білуі керек. Сөйтіп көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының барлық түрін, әсіресе ауыл шаруашылық машиналарын сапалы әзірлеп, оларды неғұрлым өнімді пайдалануға сай тұру — қазіргі жауапты да шұғыл міндет.

Елімізде ауыл шаруашылығын өрге бастырып, азық-түлікті барынша мол өндіру мақсатымен колхоздар мен совхоздарда шаруашылықты жоспарлаудың жаңа тәртібі белгіленді. Мемлекеттік жоспарда жыл сайын өндірістің өсуіне сәйкес ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерін сатып алудың көлемі белгіленеді. Осыны негізге алып, республикалық, өлкелік, облыстық, аудандық ұйымдар колхоздар мен совхоздарға нақты тапсырма береді. Онда мемлекетке сатылатын өнімдердің көлемі, түр-түрі, сапасы көрсетіледі. Бұл тапсырма колхоздар мен совхоздарға берілген бүкіл халықтық заказ болып саналады. Өйткені онда совет мемлекетінің, қоғамның негізгі өнімдер жөніндегі қажеті бейнеленген.

Әрбір колхоз бен совхоздың коллективі мемлекеттік заказды негізге ала отырып, түрлі дақылдарды өндірудің көлемін, егістік жердің неғұрлым тиімді құрылымын, мал шаруашылығын өркендетудің бағытын өздері анықтайды. Олар шаруашылықтың табиғи, жер жағдайын мұқият ескере отырып, дақылдың әрбір түрінен, малдың әр түлігінен қаншалық мөлшерде өнім алу керек екенін өздері белгілейді. Мұның бәрі алдымен мемлекеттік тапсырманы орындау міндеттеріне бағындырылу керек.

Партия мен мемлекеттің қазіргі кезеңдегі саясатының өзекті мәселесінің бірі — халықтың әл-ауқат тұрмыс дәрежесін барған сайын көтере беру, өндіру мен тұтынуды шебер ұштастыру.

Біздің партия халықтың әл-ауқат дәрежесін тынбай көтере беру-

ді, оның тұрмыстық қажеттерін өтеуді өзінің қасиетті міндеті деп біледі. Бұл жөнінде партияның жаңа Программасында былай деп көрсетілген: «Совет Одағының Коммунистік партиясы бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы бар міндетті — Совет Одағында капитализмнің қай еліндегіден болса да ең жоғары тұрмыс дәрежесі болуын қамтамасыз ету міндетін алға қойып отыр».

Программада белгіленген бұл міндетті орындау үшін алдымен өндіріс көлемін үздіксіз ұлғайта беру керек, тұтыну заттарының мол қорын жасау қажет. Социалистік өндірістің түпкі мақсаты — халықтың тұтыну қажетін өтеу. Ал тұтынудың өзі өндірістің ұлғаюы негізінде өсе отырып, өндірістің барған сайын алға басуына күшті әсер етеді. Өндіріс пен тұтыну арасындағы бұл диалектикалық байланыс тек социалистік қоғам жағдайында ғана неғұрлым толық көрінеді. Сол себепті де социализм жағдайында өндіріс дағдарысқа ұшырап, тоқырамайды немесе кері кетпейді, үздіксіз ілгері баса береді.

Социалистік өндірістің үздіксіз дамуы халықтың тұтыну дәрежесінің де ұдайы арта беруіне материалдық арқау болады. Бізде іс жүзінде осылай болып та отыр. Халықтың тұтынуы өсуінің жарқын бір көрінісі — ұлттық табыстың үздіксіз өсуі. Ұлттық табыс биыл елімізде 8 процент өседі, яғни ақшалай алғанда, ұлттық табыстар биыл өткен жылдағыдан 14 миллиард сомға артық болады деген сөз. Ал еңбекшілердің нақты табысы биыл өткен жылдағыдан 7,3 процент артық өспек. Бұл — нақты табыстың 1959—1964 жылдар арасындағы жылма-жылғы өсу қарқынынан екі еседен аса артық.

Еңбекшілердің нақты табысының және ақшалай жалақысының өсуі негізінде олардың товар сатып алу қабілеті де артып келеді. Республикамызда соңғы алты жылда бөлшек сауда көлемі 70 процент ұлғайды. Бұл уақытта халықтың тұтынуы үшін сатылған ет 2,2 есе, сүт және сүт өнімдері 2,5, киім 2, мебель 4,4, кір жуатын машина 8,8, телевизор 4 есе артық сатылды. Биыл халық тұтынатын товарлар өткен жылдағыдан 6,7 процент артық сатылады. Ал еңбекшілерге тұрмыстық қызмет көрсетудің көлемі биыл 29 процент ұлғаяды.

Дегенмен еңбекшілердің тұтыну қажеттерін өтеу, оларға тұрмыстық қызмет көрсету жөнінде кемшіліктер де жоқ емес. Жоғарыда көрсетілгендей, тұтыну заттарының бірсыпырасының сапасы өскелең талаптарға сай келмейді. Қазір халыққа көрсетілетін тұрмыстық қызметтің жалпы көлемі жеткіліксіз болумен бірге олардың сапасын жақсарту жөнінде де бірсыпыра нақты шараны қолға алуға тура келеді.

Халық шаруашылығының барлық саласының үйлесімді дамуына және олардың арасында дұрыс ара салмақтың орнауына жету үшін бүкіл экономикалық жұмыстың дәрежесін тынбай арттыра берудің маңызы зор. Ал бұл үшін экономикалық білімдерді, әсіресе оның теориялық саласы — маркстік-лениндік саяси экономияны оқып-үйрену, социализмнің экономикалық даму заңдарын игеріп, оларды дұрыс қолдана білу керек болады.

Рас, соңғы жылдарда шаруашылық қызметкерлерінің экономикалық білім алуға және оның дәрежесін көтеруге ынтасы артты. Партия оқуы жүйесінде экономикалық үйірмелер мен мектептер көбейді. Мұның бәрі жақсы-ақ. Бірақ экономикалық жұмыстар, кадрдың экономикалық білім дәрежесінің көтерілуі әлі де жеткілікті емес. Партия ұйымдары, шаруашылық басшылары мұны мықтап ескеруге тиіс.

Біздің партияның социалистік қоғамның экономикалық даму заңдарына сай белгіленген, маркстік-лениндік теорияға негізделген ғылыми саясаты елімізді табыстан-табысқа жеткізіп келеді, бұдан былай да жеткізе береді. Бұған партия саясатын совет халқының жаппай қолдауы кепіл.

Ұлттардың өндірістік коллективте жақындасып, бірігуі

С. КЕНЖЕБАЕВ

Белгілі бір тарихи дәуірде туатын заңды құбылыс сияқты ұлт та ешқандай өзгеріссіз, бір орында тапжылмай тұрып қалмайды. Қоғамдық-тарихи дамудың барысында ол да объективтік өзгерістерге ұшырайды. Қоғамның алға басуына, өндіріс тәсілінің онан әрі жетілуіне байланысты ұлттық томаға-тұйықтық пен ұлттық окшауланушылық бірте-бірте жойыла бастайды. В. И. Ленин кезінде «Қоғамдық өмірдің бүкіл барысы барлық ұлтты өзара жақындасуға әкеліп жеткізетініне біз кәміл сенеміз» деп атап көрсеткен болатын (Шығармалар, 20-том, 62-бет).

Өндіріс — қоғамдық өмірдің арқауы. Бұл, түптеп келгенде, қоғамдық қатынастардың күллі түйінін, қоғам өмірінің барлық саласын белгілейді. Өндіріс — адам баласының жасампаздық іс-әрекетінің айнасы, шешуші орны.

Өмірге қажетті материалдық игіліктерді жасау қоғамның басты өндіргіш күші — адамдардың жеке-дара емес, қоян-қолтық араласып, белгілі бір топқа бірігіп еңбек етуін талап етеді. К. Маркстің сөзімен айтсақ, қоғам жеке адамдардың коллективтік күшке бірігуіне зару.

Адам баласы өзінің экономикалық және рухани қажеттерін өндірісте басқалармен жан-жақты байланыс жасау арқылы ғана өтей алады.

Еңбек коллективі адамдардың белгілі бір мақсатқа жету жолындағы қауымдасқан іс-әрекетінен туады. Еңбек коллективінің табиғатын материалдық игіліктерді өндіру тәсілі, әлеуметтік-экономикалық формация белгілейді. Антагонистік қоғамдағы өндірістік коллективте жолдастық қарым-қатынас пен өзара көмек деген болмайды. Мәселен, капиталистік өндіріс тәсіліндегі еңбектің өзара көмек сыпаты болмайды. Капитализм тұсында адамдар бір-біріне қарсы қойылады, капиталистік жеке меншіктің үстем болуы адамдардың, ұлттардың араздығын қоздырып, оларды жеке-даралыққа, томаға-тұйықтыққа баулиды.

Социализм, социалистік меншік адамдарды ортақ мақсатқа жетуге біріктіріп, жаңа сападағы өндірістік коллективті туғызды. Партия коллективтік меншік пен еңбек адамдарды сөзсіз жақындастырады, ұлттық окшаулану мен ұлттық езгіні жояды деп үйретеді.

Социализм жағдайындағы өндірістік коллектив — қоғамдық пайдалы мақсатқа жету үшін бірлескен қызмет үстіндегі жолдастық қарым-қатынас пен саналы түрдегі өзара көмектің негізінде қалыптасатын материалдық игіліктерді жасаушылардың идеялық жағынан топтасып, ұйымдасқан бірлестігі. Өндірістік коллективтерде жан-жақты, бір-бірімен өзара тығыз байланысты процестер жүзеге асырылады. Бұларға адамдардың еңбек етуі, коммунистік қоғамдық қатынастардың дамуы, өндіріс қызметкерлерінің еңбегі мен өзара қатынасының сипатындағы жаналық өркені, ой еңбегі мен дене еңбегінің, әр түрлі әлеуметтік топтардың арасындағы айырмашылықтың жойылуы, түрлі ұлт адамдарының жақындасуы, тағы басқалар жатады.

Ұлы мақсаттың ортақтығы, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын бірлескен күш-жігер арқылы жасау міндеті, социалистік ұлттар мен ұлттық топ еңбекшілерінің туысқандық бірлігін онан әрі нығайта отырып, ірі өндіріс орталықтарында, құрылыстарда көп ұлтты өндірістік коллективтердің қаулап өсуіне жеткізеді.

Қазір өндіргіш күштерді ұлт республикасының шеңберінде ғана қарауға болмайды. Көп ұлтты өндірістік коллективтердің құрылуы коммунистік экономиканың дамуының объективті заңдылығы болып табылады. Мәселен, жетіжылдықтың екпінді құрылыстарын, металлургия алыптарын, гидротехникалық және энергетикалық жүйелерді, тағы сондайларды бірер республиканың өз күш-қуатымен жүзеге асыру мүмкін емес. Коммунистік құрылыстың ұлы міндетін барлық социалистік ұлт өкілдерінің біріккен ынтымағы, күш-жігері арқылы ғана орындауға болады. Сондықтан да сан мыңдаған адамның еліміздің тұс-тұсынан келіп ірі-ірі өнеркәсіп орталықтарына, алып құрылыстарға, тың игерілген аудандарға қоныстануы әбден заңды. Бұл ретте Қазақстан халықтар достығының алтын ордасына айналып отыр.

Россиядағы Братск су электр станциясы мен Түркменстандағы Қарақұм каналы, Қазақстан тыңындағы совхоздар мен Украинаның жана да қуатты домналары, қысқасы, совет жерінде жасалып жатқан ірі құрылыстардың бәрі — көп ұлтты өндірістік коллективтердің еңбеккер қолымен, қайнаған күш-жігерімен, творчестволық ойының даналығымен жасалуда. Бұл коллективтерге еркін де тең праволы халықтардың сан алуан өкілі өз ықтиярымен бірлесіп отыр. Олардың бәрі лениндік партияның туы астында тату-тәтті, бір семьяның мүшесіндей бақытты өмір сүріп, еңбек етуде.

Ал капиталистік өндірістік қатынас, бұған керісінше, ұдайы ұлттық араздық пен оқшаулануды қоздырып отырады, «адам адамға — қас» деген айуандық моральды барынша дәріптейді. Американың және басқа да капиталистік елдердің кәсіпорындарындағы адамдардың құрамы көп ұлтты бола тұрса да, түрлі ұлт өкілдерінің жұмысшылары арасында ешқандай теңдік жоқ; онда негрлерге, басқа елден келгендерге жаалақы аз төленеді, оларға тек қара жұмыс беріледі.

К. Маркс адамдар арасындағы қарым-қатынастың капитализмге тән сипатын ашып, капитализм заманында өзара көмектің болуы мүмкін еместігін көрсетіп берді. К. Маркс капитализм тұсында жұмысшыларды бірлескен еңбекке жұмылдыру олардың өз еркімен болған жағдай емес, оларға сырттан танылған дүлей күштің салдары деп қарайды. Онсыз қосымша күн өндіру мүмкін емес. Біріне бірі қарама-қарсы таптық қоғамда еңбекке деген ынталылық тежеулі, жеке адамның қабілет-дарының әрі қарай өрістетуге қажетті жағдай жасалмайды. К. Маркс өзінің «Экономикалық-философиялық қол жазбасында» жұмысшы өндіретін заттар дүниесі неғұрлым қуатты, пәрменді болған сайын, оның ішкі рухани дүниесі соғұрлым саязданып, жүдей береді деп атап көрсеткен болатын. Жұмысшы өз қолымен шығарған затына әлдеқалай бір жат, өзіне үстемдік етуші күш ретінде қарайды, ал өзінің іс-әрекетін — қасірет, михнат деп біледі.

Түрлі ұлт адамдары арасындағы шынайы жолдастық қарым-қатынас тек социализм жағдайында ғана қалыптасады. Социализм ғана халықтарды теңдікке, адамгершілікке, туысқандыққа жеткізеді.

Социалистік қоғам — коллектившілдер қоғамы. Социализм тұсында қоғам мүшелері өндіріс құралына түгелдей өздері ие. Совет адамдарының өмірі коллективпен нық байланысты. Тек коллективте ғана адамдардың өзара көмек қарым-қатынасы орнайды. Бұған өндіріс құралына қоғамдық меншік пен өндірістің бірыңғай мақсаты негіз болады.

Түрлі ұлт өкілдері бар өндірістік коллектив белгілі бір ұлт өкілінің тәжірибесіне қарай бейімделмейді, қайта қазіргі заман техникасының, ғылымның даму дәрежесіне және еңбектің озық әдістеріне сүйенеді. Солай дегенмен де ол түрлі ұлттардың тарихи қалыптасқан дағдылары мен еңбек тәжірибесін жоққа шығармайды. Бұлар жаңа техникалық талаптармен бірлесіп еңбек әдістерін толықтырады, оларды молықтыра, байыта түседі, өндірістік коллективтің бүкіл қызмет дәрежесін арттыруға сеп-

тігін тигізеді. Тек техникалық прогрестің объективтік даму барысына кесірін тигізетін, қазіргі уақытта ешбір кәдеге жарамайтын дәурені өткен, көне әдістер ғана қабылданбайды.

Өндірістік коллектив түрлі ұлт өкілдерінің жақсы қасиеттерін бойына сіңіре отырып, адамдарды коммунистік іскерлікке, жанашылдыққа үйретеді, өздеріне тапсырылған жұмысты батыл алға бастыруға, оны мемлекеттік және партиялық тұрғыдан шешіп отыруға баулиды, еңбекшілердің практикалық қызметінің өрісін кеңейтеді.

Мақсат-тілегі, дүниеге көзқарасы, өмірлік мүддесі бір түрлі ұлт адамдары негізінен алғанда коллективтегі бірлескен еңбек үстінде бірін-бірі түсініп, ұғына алады. Көп ұлтты коллективтің әрбір мүшесі белгілі бір ұлттың тарихи тәжірибесін, мәдениетін, ізгі әдет-ғұрпы мен дәстүрін игеруші және онан әрі таратушы болып саналады. Олардың қай-қайсысы болса да әрбір жаңалықты уағыздап, оны ортақ игілікке айналдырады. Мұндай прогрестік белгілердің әбден екшеліп, көп ұлтты коллективтің мүддесіне, талабына сай келетіні, сын тезінен өткені ғана алынады. Қазіргі коллективтің әрбір мүшесі түрлі ұлттың еңбегі мен тұрмысының озат үлгілеріне ие болуда. Демек, олар бірін-бірі мәдени-рухани, еңбек дағдысы мен техникалық жетістік жағынан байытып, өмірдің күллі саласында ортақ қасиеттер мен игі дәстүрлерді, еңбек үлгілері мен әдістерін барған сайын кемелдендіріп, әрлендіріп дамыта түседі. Яғни К. Маркстің айтқанындай, «әрбір ұлт басқалардан үйрене алады және үйренуге тиіс те» («Капитал», Бірінші том, 16-бет).

Социалистік қоғамда еңбек адамдары біріне-бірі жолдас, дос және бауыр. Еңбектегі, өмірдегі, оқудағы қуаныш та, сол сияқты әр адамның басындағы, өмірі мен еңбек жолындағы қиыншылық та коллективтің ортақ ісіне айналады, оларды толғандырады. Кімде-кім болсын екінші біреуге мейірбандылық көрсетіп, оған ісімен де, ақыл-кеңесімен де жәрдемдесуге даяр. Ынтымақ пен өзара көмек, өзара ылтипаттылық пен талал қоюшылық — көп ұлтты коллективке тән қасиеттер.

Өндірістік коллектив жеке адамның дарынын жан-жақты аша білу қажеттігін туғызады. Коллективтің әрбір мүшесі өз бойындағы барлық ерекшелігімен ортақ күресте лайықты орнын табады. Коллектив дәулеті ондағы жеке адамдардың қабілетіне, дарынына байланысты. Ал коллектив тәжірибесі мен оның практикалық нәтижелері жеке адамды жан-жақты көркейтеді. Ол өз таланты мен дарынын коллективте ғана өрістетуге мүмкіндік алады.

Бірлескен еңбек үстінде материалдық бағалы игіліктер жасалумен бірге, совет адамдарының жоғары адамгершілік қасиеттері де қалыптасады. Социализм жағдайында еңбектің аса терең идеялы тәрбиелік сипаты бар. М. Горький айтқандай, адамды кемеңгер де данышпан ететін еңбектің — коллективтік, ынтымақты, еркін еңбектің күшінен өзге дүниеде ешқандай күш жоқ.

Еңбек коллективінің қай-қайсысына болса да коллективтік ақыл-ой, әркім үшін жауаптылық сезім, бір-біріне деген өзара қолдау мен көмек сияқты абзал қасиеттер тән. Республика өмірінен бұған сан алуан мысал табуға болады. Мәселен, «қара алтынның» жаңа бір алыбы — Жетібайда көп ұлтты кен барлаушылар коллективі жемісті еңбек етуде. Мұнда қазақ жігіті Салық Рысқалиев басқаратын коммунистік еңбек бригадасы бар. Бригада мүшелері — әр ұлттың өкілі. Мұнда туысқан Башқұртстаннан келген Ф. Әминов, грозныйлық жұмысшы К. Кузьменко. Ембі мұнайшысы А. Жақсымбетов пен украиналық Б. Палениченко, лезгин С. Сафиханов бір семьяның адамындай тату-тәтті өмір сүріп, еңбек етуде.

Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинаты — коммунистік еңбек атағын алған аса ірі кәсіпорын. Мұнда 34 ұлттың өкілі жұмыс істейді. Комбинат коллективі мұндай атакқа түрлі ұлт

адамдарының бірлескен еңбегі, ауыз бірлігі нәтижесінде жетті. Балқыту цехының Социалистік Еңбек Ері А. Ахметжанов басқаратын бригадасында жеті адам бар. Олардың бәрі — түрлі ұлттың өкілі. А. Сокирник басшылық ететін коммунистік еңбек бригадасында 8 ұлттың адамы еңбек етеді.

Көп ұлтты коллективтің мүшелері өздерінің қажырлы еңбегімен комбинаттың, Отанымыздың даңқын әлемге әйгілі етті. Оған мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Слесарьлар И. Котов пен И. Вахрушев дүние жүзінде тұңғыш балқыған мырышты қотарып қалыпқа құятын үздіксіз өндіріс желісін жасады. Қазір Совет Одағының көптеген кәсіпорындарында И. Котовтың карусельді қотарғыш машиналары орнатылған. Туыстас Болгарияның жаңадан салынған мырыш зауытында да осы машина жұмыс істеуде. Үздіксіз өндіріс желісінің моделін Герман Демократиялық Республикасы мен Финляндиядағы, Франция мен Италиядағы совет және халықаралық көрмелерде жүздеген мың адам көрді.

Комбинатта жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін көтеруге зор көңіл бөлінеді. Мұнда 10 жұмысшының 9-ы жұмысшы жастар мектебінде, кешкі және сырттан оқытатын жоғары оқу орындары мен техникумдарда, екінші мамандықты үйрететін мектептерде оқиды.

Комбинатта жұмысшыларға инженерлік білім беретін мектеп ұйымдастырылған. Бұл — еліміздегі тұңғыш мектеп. Жұмысшылар мектепте өз мамандығы бойынша институт программасы көлемінде арнаулы білім алады. Ондаған инженер аспирантурада сырттан оқиды; олардың бірыпырасы кандидаттық диссертация қорғады.

Қоғамдық және мемлекеттік жұмыспен, ғылыммен, техникамен, әдебиетпен, музыкамен, суретпен, спортпен шұғылдану көп ұлтты өндірістік коллективтің күнбе-күнгі дағдылы ісіне айналды.

Комбинат адамдарынан жолдастық қарым-қатынас, өзара көмек, сыйластық, басына қиыншылық түскенде қол ұшын беру сынды советтік моральға тән қасиеттер көптеп табылады.

«Бәріміз — біріміз үшін, біріміз — бәріміз үшін» деген адамгершілік принциптің жемісін коллективтердің өмірінен айқын көреміз.

Қазіргі буржуазиялық социологияның өкілдері коллектив пен жеке адам жайлы аз даурығып жүрген жоқ. Олардың кейбіреуі коммунистердің «адамның мәңгілік табиғатын» өзгертуге шама-шарқы келмейді-міс деп топшылайды. Ағылшын лейбористерінің апталық «Нью Стейтсмен» журналы редакциялық мақаласында: «социализм адам табиғатын өзгерте алмайды» деп пайымдайды.

Буржуазия социологтары социализм елдерінде жеке адамдар коллектив ішінде «жоралып бара жатыр» деуге дейін барды. Олардың ойынша, коллектив жеке адамның талантын тежел, еркіне тұсау болатын сияқты. Сонымен бірге олар әлеуметтік және коллективтік байланыстардың күшеюі адамды айналасындағы дүниеге селқос, самарқау карауға итермелейді-міс деп пайымдайды. Мәселен, экзистенциалистер адамның рухани байлығын қоғамнан мүлде оқшау алып қарайды. Адамның қоғаммен байланысы неғұрлым аз болса, оның адамгершілік аржданы соғұрлым жоғары болады-мыс деп лағады олар.

Буржуазиялық социологтардың кейбіреуі коллектившілдік жеке бір халыққа ғана, атап айтқанда, орыс халқына ғана тән деп дәлелдегісі келеді. Мұндай коллектившілдікті олар ғұмыры тәуелділікке, бағыныштылыққа еті үйренген халыққа әбден сіңісті болған қасиет деп топшылайды. 1962 жылы Пристонда (Нью-Джерси штаты) шыққан американдық авторларының «Коммунизм қаупі» деген оқулығында орыстар индивидуум (жеке адам) өз қожайындарына түгелдей бағынуға және қызмет етуге тиіс деген идеяны монғолдар мен татарлардан қабылдаған деп жазады. Капитализмнің басқа сәуегейлері Россиядағы жеңіске Ленин

«орыстардың коллектившілдікке табиғи бейімділігінің» арқасында ғана жетті деп тұжырымдауда.

Мінеки, бұдан буржуазия социологиясының социалистік коллективтің мәнін, ондағы адамның жайын өрескел бұрмалап отырғаны көрінеді.

Буржуазия оқымыстылары социалистік коллективке жала жапқанда монополиялық капиталдың мұң-мүддесін көздейді. Олар, түптеп келгенде, барлық ұлт пролетарларының тығыз топтасуынан, революциялық коллективтерге бірігуінен өлердей қорқады. Сондықтан да коллективтің ролін жоққа шығарып, оның бірлігіне ірткі салуды, жеке адамды—коллективке, коллективті—жеке адамға қарсы қоюды уағыздайды.

Социализм-коммунизм адамның өсіп жетілуі үшін, оның творчестволық мүмкіндіктерінің неғұрлым толық ашылуы үшін жардайдың бәрін туғызады. Совет адамы тұтас коллективтің мүшесі болғанда, басқа адамдармен еңбек үстінде және рухани жағынан араласқанда, олармен өзара тәжірибе, ой-пікір, мәдениет игіліктерін алмасқанда ғана жан-жақты өсіп, көркейе алады. «...Жеке адамның шын мәнісіндегі рухани байлығы, — деп жазды К. Маркс, — түгелдей дерлік оның шынайы қарым-қатынас байлығына байланысты» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармаларының толық жинағы, 3-том, 36-бет).

Жеке адамның бойына дарыған талант пен дарын социалистік коллективте ғана өзінің тамаша жемісін береді. Коллектив адамға аса зор моральдық күш береді, оның өзіне деген сенімін арттырады, өз мүшесіне үнемі қамқорлық жасап отырады.

Патша өкіметі еңбекші қазақ халқын надандықта ұстады, елдің өндіргіш күштерінің дамуын көпе-көрінеу тежеп келді. Бұл саясаттың айқын сипаттамасын мынадан да көруге болады. «Мен қырғыздардың мәңгі-бақи көшіп-қонып жүретін малшылар болып қала беруін, олардың еш уақытта да егін салмауын және тек ғылымнан ғана емес, тіпті қол өнерінен де құралақан калуын барлық ниетіммен тілеймін» деп жазды патша әкімдерінің бірі.

Социалистік құрылыстың дамуы мен туысқан халықтардың бірлескен еңбегінің тарихы әлдеқашан-ақ бұл сияқты зымиян пікірдің күлталанғанын шығарған-ды. Байырғы малшы-қазақ көп ұлтты социалистік коллективке қосыла отырып, солардың жемісті ықпалының нәтижесінде, озат жұмысшылардың — орыстардың, украиндардың күнбе-күнгі көмегімен және ұлт республикаларының экономикалық дамуына партия мен үкімет тарапынан жасалып отырған әкелік қамқорлықтың арқасында техниканы ерттеп мініп, сан алуан мамандықты шебер меңгеріп отыр. Қазіргі қазақтардың ішінен майталман комбайншыны да, электровоз машинисін де, кен мастерін де, моторшы мен слесарьды да, кемеші мен ұшқышты да және басқаларын көп кездестіруге болады.

1931 жылы Қарағанды көмір бассейнінде жергілікті ұлттан бірде-бір инженер немесе техник жоқ еді. Ал 1935 жылы бұлар комбинаттағы инженер-техник қызметкерлердің жалпы санының 4,3 проценті, 1957 жылы — 8,4 проценті, 1962 жылы—12,9 проценті болды. Республикада соңғы он жылдың ішінде қазақ зоотехниктері 15 еседен астам, ал мал дәрігерлері сегіз еседей көбейді.

Мұндай келелі өзгеріс республика еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесі жағынан бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен өрге басқанын айқын дәлелдейді. Бұл, екінші жағынан, ұлт республикаларында кадр даярлау мәселесіне де көп ұлтты өндірістік коллективтің жан-жақты ықпал етуінің тамаша айғағы болып саналады.

Әр түрлі ұлт өкілдерінің еңбек дағдыларында болып жатқан өзгерістер, ғылым мен техника жетістіктерінің өндіріске кеңінен енгізілуі В. И. Лениннің халықтың көшіп-қонуы, ірі индустриялық орталықтардың, тағы басқалардың ықпалы — осының бәрі өндірушілер сипатына терең өзгеріс енгізбей қоймайды деген сөзінің дұрыстығын дәлелдейді.

Көп ұлтты өндірістік коллективтің өсуі — халықтың таптық құрылымындағы түбегейлі өзгерістердің де тікелей көрінісі. Бүкіл елдегі және әрбір ұлт республикасындағы халықтың ішінде жұмысшылар мен қызметшілердің саны барған сайын артуда. Олардың үлес салмағы 1939 жылы 52,5 процент болса, 1959 жылы 68,3 процент болды. Бұл екі арада шаруалардың үлес салмағы 44,9 проценттен 31,4 процентке кеміді.

Жұмысшылар мен қызметшілердің саны экономикалық және мәдениет жағынан бұрын артта қалған ұлт республикаларда шапшаң қарқынмен өсті. Егер Совет Одағын тұтас алғанда халық шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1926 жылдан 1959 жылға дейін 6 есе өссе, ал Орта Азия республикалары мен Қазақстанда 10 есе өсті. Қазақстан тыңындағы совхоздарда жұмысшы табының жаңа тобы өсіп жетілді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау барысында ұлттардың әлеуметтік біртектілігі барған сайын күшейе түседі. Бұл жөнінде таптар арасындағы шектің жойылуы — аса маңызды шарттың бірі. Партияның жаңа Программасында атап көрсетілгеніндей, коммунизм жеңісіне жеткен жағдайда ұлттар бір-бірімен бұрынғыдан да күшті жақындасады, олардың экономикалық, идеялық бірлігі артады, рухани бейнесінің ортақ коммунистік сипаттары дамиды.

Социалистік ұлттардың өзара жәрдемі мен қарым-қатынасына негізделген өндіргіш күштердің барлық республикада қаулап өсуі, оның көрінісі ретінде көп ұлтты өндірістік коллективтердің үздіксіз молаюы, ұлттардың әлеуметтік құрамының өзгеруі, олардың арасындағы шаруашылық және мәдени байланыстың ұлғаюы мәдениетте, моральда, тұрмыста, дәстүрде ортақ белгілердің тууына себепші болады.

Сонымен, өндірістік коллектив бірлескен еңбек пен тұрмыстың, еңбек адамдарының туысқандық достығының тамаша өнегесін бейнелеуде. Бұл коллектив — коммунизм орнатудағы ең негізгі, ең шешуші күш. Мұндай коллективтегі еңбек түрлі ұлттың адамдарын жақындастырады, оларды ортақ мақсат-мүдде үшін күреске жұмылдырады, бірте-бірте ұлттық айырмашылықты жоюға ықпал етеді.

Совет адамдарының коллективтегі тұрмыс сәулеті, партияның, мемлекеттің және қоғамдық ұйымдардың тәрбиелік жұмысы жасампаз әрі интернационалистік адамның қалыптасуына күшті әсер етеді.

В. И. Лениннің бейнелеп айтқанындай, көп ұлтты коллектив «Ұлттық айырмашылықты ұнтақтайтын диірменге» ұқсайды. Бір коллективте қоян-қолтық араласып еңбек еткен түрлі ұлттың адамдары бірін бірі жақсы түсініп, етене туыстасады, олардың мәдени тұрмысы мен семья жағдайында ортақ мүдделі өзгерістер өрістеп қанат жаяды.

Интернационалдық коллективтерде ұлттардың өзара ұғынысуы, өзара рухани баюы мен жақындасуы күн сайын өрби береді. Көп ұлтты өндірістік коллектив — біздің елде коммунистік құрылысты кеңінен өрістетуге жағдайында социалистік ұлттарды жақындастырудың шешуші шарттарының бірі.

Өндіріс, сауда, тұтынушы

С. ЖИЕНБАЕВ,

Қазақ ССР Сауда министрі

Халық шаруашылығын өркендетудің 1965 жылға арналған мемлекеттік жоспары мен бюджеті туралы СССР Жоғарғы Советінің V сессиясы қабылдаған заңдардың маңызы орасан зор. Өйткені, бұл заңдарда партия мен үкіметтің сәулетті болашақ сарайын тұрғызып жатқан совет халқына, оның мәдени-тұрмыс күйін жақсартуға беруге деген қамқорлық тағы да айқын бейнеленген.

Совет адамдарының әл-ауқат дәрежесін мықтап көтеру үшін сауданы, қоғамдық тамақтандыруды, еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеуді түбірінен жақсарту шаралары белгіленіп отыр. Бұл абыройлы істе өндірісіміз үлкен орын алады, ол товарлардың түр-түрін көбейтіп, жетілдіріп отыруға, товарлардың сапасын мейлінше жақсартуға тиіс. Республиканың өнеркәсібі соңғы жылдары бұл бағытта біраз жұмыс істеді. Қазақстанның өнеркәсібі кір жуатын машиналар, түрлі электр бұйымдарын, капрон, эластик шұлықты, спорт товарларын, бала велосипедтерін шығара бастады. Бұрын мұндай товарлар басқа республикалардан әкелініп жататын. Сондай-ақ тоқыма бұйымдарының, былғары галантереясының түр-түрі көбейді. Әйелдердің киім-кешегін, күнделікті тұрмыста ұстайтын зат-бұйымын шығару едәуір көбейді.

Соңғы алты жыл ішінде Қазақстанда мемлекеттік және кооперативтік сауда жүйесінде бөлшек товар айналымы 70 процент өсті. Осы уақыт ішінде ет өнімдерін сату 2,2 есе, мал майын сату 1,5 есе, сүт және сүт өнімдерін сату 2,5, овощ — 2 есе, киім, трикотаж, шұлық бұйымдарын сату екі еседен астам, былғары аяқ киім екі еседей, мебель 4,5 есе артты. Егер 1962 жылы республикамызда халықтың жан басына есептегендегі товар айналымы 362 сом болса, ол 1964 жылы 381 сомға жетті.

Биыл республикамызда сауда онан әрі кең өрістей түседі. Бөлшек саудадағы товар айналымы 4 785 миллион сом болып белгіленген. Бұл 1964 жылғыдан 6,7 процент артық. Азық-түлік товарларының қолда бар қоры халықты нанмен, макарон, жарма, қант, кондитер тағамдарымен, өсімдік майымен үздіксіз жабдықтап тұруға толық мүмкіндік береді.

Магазиндерге трикотаж, шұлық бұйымдары, тоңазытқыштар, кір жуатын машиналар, телевизорлар, электр товарлары жылдағыдан молырақ түседі. Өйткені, бұл товарларды халық көп сатып алады. Киімнің, матаның, мебельдің, кілемнің, сағаттың, радиоқабылдағыштың, электр құрал-жабдығының, ыдыс-аяқтың түр-түрі едәуір көбеймекші.

Сауда жұмысындағы үлкен ілгері басқандықтың белгісі деп мына жағдайды айтуға болады. Бұрын халық іздеп жүріп таба алмайтын, тапшы товарлардың түрі жылдан-жылға көбейе түсуде. Енді жұрт өздеріне ұнаған, керекті товарларды магазиндерден көп ретте таба алады. Қазір мата, киім, аяқ киім, кілем, ыдыс-аяқ, мебель, радиоқабылдағыш, фотоаппарат, телевизор, велосипед және осылар іспеттес мәдени-тұрмыстық шаруашылық товарларымен кең көлемде сауда жасауға мемлекеттің қоры жеткілікті.

Товар айналымының ұлғаюы сауда қызметкерлеріне үлкен жауаптылық жүктейді. Олар өздеріне жүктелген міндетті абыроймен орындау үшін сауда мәдениетін мейлінше арттыруға, сауда жүйесін кенейтіп, олардың жұмысын жетілдіруге, өздерінің іскерлігін үнемі арттырып отыруға тиіс.

Соңғы алты жыл ішінде республика бойынша бөлшек сауда жасайтын 5 500 кәсіпорын, қоғамдық тамақтандырудың 3 мың кәсіпорны жаңадан ашылды. Былтырғы жылдың өзінде ғана сауда техникасының соңғы жаңа жабдығымен қамтамасыз етілген іші кең, ішіне кірсе шыққысыз салондар, аяқ киім, жай киім магазиндерінің үйлері салынып, пайдалануға берілді. Мысалы, Қарағанды қаласында әйелдер киімін сататын «Сәуле» атты магазин, Алматы қаласында «Весна» атты галантерея магазині ашылды. Республиканың астанасында парфюмер товарларын сататын «Ландыш», азық-түлік товарларын сататын «Радуга» магазиндері ұйымдастырылды. Бұларда товардың түр-түрі мол.

Соңғы бес жыл ішінде көп жерде асхана, ресторан, кафе салынып пайдалануға берілді. Мұның өзі қоғамдық тамақтандыру орындарын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді. Рудный, Қостанай, Қарағанды, Шымкент, Павлодар, Ақтөбе, Текелі, Жамбыл, Гурьев қалаларында жұрттың бәрі барып өзінің қалаған тамағын, ішетін ресторандар, асханалар, кафелер жүйесі едәуір өсті.

Талдықорған қаласында 150 орындық «Жетісу» рестораны ашылды. Оның үйінде кафе, үйге тамақ беретін кухня, жартылай әзірленген тағам сататын магазин және кондитер цехы бар. Алматы қаласында жаңадан ашылған «Театральное», «Акку» кафелері жазда көп адам қабылдауға бейімделген. Былтырғы жылдың аяғында республика астанасында 1 100 орындық «Алматы» рестораны ашылды. Онда бірнеше кафе, банкет жасайтын төрт зал, пісірілген тағам магазині, ресторан орналастырылған. Мұнда ауаны тазартып тұратын түрлі аспаптар республикада тұңғыш қолданылып отыр. Басқа қалаларда да осындай кәсіпорындар пайдалануға берілді.

Соңғы кезде сауда және қоғамдық кәсіпорындар санының едәуір өсуіне қарамастан, сауданың материалдық-техникалық базасының жеткіліксіз дамып отырғанын атап өткен жөн.

Республиканың қала халқына бірқалыпты қызмет көрсету үшін қоғамдық тамақтандыру орындары, магазиндер әлі де жеткіліксіз. Сол сияқты азық-түлік сақтайтын тоназытқыш, қойма көлемі де қазіргі талапқа сай емес. Істің жайы осындай бола тұрса да, құрылысқа бөлінген күрделі қаржы толық игерілмей келеді. 1961—1963 жылдар ішінде республика бойынша 33,8 миллион сом күрделі қаржы игерілмей қалды. Әсіресе, өткен жылы істің жайы нашар болды. Сауда орындарына бөлінген күрделі қаржы 63 процент қана игерілді.

Егер сауда орындарының басшылары жаңа магазин, асхана, кафе тағы басқаларын салуға жете көңіл бөліп, күрделі қаржының дер кезінде дұрыс игерілуін қамтамасыз етсе, жағдай түзелген болар еді.

Жергілікті партия, совет ұйымдары сауда кәсіпорындарын салу, магазиндер, асханалар жүйесін көбейту жұмысына күнделікті бақылау жасап отыруға міндетті. Республиканың бірсыпыра қаласында сауда жүйесінің өсуі мүлде шабан. Салынып жатқан тұрғын үйлердің төменгі қабатын магазиндерге, асханаларға пайдалану жағы қайсыбір жерде ескерусіз қалуда. Бұған қалалық Советтер кейде назар аудармайды.

Жергілікті совет, сауда орындарының сауда ісінің материалдық базасын дамытуға осындай жүрдім-бардым қарауы салдарынан үлкен кемшілік орын алып отыр. Сондықтан республикадағы сауда базасының материалдық-техникалық жағынан жабдықталуы кенже қалуда. Бұл жөнінде жетіжылдықта белгіленген тапсырма орындалмай отыр.

Өздеріне ұнаған товарларды сатып алу жөнінен тұтынушыларға тиісті жағдай жасау — советтік сауданы дамытудағы негізгі бағыттың бірі. Сауда жүйесін мамандандыру, товар сатудың прогрестік түрлерін, әдістерін кеңінен қолдану осы мақсатты көздейді. Бізде аяқ киім, тігін, тоқыма бұйымдарын сату негізінен мамандандырылған магазиндерде жүргізіледі. Алматыда бұрынғы алуан түрлі товармен сауда жасайтын

ұсақ магазиндердің, палаткалардың, дүкендердің орнына, аяқ киіммен, тігулі киіммен ғана сауда жасайтын «Заря», «Восход» фирмалары ұйымдастырылды. Сауда фирмаларын құру аяқ киім, киім саудасын арнаулы магазиндерде шоғырландыруға, товардың түр-түрін көбейтуге, тұтынушылар үшін қолайлы жағдай жасауға, сауда мәдениетін арттыруға мүмкіндік беруде.

Сонымен бірге фирма ұйымдастыру магазиндердің өнеркәсіппен тікелей байланысын орнатуға, сөйтіп өндірісті тұтынушыға жақындата түсуге мүмкіншілік туғызды. Киім, аяқ киімдердің түр-түрін көбейту, сапасын жақсарту мәселелері бұрынғыдан біршама оңайырақ та тезірек шешілетін болды.

Дегенмен, көптеген сауда ұйымы сауда ісінің прогрестік түрлерін өте шабан, қаймыға қолданады. Бұл жөнінен, әсіресе Тын өлкесіндегі, Семей, Қызылорда, Алматы облыстарындағы сауда ұйымдарының кенже қалып отырғанын айта кеткен жөн. Бұларда товар сататын арнаулы магазиндердің саны өте аз.

Партия мен үкімет сауда қызметкерлерінің алдына үлкен де абыройлы міндеттер қойып отыр. Бұл міндеттерді мүлтіксіз орындау мүддесі сауда жұмысының ұйымдық, техникалық түрін, әдісін жетілдіре түсуді, сауда кәсіпорындарын материалдық жағынан жабдықтау дәрежесін арттыруды, магазин, асхана, қойма орындарын көбейтуді, сауда кәсіпорындарын техниканың жаңа түрімен жарактандыруды талап етеді. Әрине, бұл міндеттердің іске асырылуы, ең алдымен, адамдарға, сауда қызметкерлеріне байланысты. Қазір республиканың сауда жүйесінде 190 мыңдай адам істейді. Сауда қызметкерлерінің сапа құрамы жылдан-жылға жақсарып келеді.

Соңғы жылдарда халықты сауда-саттықпен қамту жұмысының дамуы, оның жақсара түсуі, әрине, мындаған сауда қызметкерінің игі еңбегінің нәтижесі болып табылады. Бізде жұмысы жұртшылыққа ұнап отырған тамаша коллективтер бар. Мысалы, Алматы қаласында «Столичный» гастрономының, «Радуга» магазинінің, балалар товары магазинінің, «Қазақстан», «Достық» ресторандарының, Қарағанды қаласындағы «Киім», «Бала бұйымы» магазиндерінің, Рудный қаласындағы «Құрылысшы» кафесінің коллективтері осылардың санатында. Бұларда М. Темірбаева, И. Ф. Александров, В. А. Ниязов, Р. Діқанбаева, К. Мақашев, У. Талжанов сияқты қызметкерлер өзінің қалтқысыз еңбегімен, сыпайыгершілігімен үлкен құрметке ие болуда. Мұндай тандаулы сауда қызметкерлерінің жұмыс әдісін көпке таратып, дүйім көпшіліктің игілігіне айналдыру — сауда жұмысындағы қасиетті міндеттің бірі болып саналады.

Амал не, кейде сауда қызметкерлері арасында саяси-тәрбие жұмысы нашар жүргізіледі. Ондай жерде тұтынушыларға қызмет ету дәрежесі төмен. Кейде тұтынушыларға дөрекілік, о жар мінез көрсету фактілері де кездеседі.

Қазіргі сатушы, жалпы сауда қызметкері білімді де парасатты адам болуға тиіс. Олардың сана-сезімі, саяси дәрежесі неғұрлым жоғары болса, жұмысы да соғұрлым жемісті болмақ.

Жергілікті совет, кәсіподақ ұйымдарының басшылары сауда қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге, олардың балаларын яслиге, бала бақшасына орналастыруға қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Республиканың сауда жүйесінде арнаулы жоғары, орта білімі бар мамандар жетіспейді. Саудада жұмыс істейтін барлық қызметшінің 10 процентінің ғана жоғары және арнаулы орта білімі бар. Қазақстанда советтік сауда институты жоқ, соның салдарынан мамандығы бар сауда қызметкерлерін даярлау мүмкіндігі бізде өте аз. Республикамызда сауда жөнінен жоғары білімді мамандар даярлайтын институт ашудың мезгілі жеткен сияқты.

Бұдан бірнеше жыл бұрын өнеркәсіптің шығарған көпшілік қолды товарларын халық көп те тез сатып ала беретін. Сондықтан ол кезде магазиндер мен көтерме сауда орындарының қоймаларында товар іркілін жатпайтын. Жұрт товар жеткіліксіз болған соң оның сапасына, фасонына, моделіне, түр-түсіне онша талап қоймайтын еді. Қазір істің жайы басқаша. Әрбір тұтынушы сырт пішіні әсем, мықты да берік, әрі арзан товарлар іздейді.

Халықты көпшілік қолды товарлармен қамтамасыз ету тағдыры товарлардың санын көбейтумен емес, олардың сапасын, түр-түрін арттырумен шешіледі. Бұл міндетті сауда ұйымдары мен өнеркәсіп қоян-қолтық тығыз байланыс жасай отырып жұмыс істегенде ғана орындауға болады.

Республиканың сауда ұйымдары соңғы төрт жылда товар айналымы жоспарын орындай алмағанын айта кету керек. Магазиндер мен көтерме сауда базаларында товарлардың нормадан тыс қоры жылдан жылға ұлғайып барады. Қазір ол 120 миллион сомнан артып отыр. Бұл халықтың сатып алу қабілетін нашар зерттеп білуден, өндіріске заказды үстірт жасаудан, қала мен село арасында рынок қорын бөлуде кейбір қателікке жол беруден болып отыр.

Товардың түр-түрі жөніндегі халықтың сұранысын, талап-тілегін үнемі зерттеу, экономикалық, ғылыми дәл мәліметтер негізінде өнеркәсіпке заказ беру — сауда басқармалары мен көтерме сауда мекемелері қызметкерлерінің өте-мөте жауапты міндеті. Сауда қызметкерлерінің заказ беру, ол бойынша товарларды дер кезінде толық алып отыру жағынан сауда қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру керек. Кейде мынадай жағдай да болады. Қайсыбір сауда қызметкері әлдеқалай болар екен деп заказ бойынша келген товарларды да «қаймығып» алмай қояды. Соның салдарынан күнделікті тұрмысқа қажетті товарлар саудасы жөнінде де елеулі кемшіліктерге жол беріледі. Жұрттың іздеген товарлары кейде магазинде болмай қалады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің IV сессиясында атап көрсетілгеніндей, сауда ұйымдары халықтың товар жөніндегі сұранысын терең зерттеп отыруға, ол жөніндегі талаптың күннен-күнге өсіп бара жатқанын еске алуға, сөйтіп, товар өндіруге ықпал жасауға міндетті. Сауда ұйымдарының жұмысты жақсы істеуі өндірістің ұлғаюына тікелей әсер етеді. Товардың түр-түрі, сапасы жөніндегі заказды неғұрлым толық та дер кезінде орындаса, сауда ұйымдары тұтынушылардың қажетін өтеу міндетін де соғұрлым жақсы атқаратын болады.

Республикада өнеркәсіп товарларын өндірудің біраз артқаны жоғарыда сөз болды. Бірақ солай бола тұрса да, товардың бірсыпыра түрі жөнінен жұртшылықтың қажеті әлі де толық өтелмей келеді. Біз бірқыдыру товарды еліміздің басқа жерлерінен әкелуге мәжбүр болып жүрміз.

Республикада сатылуға тиісті бала ойыншығының 10-проценті ғана өзімізде жасалады, сол сияқты тігулі киімнің 60-проценті ғана жеңіл өнеркәсіптің үлесіне тиеді. Қалған 40-проценті басқа жерлерден әкелінеді. Мақта матасынан тігілген әйел көйлектерінің 50-проценті еліміздің басқа жерлерінен тасылады. Былғары аяқ киім жөнінде де осыны айтуға болады.

Сауда ұйымдары соңғы бірнеше жыл бойы үй шаруасына керекті таба, қалақ, құлып, нан жайғыш, ағаш күрек, сыпырғыш сияқты құралдарды Қазақстаннан тыс алыс жерден тасып жүр. Бұған мемлекеттің көп қаржысы жұмсалды, ал республиканың кәсіпорындары өздерінде мүмкіндік бола тұрса да осындай үй тұрмысына керекті заттарды шығару жөнінде жарытып еш нәрсе істемеді. Ал оның бержағында бізде жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласындағы құрылыстың жайы мүлдем

төзгісіз. Кейбір кәсіпорындар оншақты жыл бойы салынып бітпей келеді.

Республика өнеркәсіп қызметкерлерінің товардың сапасын жақсарту, түр-түрін көбейту жөнінде атқаратын жұмыстары ұшан-теңіз. Біздегі матаның, аяқ киімнің, мебельдің, галантерея бұйымдарының көбісінің сапасы өскелең талалқа сай емес екенін ашып айтуымыз керек. Киім тігудің сапасы да онша емес. Кейде тұтынушылар магазинде тұрған тігулі киімдерді қолына алып, көрісімен-ақ теріс айналып кетеді. Өйткені, ондай киімнің олпы-солпы жері көп болады.

Былтыр көтерме сауда базалары мен мемлекеттік сауда инспекциясы Қазақ халық шаруашылығы советінің кәсіпорындары шығарған тігін бұйымдарын тексергенде оның 21 проценттен астамының шалағайлығы бар екені анықталды. Сол сияқты мех товарларының 25 проценті, бас киімнің 51 проценті жөндеу үшін кәсіпорындарға қайтарылды. Алматы № 5 тігін фабрикасында былтыр март айында даяр бұйымдардың сапасы тексерілді. Тексеруге іліккен киімнің 54 процентін сатуға түсіруге рұқсат берілмеді. Өйткені олардың көптеген ақауы бар екені байқалды. Осыған байланысты фабриканың және Алматы халық шаруашылығы советінің басшылары алдына товардың сапасын жақсарту жөнінде қатаң талап қойылып еді. Бірақ одан ешбір қорытынды шығарылмады. Сапасыз өнім әлі де шығарылуда.

Өнеркәсіпте шығарылып жүрген товарлардың сапасыз болуы сауда орындарына көп қиыншылық келтіреді. Республиканың кәсіпорындарында өндірілетін өнімдердің сапасына бақылауды күшейту керек. Біздіңше, ол үшін кәсіпорындардың қарамағындағы бақылау бөлімін одан алып, халық шаруашылығы советтеріне бағындыру керек.

Семей, Батыс Қазақстан, Қарағанды халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындары шығарған товарларға тұтынушылар кейде разы болмайды. Өйткені, бұларда товарлардың сапасы онша емес. Қазір бөлшек сауда ұйымдары көтерме сауда базаларынан, оның республикалық мекемесінен өнеркәсіпке батылырақ ықпал жасауды талап етіп отыр. Бұл өте орынды.

Сонымен қатар, мынадай жағдайды да айта кеткен жөн. Кейде бөлшек сауда ұйымдары халық сатып алмайтын, өтпейтін товарларды да қабылдай салады. Сауда мекемелерінің талабын орындағысы келмейтін кәсіпорындарға экономикалық қатаң санкция жасау әдісін қолданып отыру керек.

Өндірістің үздіксіз өсуі, товарлар сатудың үрдіс ұлғаюы сауда қызметкерлеріне үлкен жауаптылық жүктейді. Олар бұдан былай товардың түр-түріне, сапасына баса назар аударып, өнеркәсіпке талабын күшейтуге тиіс. Партияның Орталық Комитетінің ноябрь (1963) Пленумы өнеркәсіп орындары өзінің шығарған өнім сапасы жөнінен тұтынушылар алдында жауапты болу керек деп атап көрсетті. Егер өтпей, магазиндерде жатып қалса, ол үшін тек магазин ғана емес, алдымен оны шығарушылар жауап беруге тиіс.

Көпшілік қолды товарлар өндірісін жоспарлау ісінде сауда ұйымдарының заказы берік негізге алынуға тиіс. Ал заказ халықтың тұтыну қабілеті, сұранысы негізінде берілуі керек. Мұны сауда қызметкерлері мықтап ескеруге міндетті.

Кәсіпорындар жалпы өнім шығару жоспарын орындаймыз деп сауда ұйымдарының заказын ұмытып, қымбат тұратын немесе сапасы төмен товар шығарады, әрине, мұндай товарлар қоймалар мен магазиндерде өтпей жатып қалады. Былтырғы жылдың он айы ішінде Қазақ халық шаруашылығы советінің аяқ киім фабрикалары 491 мың пар аяқ киімді заказда көрсетілгендегіден кем берді. Оның есесіне заказ етілмеген шүберектен тігілген 26,6 мың пар аяқ киім шығарды. Сауда орындары қабылдамағандықтан оның көбі фабрика қоймаларында қалып қой-

ды. Мұндай жағдай Петропавл қаласындағы «Комсомолка» тігін фабрикасында, Қарағанды «Одежда» бірлестігінде орын алды. Былтыр республиканың жеңіл өнеркәсібі жалпы өнім шығару жоспарын орындағанымен, өнімдердің түр-түрі жөніндегі тапсырманы орындай алмады. Соның салдарынан 1964 жылдың өзінде ғана халыққа 12 миллионнан астам сомның өнеркәсіп товары кем берілді. Бұл кемшілік негізінен Қазақ халық шаруашылығы советіне, халықтың тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне қарасты кәсіпорындардың кінәсінен болды.

Халық тұтынатын товарлар өндірудің жоспарын орындамау, товарлардың келісілген түр-түрін шығармау, берілген заказдан ауытқу кейбір кәсіпорынның жаман әдетіне айналды. Біздіңше, жоспарлаудың жалпы өнім бойынша қолданылып жүрген қазіргі тәртібінің елеулі кемшіліктері бар. Ол халық тұтынатын товарлар өндіруді жедел ұлғайтуды қамтамасыз етпейді, жұртшылықтың сұранысындағы өзгерісті есепке алмайды, халыққа керекті бұйымдарды шығаруды ұлғайтуға ынталандырмайды.

Өнеркәсіп пен сауда арасындағы өзара қарым-қатынас түрлері қазіргіден анағұрлым жетілдіруді керек етеді. Өйткені, бұл байланыстың өзі көп ретте ресми түрде ғана болып жүр.

Халықтың товар жөніндегі талап-талғамын, тілегін зерттеп отыру үшін республикада тігулі киіммен және аяқ киіммен сауда жасайтын арнаулы фирмалар құрылды. Қазақ халық шаруашылығы советі Алматы қаласында «Салтанат» деп аталатын магазин ұйымдастырды. Сауда министрлігінде халықтың товар жөніндегі талғам-тілегін зерттеп отыратын арнаулы бөлім құрылды. Міне, халықтың товар сатып алу қабілетін, сұранысын жақсы білуге мұның бәрінің көмектесетіні сөзсіз.

Біздің ойымызша, товар шығару мәселесін дұрыс та жедел шешіп отыру үшін сауда жөніндегі мемлекеттік комитетте немесе одақтас республикалардың сауда министрліктерінде халықтың товарға деген талғам-тілегін зерттеу жұмысын бір орталықтан басқаратын орган құру керек. Ондай орган осы жөніндегі жұмысқа басшылық етіп, бағыт беріп отырар еді.

Өнеркәсіп пен сауда қызметкерлері жетіжылдықтың соңғы шешуші жылында товарлардың түр-түрін көбейтуге, олардың сапасын күрт жақсартуға, сөйтіп халықтың талғам-тілегін неғұрлым толық қанағаттандыруға барлық күшін жұмсауы керек.

Жас өспірім тәрбиесі — жұртшылық ісі

Коммунистік партия сәулетті қоғамның жарқын болашағы — жастарды Отанға шексіз берілу, өздеріне жүктелген іске аса жауапты қарау, социалистік тұрмыс ережелерін, совет заңдары мен тәртіптерін қадірлеу рухында тәрбиелеуге айрықша мән береді.

В. И. Ленин 1920 жылы комсомолдың III съезінде сөйлеген тарихи сөзінде жаңа ұрпақтың алдында тұрған айбынды міндетті белгілеп, оларды коммунистік рухта тәрбиелеу мен оқыту, миллиондаған еңбекші жастар бұқарасын коммунистік қоғам орнату күресіне белсенді қатыстыру программасын жасап берді.

Коммунистік қоғам орнату міндеті ой-өрісті, ақыл-парасатты, адамгершілігі мол адам тәрбиелеуді ерекше талап етеді. Партияның Орталық Комитетінің июнь (1963) Пленумы жас ұрпақты идеялық жағынан шындап, тәрбиелеу бүкіл партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының, күллі жұртшылықтың абыройлы парызы деп атап көрсетті.

Партия мен үкімет еңбек адамына, оның өмірлік мүддесі мен өскелең материалдық-рухани қажеттерін барынша толық қанағаттандыруға тынбай қамқорлық жасап келеді. Бұған жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысын көбейту, колхозшыларға пенсия тағайындау, олардың үй-тұрмыс, әл-ауқат дәрежесін үнемі көтеру жөнінде жүзеге асырылып отырған түбегейлі шаралар толық дәлел бола алады.

Сонымен бірге жас өспірімдерді оқыту, тәрбиелеу ісіне де айрықша көңіл бөлінеді. Қазір біздің республикада жалпы білім беретін онмыннан астам мектеп және көп балалылардың, аз жалақы алатындардың, пенсионерлер мен мүгедектердің балаларын бірінші кезекте жеңілдікпен оқытатын 161 мектеп-интернат бар. Бұларда 2,5 миллионға жуық бала оқиды. Жұмысшылардың, колхозшылардың және қызметшілердің 210 мың ұл-қызы балалар бақшасы мен яслилерде тәрбиеленеді.

Республикада балаларға арналған 56 аурухана мен консультация, 21 сәби үйі, 208 пионер үйі, натуралистердің 18 станциясы, 30 спорт мектебі бар. Бала тәрбиелейтін мекемелер жылдан-жылға көбейіп келеді. Олар үшін жыл сайын толып жатқан кітаптар, кинофильмдер шығарылады. Мұның бәрі де — партия мен үкіметтің жас ұрпаққа деген әкелік қамқорлығының жарқын айғағы.

Совет жастарына бүкіл халық қамқорлығы, тұрмыс жағдайдың ұдайы жақсаруы, олардың творчестволық еңбегі мен оқуына шексіз мүмкіндіктердің берілуі, ғылым мен мәдениет қазнасын түгел игеруге даңғыл жол ашылуы жас өспірімдерді тәрбиелеуде, олардың заң тәртібін бұзушылығына қарсы күресте және қылмыстың алдын алуда маңызды роль атқарып отырғанын атап айту керек.

Біздің елде жас өспірімдердің заңды бұзуына ешқандай әлеуметтік-экономикалық негіз жоқ. Заңды бұзу советтік-әлеуметтік құрылыстың табиғатына мүлде жат құбылыс. Жас өспірімдер арасында кездесетін социалистік тұрмыс ережелерін, заң тәртібін бұзушылық, біздіңше, олардың мінез-құлқына ата-аналар тарапынан тиісті бақылаудың болмауынан, семьядағы теріс тәрбиеден, жекелеген мектептегі тәрбие жұмысының нашарлығынан, комсомол және пионер ұйымдары жұмысының төмен дәрежеде жүргізілуінің салдарынан деп білеміз. Оның үстіне кейде ересектердің өзі балаларды орынсыз шолжандатып, жөнсіз еркінсітіп жібереді. Сонымен бірге, себепсіз оқымай қойған жас өспірімдерді

қоғамдық пайдалы еңбекке тарту, оларды коллектив ықпалына алу шаралары да тыңғылықты жүргізілмейді.

Партияның ХХІ съезі прокуратура, сот және милиция органдарының қалың жұртшылықпен байланыс жасауының түрлері мен тәсілдеріне түбірлі өзгеріс енгізді. Жеке адамға табыну кезінде қылмыскерлерге қарсы күресуге, заң тәртібін бұзушыларды тезге салып, қайта тәрбиелеуге жұртшылықтың мүлде қатыстырылмай келгені мәлім. Партия бұл теріс әдісті қатты айыптады. Жас өспірімдердің бақылаусыз қалуына және тәртіп бұзушылыққа қарсы күреске жұртшылық өкілдерінің кеңінен қатысуы — өмір талап етіп отырған көкейтесті мәселе.

Партия қоғамдық тәртіпті сақтау және заң орындарының назарын комсомол, кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдармен, тәрбие жұмысын жүргізетін басқа да орындармен тығыз байланыс жасауға аударды. Мұндай жағдайда қылмыстың барған сайын азая түсетіні белгілі. Олар социалистік тұрмыс ережелерін бұзу себептерін, жағдайларын бірлесіп анықтайды, оларға жол бермеудің тиімді шараларын белгілейді.

Соңғы жылдарда заң орындарының көптеген қызметкері жергілікті партия ұйымдарының басшылығымен жас өспірімдер арасындағы тәртіпсіздіктің алдын алу жөніндегі жұмысты біраз жақсартта түсті. Бұған Шығыс Қазақстан облысындағы Зырян қалалық прокуратурасының жұмыс тәжірибесі мысал бола алады.

Зырян қаласының прокуратурасы жас өспірімдер арасындағы заң бұзушылықтың жай-жапсарын үнемі талдап, соған орай пәрменді шаралар қолданып отырады. Прокуратура қызметкерлері, мәселен, бұзақылықтың көпшілігі қаладағы жалпы білім беретін мектептер мен кәсіби-техникалық училище оқушыларының тарапынан болғанын анықтады. Осы жайды ескере отырып, олар өткен оқу жылының басында қаланың барлық оқу орынында жас өспірімдердің жауапкершілігі туралы лекциялар оқып, әңгімелер өткізді. Бұл жөнінде олар қаланың партия, совет ұйымдарының басшылығына, жұртшылықтың көмегіне сүйенеді.

Зырян қалалық прокуратурасының тергеушісі М. Л. Козлов жолдас тергеу қорытындысын заң тәртібін бұзушылардың оқитын немесе жұмыс істейтін коллективіне аян етіп, бұл үшін жиналыстарды, көше комитеттерінің мәжілістерін пайдаланып отырады. Мұның өзі, екінші жағынан, заң тәртібін бұзушылықтың себебін ашуға және оны жоюдың жолдарын табуға көмектеседі. Атап айтқанда, Козлов жолдас М. Панов, Е. Поляков сияқты әлденеше рет ұрлық жасаған жас өспірімдердің қылмысты ісін тергеу үстінде мынандай жайды анықтады. Еш жерде жұмыс істемейтін Е. Белова, В. Трескина дегендер М. Пановтың шешесімен бірлесіп, жастарды үнемі ұрлық жасауға итермелеп отырған. Ал ұрлап әкелінген заттарды өздері жасырын сатып, «олжа» ақшаға арақ ішіп, маскүнемдікке салынған. Бұлардың үшеуі де заң бойынша айыпталып, жауапқа тартылды.

Бұл қалада жас өспірімдердің бірде-бір жат қылығы тексерусіз қалмайды. Мәселен, қаланың прокуроры Т. И. Терещенко жолдас Иванов дегеннің семьясындағы жайсыз жағдайды естіп, әкелі-балалы Ивановтарды, мектептің оқу ісінің меңгерушісін және класс жетекшісін шақырып әңгімелесті. И. Ф. Иванов үнемі семья шырқын бұзып келгенді. Прокурор бұл туралы оның жұмыс істейтін жеріне хабарлады. Дер кезінде қолданылған осындай шаралар игі нәтижесін берді. Қазір Володя Иванов сабағын жақсы оқып жүр, оған семья татулығы үлкен себепкер болуда.

Қала прокуратурасының қызметкерлері партия, совет активінің жиналысына қатысып, заң тәртібін бұзушылыққа қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстарды үнемі хабарлап тұрады.

Сонымен бірге олар жас өспірімдер арасындағы жұмыс жөніндегі комиссиямен, балалар тәрбиесі бөлмесімен, жолдастық соттармен

ұдайы байланыс жасап, оларға көмектеседі. Мұнда қазір семинар өткізу, консультация беру дәстүрге айналған.

Зырян қаласының прокуратурасы жас өспірімдердің жұмысы жөніндегі комиссия мен балалар бөлмесі қызметкерлерінің көмегі арқылы еш жерде жұмыс істемейтіндерді немесе оқымайтындарды анықтап, орналастыру жөнінде тынбай жұмыс жүргізіп келеді. 1964 жылдың ішінде қала бойынша 96 жас жұмысқа орналастырылды. Мұның бәрі қалада жас өспірімдер арасындағы заң тәртібін бұзу фактілерінің күрт азаюына әсерін тигізді. Бұл тәжірибе Қазақ ССР Прокуратурасының коллегиясында игі іс ретінде мақұлданды.

Бұл жөнінде Семей облысының заң органдары да біраз тәжірибеге ие болды. Мұнда соңғы жылдары жас өспірімдер арасында заң тәртібін бұзушылыққа қарсы күресу мәселесі партия, комсомол, кәсіподақ активінің жиналыстарында, еңбекшілер депутаттарының жергілікті советтері сессияларында үнемі талқыланып отыратын болды. Онда қала мен аудан прокурорлары баяндама жасайды. Сөйтіп, облыста жас өспірімдерді тәрбиелеуге жұртшылық өкілдері кеңінен қатыстырылады.

Қазіргі кезде облыс бойынша жас өспірімдерді заң тәртібін бұзудан алдын-ала сақтандыру, олардың еңбегін қорғау туралы заңның орындалуын тексеру және оларды жұмысқа орналастыру мәселесі жөнінде прокурордың 140-тан астам қоғамдық көмекшісі жемісті жұмыс істеп жүр. Облыстың Бородулиха аудандық прокуратурасының қызметкерлері жас өспірімдер арасында тәрбие жұмысын күшейту жөнінде құнды бастама көтерді. Мұнда аудандық ар-намыс соты құрылды. Бұл жастарды тәрбиелеу жөніндегі парызына селқос қараушыларға да қоғамдық ықпал жасайды. Оның нәтижесі де жаман емес. Өткен жылдың ішінде Семей облысында заң тәртібін бұзу фактілерінің едәуір азайғаны осыны дәлелдейді. Былтыр жауапқа тартылған жас өспірімдердің саны едәуір кеміді.

Республика көлемінде жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне жұртшылықтың кеңінен қатысуын дәлелдейтін мысалдар аз емес. Бұл жөнінде Екібастұз қаласының бағалы бастамасы бүкіл жұртқа аян. Шахтерлер қаласы Екібастұзда балаларды коммунистік рухта тәрбиелеу мәселесі былайша қойылып отыр: әрбір ересек адам әр балаға жауапты, барлық ересек адам бүкіл балаға жауапты. Қала еңбекшілері Екібастұзды балалар мен жастарға коммунистік тәлім-тәрбие берудің үлгілі қаласына айналдыруды ұйғарды. Қалалық партия комитеті тиісті шаралар белгілеп, жастарды тәрбиелеуге күллі қауымды белсенді қатыстыруды қолға алып отыр. Қазіргі кезде бұл қаладағы жас өспірімдер арасында заң тәртібін бұзушылар жоқ десе де болады.

Соңғы кездері жастарға коммунистік тәрбие берудің сан алуан түрлері мен тәсілдері пайда болды. Өскемен қаласында балалар мен жас өспірімдердің бос уақыты мен демалысын дұрыс өткізу ниетінде аула клубтары ұйымдастырылған. Бұл клубтардың жас жеткіншектерді мекенді жерінде тәрбиелеудің ұтымды, әсерлі құрал екені іс жүзінде көрініп отыр. Бұған дейін жас өспірімдер сабақтан бос уақытта көбінесе бақылаусыз жүретін. Мұның өзі олардың қоғамға пайдалы іспен шұғылданбай, тәртіпсіздікке бой ұруына әкеп соғатын. Аула клубтары оларды мұндай жолсыздықтан сақтауға, жас өспірімдердің бос уақытын мәнді де көңілді өткізуіне игі әсер етуде.

Соңғы кезде жас өспірімдердің заң тәртібін бұзуына жол бермеу, ол үшін алдын-ала шаралар қолдану мәселелері жергілікті Советтердің сессиясында, атқару комитеттерінде, партия комитетінің активтерінде, бюро мәжілістерінде арнайы кеңінен талқылана бастады. Партия, совет органдарының бұл мәселеге баса назар аударуы — жас өспірімдер арасындағы тәрбие жұмысын жақсартудың аса маңызды шарты.

Жас өспірімдерді заң тәртібін бұзушылықтан сақтандыруда бұл мәселемен шұғылданатын комиссиялардың жұмысын дұрыс ұйымдастыра білудің маңызы ерекше. Бұл комиссиялардың міндетіне алдын-ала сақтандыру, тәрбиелеу және заң тәртібін бұзушыларға қарсы тікелей күрес жүргізу, еңбек түзеу-тәрбие мекемелерінің қызметін бақылау сияқты жұмыстар жатады.

Сонымен бірге бұл комиссиялар жас өспірімдердің бақылаусыз қалуына жол бермеу және заң тәртібін бұзушылықты жою міндетін оларды тудыратын себептер мен жағдайларды ашу арқылы жүзеге асыруға тиіс. Бұл комиссиялардың қолында үлкен өкілдік бар, олар соны пайдалана отырып, тәрбиелік шараларын кеңінен қолдана алады. Бірақ көптеген комиссия әлі де болса өзінің міндетін толық орындамай келеді. Олардың көпшілігі тәртіп бұзушыларға қарсы алдын-ала шара қолданудың, оларды коллектив ықпалы арқылы жолға салудың орнына бірден-ақ жаза берумен немесе бостан-босқа еңбек-түзеу орнына жібере салумен тынады.

Мұнда іске ресми қарау орын алуда, кейде тіпті өрескел қателіктерге де жол беріліп жүр. Мәселен, Жамбыл облысы Новоиванов мектебінің 6 класс оқушысы Семенов Алексейді мұндағы комиссия сабақ үлгермегені үшін ғана айыптап, еңбек түзеу орнына жіберген.

Республиканың көп кәсіпорны мен құрылысында, совхозы мен колхозында жас өспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеуге жеткілікті назар аударылмайды. Олардың еңбегіне, мәдени-тұрмыс жағдайына қамқорлық жеткіліксіз. Жастардың кейбір бөлегі қоғамдық ұйымдар мен коллективтің назарынан тыс қалады.

Қарағанды облысында заң тәртібін бұзушылардың дені жұмыстарылар. Ал мұндағы кәсіпорындардың кәсіподақ ұйымдары жастардың еңбек тәртібін өрескел бұзуына төзімділік жасайды. Кейде оларды жұмыстан дәлелсіз шығара салады, жас мамандардың үй-тұрмыс жағдайына, өндірістегі хал-ахуалына мән берілмейді. Тәртіп бұзудың, бұзақылықтың кейбір өрескел фактісі партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының назарынан тыс қалуда. Семья мен мектептегі тәрбие жұмысының нашарлығы, кей жерде оның жеңіл-желпі, үстірт жүргізілуі, жалған романтикаға үйірлік пен моральдық жағынан тұрақсыз жандардың теріс ықпалы — жас өспірімдерді бұзақтық жолға түсіретін басты себептерміне осылар. Прокуратура орындары тиісті партия ұйымдарының басшылығымен мұндай жайларға қарсы батыл күресуге тиіс. Ол үшін түрлі қоғамдық ұйымдармен күнбе-күн байланыс жасап, бірлесе жұмыс жүргізген жөн. Сол сияқты кәсіпорындар мен үй басқармалары жанынан құрылған семья мен мектепке көмектесу советтерінің, көше комитеттерінің, депутаттар постарының жұмысын жас өспірімдерді тәрбиелеуге, оларды оқытуға, еңбекке қатыстыруға бағындыра жүргізу керек.

Коммунизмнің белсенді де саналы құрылысшысын тәрбиелеу, әсіресе жас өспірімдер арасындағы заң тәртібін бұзушылықты және бақылаусыздықты жою жолында күресу — маңызды міндеттің бірі. Бұл міндетті абыроймен орындау — партия, совет, шаруашылық және әкімшілік орындарының, мектеп пен семьяның, күллі қоғамдық ұйымның, дүйім жұртшылықтың асыл парызы.

Қ. БЕГӘЛИЕВ,

Қазақ ССР Прокурорының аға көмекшісі,
мемлекеттік 3 класс заң кеңесшісі.

Жайылымды суландыру және мал шаруашылығы

Республика малшыларының алдында Қазақстанды еліміздің қой шаруашылығының негізгі базасына айналдыру міндеті тұр. Мұны орындауда мал жайылымын суландырудың маңызы орасан зор.

Республикада 165 миллион гектарға жуық жайылымдық бар. Мұның 88 миллион гектардайы суландырылмағандықтан толық пайдаланылмай келеді. Бұлардың қатарына Мойынқұмдағы, Балқаш жағалауының оңтүстігіндегі жайылымдар, Арал жағалауындағы Қарақұм, Қарағандының Сарыарқа жайылымдары тағы басқа да жерлер жатады.

Ал, игерілген жайылымдардағы шегенді және түтікті құдықтардың көпшілігінде су аз және олар су тартатын механизмдермен жабдықталмаған, мал суаты жасалмаған. Сонымен қатар жазғы тасқын кезінде суды бөгеп, суатқа пайдалану, тоспа су қоймасын, шүңейт жасау жұмыстары да өте нашар. Мұның бәрі шөл, шөлейт жерлердегі оты мол көптеген жайылымды тиімді пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Бұл өз тарапынан мал санын көбейтіп, оның өнімін арттыра түсуге, әсіресе, етті молайтып, жүнді көп қыркуға белгілі түрде кедергі келтіреді. Демек, оты мол байтақ жайылымдық жерді түгел суландырып, толық игеру— бүгінгі күнгі кезек күттірмейтін күрделі міндеттің бірі.

Осы мақсатпен де СССР Министрлер Советі Қазақстанда қой шаруашылығын өркендету үшін мемлекеттік қордағы дұрыс пайдаланылмай жатқан жайылымдық жерді игеру жөнінде қаулы алды. Қаулыға сәйкес 1970 жылдың аяғына дейін 143 миллион гектар, оның ішінде 1964—1967 жылдары 22 миллион гектар жайылымдық жерді суландыруға, шөл және шөлейт аудандардағы бұрын суландырылған 22,6 миллион гектар жайылымдағы су шаруашылық құрылыстары қайта құрылуға тиіс.

Республиканың шөл және шөлейт аймақтарында 1964—1965 жылдары 30, 1966—1970 жылдары 155 қой совхозы ұйымдастырылмақ. 1964—1970 жылдары жыл сайын 700—800 терең скважина бұрғыланып, іске қосылуға тиіс.

Қазақстанда жайылымдық жерді игеру қой шаруашылығымен қатар жылқы, түйе шаруашылығын шұғыл өркендету үшін де жағдай жасайды.

Жайылымды толық игеру үшін барлық мүмкіндік бар. Мемлекет мол қаржы мен техника бөлді. Суландыру үшін жер астында және жер бетінде су қорлары жеткілікті. Бұларды 8 топқа бөлуге болады.

Бірінші топ. Волга мен Жайық аралығындағы жайылымдық жер. Бұл Орал облысына қарайды. Мұндағы жер асты суы шамамен 10 метрдей тереңдікте жатады. Сондай-ақ Жайық мен Волганың құя беріс сағаларында жер асты суы мол.

Екінші топ. Гурьев облысының Бозашы және Маңқыстау түбектеріндегі жайылымдық. Мұндағы жер асты суының дені тайыз болады. Кіші-гірім көл мен бұлақ өте көп.

Үшінші топ. Ақтөбе облысындағы Сағыз, Жем және Шаған өзендерінің алқаптарындағы жайылым. Мұндағы жер асты суының тереңдігі 10—20 метрден аспайды. Бұл өзендерден тек жазғытұрым мал суаруға болады, ал күзде суы ащы болып, малға жарамсыз болып кетеді. Сондықтан өзен алқаптарынан су қоймаларын жасап, оларды жазда тасыған сумен толтырып алу керек.

Төртінші топ. Үлкен және Кіші Борсық құмдары деп аталатын жайылым орталығы. Бұл да Ақтөбе облысына қарайды. Жайылымдықтың шөбі шүйгін, суы мол. Жер асты суы тайыз және кез келген жерден шыға береді.

Бесінші топ. Қызылорда облысына қарасты Арал жағалауындағы Қарақұм жайылымы. Мұндағы жер асты суының тереңдігі 5 метрге жетеді. Жайылымдықтың батыс жағында және Қамыстыбас көлінің маңынан тереңдігі 100—200 метрлік артезиан суы ашылған.

Алтыншы топ. Қарағанды, Қызылорда облыстарындағы Сарысу, Сырдария өзендерінің төменгі ағысының аралығындағы жайылымдық. Бұл Телікөл каналымен, шегенді және құбырлы құдықтар суымен суландырылады.

Жетінші топ. Жамбыл, Қарағанды облыстарына қарасты Бетпақдала жайылымы. Мұндағы жер асты суы ойдым-ойдым әр жерде бір кездеседі. Олардың тереңдігі орта есеппен 5—20 метр болады. Сонымен қатар, Бетпақдаланың оңтүстік жағынан бірнеше артезиан суы табылған. Және де мұнда су өзінен өзі іркілетін 57 мың гектар ойпаң жер бар. Бұларға жыл сайын 30 миллион текше метрдей қар және жаңбыр суы жиналады. Кейбір жерде ойдым-ойдым әуіт (көлшік) пайда болады.

Сегізінші топ. Қызылорда, Шымкент облыстарына қарасты Қызылқұм аймағындағы жайылым. Жайылымдықтағы жер асты суының тереңдігі шамамен 2—5 метрден 20—50 метрге дейін жетеді. Кейбір жерден тереңдігі 150—400 метрге жуық артезиан суы табылған.

Барлық топтағы жайылымда жер асты суы да, жайылым оты да мол. Тек оны тиімді пайдалану үшін түрлі техникалық құрылыс, олардың жанынан суаттар салу керек. Ал жайылымдық суаттан онша қашық болмауға тиіс. Суатта шегенді, түтікті құдық, су құбыры, су қоймасы, кіші-гірім канал болуы да мүмкін. Мұның қайсысында болса да су тартатын механизм мен бассейн болуға тиіс.

Қазақстанның жағдайында бір суаттан талай отар қойды суаруға болады. Бірақ жаздың ыстық күндерінде оларды сумен толық қамтамасыз ету үшін шегенді немесе түтікті құдықтар салған тиімді. Отарлы мал жайылымы жағдайында жер асты суын пайдаланудың көп қолданылатын түрінің бірі — шегенді құдық. 1970 жылға дейін 80 миллион гектардай жайылымдық жерді суландыру үшін жаңадан 40 мыңдай шегенді құдық, 3 мыңдай түтікті құдық, 2,5 мыңдай жасанды тоспа жасау керек. Бұған қоса қазіргі 80 мыңнан астам шегенді құдықты қайта жөндеу қажет.

Шегенді «ескі» құдықтарды қайта жөндеу, оларды үйінді-салындыдан тазарту үлкен қиыншылыққа кездесіп отыр. Соңғы уақытқа дейін бұл жұмыс қолмен істеліп жүр. Оның өзі еңбек өнімін төмендетуде. Ал құдықты механизм күшімен тазартуға болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, Алматы облысының Талдықорған өндірістік басқармасында шегенді құдық «КШК-30» маркалы құдық қазғышпен тазартылды. Ол үшін бұрғылау машинасы кескіш пышақтарының диаметрі 40—47 сантиметрге дейін кішірейтілді. Бірақ батпақты жерлерде бұл әдісті қолдануға болмайды.

Сондықтан саз, саздақ, құмдақ, құмды және батпақты жерлердегі құдықты тазалап, тереңдетуге су элеваторларын пайдалануға болады. Ол үшін құдықтың су қабылдайтын бөлектерін шағын диаметрлі темір бетон шеңберлерімен бекіткен жөн. Жаңадан шегенді құдық қазған кезде де мұны ескермеске болмайды. Бұл судың мол болуын қамтамасыз етеді.

Құдықтың қабылдағыш бөлігінің балшықтанбауы үшін оның түбі мен бүйіріне сүзгі орнату керек. Қазақстанда құдықтың шегенін темір бетон шеңберлерімен бекіту көбірек қолданылады. Шеңбер салған кез-

де бетоннан жасалған ұсақ қуысты сүзгілер өте тиімді болады. Жана құдық қазғанда олардың су қабылдайтын бөлігін сулы қабатқа кемінде 3—4 метр сіңіре орнатқан жөн. Мұндай құдықтың суы әдетте мол болады.

Кейде құдықтарды біріне-бірі жақын, топтап қазған пайдалы. Мысалы, кейбір жерде жер асты суы аз (сағатына 1,1—7,3 текше метр) болып, оның деңгейі тереңде жатса, суатқа тұрақты су қорын жинау үшін бірнеше құдық қазып, олардың суын бірінен біріне ағызып жинауға болады. Бұл үшін «КШК-30» маркалы машинамен орталық құдық жасалады. Бұл негізгі құдық деп аталады. Оның екі жағынан арасы 0,5—0,7 метрдей жерден бірнеше қосымша құдық қазылады. Бұлардың тек су жиналатын бөлігі темір-бетон шеңберлерімен шегенделеді, ал жоғары жағы топырақпен көміліп тасталады. Құдықтардың су жиналатын бөліктері түтік арқылы өзара байланыстырылады.

Осылайша 15—20 текше метр су жинап, бірден 2—3 мың қойды суаруға болады. Мұндай құдықтардың жанынан суат жасауға жұмсалатын қаржы 2—3 мың сомнан аспайды.

Ал енді отарлы мал шаруашылығы үшін игерілмекші шөл және шөлейт даланың жер астындағы тайыз суы көбінесе тапшы және ащы болады. Мұндай жайылымда мал суару үшін тереңдегі жер қыртысының арасындағы суды түтікті құдық арқылы пайдаланған тиімді.

Жер асты суы малға жарамсыз болып шыққан жағдайда жер бетіндегі суды пайдаланған жөн.

Қазақстанда жер бетіндегі су біркелкі емес. Өзен суы көбінесе арнасы кең бассейнде ағады. Сондықтан да ол тасыған кезде суландыратын аймақты ұлғайтып, жемшөп қорын көбейту үшін республикада бірнеше суландыру каналы мен суару жүйесі құрылыстарын салу белгіленген. Олардың бірқатары іске қосылды, бірсыпырасы салынып жатыр.

Орал облысында салынып жатқан Орал-Көшім каналы 1 миллион 300 мың гектар жайылымдық пен 64 мың гектар шабындық жерді, Қызылорда облысындағы Қуандария және Жанадария каналдары 1 миллион, Шиелі-Телікөл каналы 100 мың гектар жерді, Гурьев облысындағы Аралтөбе каналы 300 мың гектар жайылымдық пен 25 мың гектар шабындық жерді суландырады.

Орал облысында 1964—1965 жылдары салына бастайтын Волга-Жайық каналының бірнеше суландыру жүйесі арқылы Орал, Ақтөбе, Гурьев облыстарында жалпы көлемі 500 мың гектардай егістік, 50 миллион гектардай жайылымдық, Алматы облысындағы Күрті су қоймасының суландыру және суару каналдары 100 мың гектар жайылымдық, 23 мың гектар егістік жерді суландырмақ.

Қазір Ертіс-Қарағанды каналы салынып жатыр. Канал Тын өлкесін басып өтеді де 20 миллион гектардай жайылымдықты, 3 миллион гектардай шабындықты суландырып, 200 мың гектардай егістік жерге су береді.

Гурьев облысына қарасты Маңқыстау жайылымын суландыру және мұндағы мұнай кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ету үшін таяудағы жылдарда Жайық-Маңқыстау каналы салынбақ. Бұл каналдан көптеген шаруашылықтың 10 мың гектардан астам жайылымдық, егістік жерлері суарылады.

Республиканың барлық облысында жайылымдық пен шабындықты суландыру, мал суару үшін қар суын тоқтатудың бір жолы — су бөгетін салу. Қазір республикада 3 500 су бөгеті бар. 1970—1980 жылдарға дейін бұлардың саны 2—3 есе көбеюге тиіс. Мұның өзі су қоймасынан овощ пен жүгері егісін суаруға да мүмкіндік береді.

Қар суын тоқтатудың тағы бір әдісі — шүңейт жасау. Шүңейтті елді мекенге жақын жайылымдық және суаруға қолайлы жері бар сай-

саланың бойында, ойпаң жерде, тіпті тегіс жерлерде де жасаған жөн. Шүңейт кейбір жағдайда бөгеттерден қолайлы болады. Өйткені, су тартылған жылдары тайыз бөгеттер құрғап қалады. Тегіс жерлерде жасалған шүңейт канал арқылы ағын суға жалғастырылады.

Мал жайылымында қолдан шүңейт жасау экономикалық жағынан әлдеқайда тиімді. Мысалы, бір учаскеде мал 25 күн жайылғанда, 4 отар қойды суару үшін тереңдігі 4, ені 6, ұзындығы 15 метрлік шүңейт жасауға болады. Бұған 600 текше метр су сыяды. Бұл небәрі 300—350 сомға түседі. Мұның өзі шамамен бөгеттен 4—5 есе, түтікті құдықтан 15—20 есе арзан. Демек, қар суын тоқтатудың әдісін барлық жерде де қолдану қажет.

Соңғы он жылда республикада жайылымды игеру жөнінде біраз жұмыс істелді. 57 миллион гектар жайылым суландырылып, онда 20 мың шахталы, 1940 түтікті құдық қазылды, 2 мыңнан астам бөгет салынып, 2 мың километр канал, 80 километр су құбыры тартылды. Бірсыпыра шаруашылықта құдықтан су тартатын механизмдер орнатылды. Суы өздігінен ағатын бірнеше терең скважина бұрғыланды. Бірақ жайылымды суландыру жұмысында әлі де көптеген кемшілік бар. Жергілікті су шаруашылық орындары бұл іске белсене кірісе алмай келеді. Соның салдарынан көп жұмыс орындалмай қалып отыр.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің соңғы сессиясында атап көрсетілгеніндей, Суармалы егіншілік пен су шаруашылығы министрлігі, оның жер-жердегі органдары мал жайылымдарын суландыру жөніндегі шараларды өте баяу, сапасыз жүзеге асыруда.

Республикада 88 миллион гектарға жуық жайылым, яғни жайылымның тең жартысынан астамы суландырылмаған. Бірқатар облыс, аудан шаруашылық басшыларының жауапсыздығынан көптеген жұмыс тындырылмай қалды. Әсіресе, су тартып шығару, суландыру жүйелері жеткіліксіз механикаландырылған. 24 мың шахта құдығынан 14 мың құдықтың ғана су беру жұмысы механизм күшімен істеледі.

Суландыру құрылыстарын дұрыс пайдалану және жөндеу мәселелері осы уақытқа дейін түбегейлі шешілмей келеді.

Республиканың шөл және шөлейт аймағындағы суы өздігінен ағып шығып жатқан 740 скважина мүлде пайданылмай келеді. Ал олардың әрқайсысынан мал суарумен қатар, 50 гектар және онан да көбірек жерді суландыруға болады. Мұның өзі жыл сайын кемінде 50 мың тонна жемшөп дайындауға мүмкіндік берген болар еді.

Жайылым мен шабындықты суландыру — мал шаруашылығын өркендетудің негізгі шарты. Сондықтан республикадағы әлі игерілмей жатқан жайылымдарда түрлі су құрылыстарын салып, олардың жұмысын механикаландырудың маңызы зор. Сонымен қатар қазіргі қолда бар су құрылыстарын, оның ішінде суаттарды қайта жөндеп, жаңарту керек. Мұны жүзеге асыру — барлық шаруашылық басшыларының абыройлы міндеті.

М. САБЫРОВ,

техника ғылымының кандидаты.

Қазақ лексикографиясы туралы ойлар

Қ. АХАНОВ,

Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі

Қазақ тіл білімі — советтік жаңа дәуір тудырған ғылым. Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде дамуын оның әр бөлімінің дербес сала болып қалыптасуынан да көруге болады. Қазір қазақ лингвистика ғылымының фонетика, грамматика, лексикология, лексикография, диалектология салаларының қайсысын болсын ғылым саласы ретінде қарауға да, сол салалардың әр қайсысындағы табыстар мен олқылықтарды атай отырып, алдағы міндеттерді кең түрде сөз етуге де әбден болады. Сондай саланың бірі — қазақ лексикографиясы (әр түрлі сөздік жасау).

Сөздіктер жасау жұмысын, негізінен, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты жүргізіп келеді. Бұл ғылыми мекеме алғашқы кіші-гірім сөздіктерден бастап, түсіндірме сөздік, екі тілді аударма сөздік, үлкен орфографиялық сөздік және ғылымның әр алуан саласы бойынша терминология сөздіктерін жасау дәрежесіне жетті. Қазіргі уақытта Абай тілінің сөздігі жасалып, баспаға әзірленуде. Мұнымен бірге қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігін жасау жоспарланып отыр. Совет өкіметі орнғаннан бері Қазақстанда үлкенді-кішілі 50 шақты сөздік жасалып, жарық көрді. Бұл сөздіктердің мәдени өмірімізде маңызы зор.

Жарық көрген сөздіктердің ішіндегі ең көбі — екі тілді аударма сөздіктер (орысша-қазақша сөздіктер мен қазақша-орысша сөздіктер). Бұлардың ішінде 1946 жылға дейін шыққан сөздіктер, негізінен алғанда, мектеп оқушыларына құрал ретінде ұсынылды. Орысша-қазақша екі томдық сөздік жасалып, ол Алматыда 1946 жылы жарық көрді. Бұл сөздіктің кемшіліктері кезінде сынға алынды. Сөздікте орыстың қазіргі заманғы әдеби тіліндегі көптеген сөз бен фразеологиялық сөз тіркесі жетіспейтін. Орыс тіліндегі сөздердің қазақша аудармасында кейбір қателік жіберілді. Орысша-қазақша сөздіктердің ішінде қамтитын сөздерінің молдығы жағынан ең көлемдісі — 1954 жылы Москвада жарық көрген сөздік. Сөздікте орыстың қазіргі әдеби тіліндегі 50 мың сөз қамтылып, бұлардың қазақша аудармасы берілген. Сөздікті құрастырушылар 1954 жылға дейін жарық көрген орысша-қазақша сөздіктердің тәжірибесін пайдалана отырып, орыс тілінің сөз байлығын молынан қамтуда және олардың қазақша баламасын тауып аударуда көп еңбек еткен. Бұл сөздіктің орыс тілін үйренушілерге, аудармашыларға тиізер пайдасы мол. Аударма сөздіктердің жетістік жақтары мен кемшіліктері республикалық, одақтық баспасөзде едәуір сөз болды.

Ғылымның әр саласынан орысша-қазақша бірнеше терминология сөздігі жасалды. Қазақ терминологиясы мен терминология сөздіктерін жасаудың ғылыми негізі мен принциптері белгіленді. Орыс тіліндегі терминдердің қазақ тілінде баламалары барлары аударылып алынды да, баламалары жоқтары және дүние жүзіндегі тілдерге ортақ, интернационалдық терминдер аударылмай сол күйінде қабылданды. Қабылданған терминдерді қалыптастыруда баспасөздің айрықша қызмет атқарғанын атап айту керек.

Қазақ лексикографиясындағы елеулі еңбектің бірі — 1958—1961 жылдары жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (екі том). Бұл — қазақ тілінде түсіндірме сөздік жасаудың алғашқы тәжірибесі. Сөздіктің қазіргі әдеби тілімізде жаппай және жиі қолданылатын сөздер мен фразеологиялық сөз тіркестерін қамту жағынан және оларға талдау жасап, түсіндіру жағынан бірсыпыра жетістігі бар. Бұл сөздіктің жетістіктері мен кемшіліктері жайында кезінде баспасөз бетінде пікір айтылды¹.

Енді сол пікірлерді қайталамай, сөздіктердің бірсыпырасына, әсіресе түсіндірме сөздік пен орфографиялық сөздікке бірдей қатысы бар және әлі де болса зерттей, анықтай түсуді қажет ететін кейбір мәселеге тоқталсақ дейміз.

Солардың бірі күрделі (біріккен) сөздерге байланысты. Күрделі сөздердің түрлерін белгілеп, аумағын айқындау, олардың сөз тіркестерінен жігін ажырату әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан проблемалық мәселе. Осының салдарынан жазу тәжірибемізде болсын, әр түрлі сөздіктерді жасау ісінде болсын, ала-құлалықтар мен кемшіліктер орын алып келеді. Басқаны былай қойғанда, Тіл білімі институтынан шығатын еңбектер мен сөздіктердің өзінде де бір ізділік, бір ауыздылық болмай, біріккен сөздер мен сөз тіркестері бір-бірімен шатыстырылып жүр. Сөздіктердің бірінде бір сөз біріккен сөз ретінде бірге жазылып берілсе, екіншісінде ол теріске шығарылып, сөздердің тіркесі ретінде қаралып, бөлек жазылады. Бұл ретте, 1959—1961 жылдары жарық көр-

¹ Бұл түсіндірме сөздік жайында осы журналдың 1962 жылғы 12-санында жарияланған рецензияны қараңыз.

ген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (екі томдық) мен 1960 жылы шыққан «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігін» мысалға келтіруге болады. Түсіндірме сөздікте көлбақа, құрбақа, атшабар, ақсүйек, көкми, балқаймақ, балмұздақ, бірбеткей, жолбике және басқа осы тәріздес сөздер біріккен сөздер ретінде бірге жазылып, өз алдына жеке сөздер ретінде берілсе, «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігінде» олар біріккен сөздер түрінде емес, сөз тіркестері түрінде қаралып, бөлек жазылған. Бұл екі сөздікті де бір ғана ғылыми мекеме — Тіл білімі институтының қызметкерлері жасаған. Сөздіктің екеуін де Ғылым академиясының баспасы шығарған. Осыған қарамастан, тілдегі біркелкі құбылыстың түрлі тұрғыдан қаралып, біріне бірі қарама-қайшы болып шешілуін еш нәрсемен де ақтауға болмайды.

Ол ол ма, бір сөздіктің өзінде де бір тектес сөздердің бірін біріккен сөз деп, онан ешбір айырмашылығы жоқ басқа біреуін сөз тіркесі деп қарап, сан-саққа жүгірту бар. Мысалы, екі томдық түсіндірме сөздікте көлбақа, құрбақа, бесатар деген сөздер біріктіріліп жазылып, өз алдына жеке сөздер (реестр) ретінде талданған да, осы сөздерден ешбір айырмашылығы жоқ тасбақа, алтыатар деген сөздер сөздікте жеке сөз ретінде бөлек берілмей, тас пен бақа, алты мен атар деген сөздерден жасалған тұрақты сөз тіркесі ретінде қаралған да, соған орай тас және алты деген сөздердің сөздік мақалаларында тас бауыр, тас қараңғы, тас жүрек; алты аласы, бес бересі жоқ деген сияқты фразеологиялық сөз тіркестерімен бір қатарға қойылып, бөлек жазылған (сөздіктің 2-томының 339-беті).

Демек, сөздікті құрастырушылардың байымдауынша, көлбақа, құрбақа дегендер өз алдына біртұтас дербес сөздер де, тас бақа (сөздікте осылай) біртұтас сөз емес, сөз тіркесі болып шығады. «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігінде» атқамінер, атқосшы дегендер бірге жазылып біріккен сөздер түрінде берілсе, ат шабар (сөздікте осылай) бөлек жазылып сөз тіркесі түрінде қаралған (сөздіктің 35—36-беттері). Міне мұнда қандай принцип бар?

Екі томдық түсіндірме сөздікке жүгінсек, ақсүйек, аққала (ойын), аққұман (шәйнек), ақтиін, алакөлеңке, алатан (қыстан күйлі шыққан жылқы), алқызыл, алыпсатар, атамзаманғы, атдорба, беташар, бесаспап, бесатар, бозторғай, бойжеткен, бірбеткей, біркиер, екіұшты, жанармай, жанартау, жанкешті (өлермен), жанқалта, жандайшап, жандалбаса, жанқияр, жарқабақ, жарқанат, желаяқ, желбау, желқайық, желөкпе, желтоқсан, жерошақ, жолаяқ, жолбике дегендерді бірге жазуға (сөздікте осылай) мәжбүр боламыз да, ал «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігіне» жүгінсек, бұлардың бәрін, сөздікте көрсетілгендей, ақ сүйек, ала көлеңке, алып сатар, боз торғай, жел өкпе, жер ошақ... деген түрде бөлек жазып, оларды сөз тіркестері деп таңуға мәжбүр боламыз. Іс жүзінде жұртшылық осылардың қайсысына сеніп, қайсысын қабылдауға тиіс?

Осы мәселені 1963 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» қалай шешкен екен, — енді соған келейік. Бұл сөздік — бұрынды-сонды жасалған орфографиялық сөздіктің ішіндегі ең көлемдісі. Онда көптеген сөздер қамтылып, емленің бірсыпыра мәселесі дұрыс шешілген. Дегенмен, бұл сөздікте де біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиясы түбейгейлі шешімін таппаған. Мысалы, сөздікте қарақұйрық (аң), қарақұс, қарағаш (?), көкжиек, аққу, аққала (ойын) дегендердің бірге жазылып, қара торғай, боз торғай, қара күйе, қара қоға, ақ сүйек (ойын) дегендердің осылайша бөлек жазылып берілуі осыған дәлел. Сөздікте көкқұтан (196-бет), аққұтан (25-бет) бірге де, қара құтан түрінде бөлек, көксағыз бірге де (197-бет), тау сағыз түрінде бөлек жазылған (382-бет). Сөздікте бір-бірінен айырмашылығы жоқ, осылар тәрізді біртектес сөздердің біреулерінің бірге, екіншілерінің ешбір негізсіз бөлек жазылуы жиі ұшырасады. Сөздікте еңбеккүн, жалақы дегендер бірге, еңбек ақы, деген сөз осылайша бөлек, жүкалық, басқұр, желмая, қолған деген сөздер бірге, ал ит аяқ, жел бау, қазан қап дегендер осы түрде бөлек жазылған. Қайын және аға деген сөздердің бірігуінен жасалған сөзді қайнаға деп бірге жазып, осы сөзбен біртектес сөзді қайын бике деп бөлек жазуда (219-бетте) не себеп, қандай принцип бар? Қайын және аға деген сөздерді біріктіріп жазған соң, қайын мен бике деген сөздерді де біріктіріп жазу керек еді. Оның үстіне, бике сөзінің қайын сөзінен бөлек, өз алдына дербес қолданылмайтынын да ескермеске болмайды.

Сондай-ақ, орфографиялық сөздікте қылжақбас, қалжақбас, қалжыңбас, жадыбас, қаңғыбас, жанкешті, кертартпа, қаптесер, қолтума, атқамінер, бозбала деген сөздердің бірге жазылып, тіл азар, ала аяқ (қу), ала ауыз, жол ашар, жол аяқ, шыны аяқ, көкми, қол жаулық, боз қырау, бой жеткен, қонақ асы дегендердің осылайша бөлек жазылу себепін түсіну де қиын және мұның өзі орфографияны көпшіліктің меңгере білуін қиындатпаса, жеңілдете алмайды.

Аң, құс, жәндік, әсімдік, ауру аттары және осылар тәріздес күрделі атаулар (сөздер) біріктіріп жазылуы керек дейтін ереже бойынша біркелкі жазылуға тиісті сөздер сөздікте бірде біріктіріліп, бірде бөлек жазылып құбыла берген. Мысалы, алаөкпе, қараөкпе деп аталатын ауру аттары біріктіріліп жазылған да, басқа бір дерттің атауы — көк жөтел осылайша бөлек жазылып көрсетілген. Көлбақа, шөлбақа, сужылан дегендер біркелкі жазылуға тиісті болуына қарамастан, алдыңғы екеуі (көлбақа, шөлбақа) бірге, ал соңғысы бөлек (сөздікте: су жылан) жазылған. Бұлардың бірін бірге, екіншісін бөлек жазу не үшін керек болған? Орфография мәселелерін сөз еткенде, әдетте, орфо-

графияның принципі дегенді көп айтамыз. Принцип орфография үшін ғана емес, сонымен бірге орфографиялық сөздікті жасаушылар үшін де соншалықты қажет екенін ескеріп, біртектес сөздерді ала-құла жазуға жол бермеу керек еді.

Сөздіктердегі осындай кемшіліктер күрделі сөздердің түрлері, біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің ара қатысы және олардың бір-бірінен айырмашылығы туралы мәселелердің әлі де болса жете зерттелмеуінен, осы мәселелер жайында лингвистерде бір арнаға құятын байымдаулар мен бір жерден шығатын көзқарастың жоқтығынан болып отыр. Мұнан былай бұл мәселені созбидаға салмай, бір тұжырымға келу керек. Ол үшін біріктіріп жазылатын күрделі сөздер мен сөз тіркестерін бір-бірінен ажыратудың принциптерін айқындау қажет.

Сөздерді біріктіріп я бөлек жазу мәселесін бір ғана ережеге сыйдырып қою, әрине мүмкін емес. Мұны шешу жолдарын әлі де ойластыру қажет. Біздің бағдарлауымызша, төмендегілерді ескерген мақұл сияқты.

I. Азды-көпті жазу тарихы бар тілдердің бәрінде орфографияның басқа принципімен бірге тарихи немесе дәстүрлі (дағды бойынша жазу) деп аталатын принцип те қолданылады. Жазу тәжірибемізде көптен бері біріктіріліп жазылып, қалыптасып кеткен бозқырау, қонақасы, келісап, қолғап, қазанқап, баспасөз тәрізді сөздерді дағды бойынша осылай бірге жазған жөн болмақ.

II. Орфографиялық сөздікте «Егер бір ғана заттың атын білдіретін тіркестің соңғы сөзі өзара бір-біріне ұқсас, тектес заттардың ортақ аты болып, алдыңғы сөзі осы заттардың ішінен оның нақты бір түрін айыра көрсету үшін қолданылатын болса, ондай лексикаланған тіркестердің әр сыңары бөлек-бөлек жазылады» (8 бет) делінген де, оған: 1) ақ бидай, кара бидай, қызыл бидай; 2) он басы, елу басы, жүз басы, мың басы; 3) ит аяқ, ит шана т. б. күрделі сөздер мысалға келтірілген. Күрделі сөздерді жазу ережелерінің бұл түрі, негізінен алғанда, дұрыс сияқты. Бірақ мысалға алынған күрделі сөздердің табиғаты бірдей емес, сондықтан оларды жоғарыдағыдай бір ғана ережеге бағындырып қою жөн бола қояр ма екен. Жоғарыдағы күрделі сөздердің алдыңғы екі түрінен соңғысының (ит аяқ, ит шана) табиғаты тіптен басқаша. Біріншіден, ит аяқ, ит шана дегендердің соңғы сыңарлары «ұқсас заттардың ортақ аты емес», екіншіден, бұлардың алдыңғы сыңарлары соңғы сыңарларын, ақ бидай, кара бидай, қызыл бидай дегендердегі ақ, кара, қызыл сөздеріндей, айқындап тұрған жоқ. Күрделі сөздерді біріктіріп я бөлек жазу мәселесіне келгенде, ереже бір бөлек, мысал одан басқаша болмағаны мақұл.

III. Тілімізде әбден лексикаланып кеткен тұрақты тіркестерден жасалған асқазан, ақсақал, қосаяқ, итмұрын, қаптесер, атшабар, атқамінер, жолаяқ, жолбике, алауыз, алаяқ, беташар, бозбала, бойжеткен, алыпсатар, қалжыңбас деген күрделі сөздерді, сыңарларының бір-біріне әбден сіңісіп кірігіп кетуін ескеріп, осылайша бірге жазған дұрыс болар еді.

IV. Тіл әр түрлі құбылыстарға бай. Олардың қайсыбіреуі бір-бірімен байланысты да, бір-біріне қарама-қайшы да болуы мүмкін. Мұның күрделі сөздерге де қатысы бар. Осыдан келіп, кейбір, күрделі сөздің жазылуын белгілі бір ережеге бағындыру қиын. Ондай сөздердің саны да соншалықты көп емес. Мұндайда шартты деп аталатын жайға бармасқа лаж жоқ. Сондықтан ондай бірен-саран күрделі сөздердің бәріне бірдей ереже шығара бермей (ал ереженің тым көп болуы тиімді емес), жазылуын орфографиялық сөздікпен көрсеткен мақұл.

Орфографиялық сөздікте жазылуы екіұштылық тудырмайтын, былайда ежелден белгілі сөздерді үйіп-төгіп бере бергеннен гөрі, жазылуы қиындық тудырады-ау деген сөздерді мол қамту сөздіктің міндеті мен мақсатына сай келген болар еді. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» мәселенің осы жағы жете ескерілмеген. Мысалы, сөздікте баға, бағалану, бағаланбау, бағаланған, бағаласу, бағалатқыз, бағалаттыру, бағалату, бағалау, бағалаушылық, бағалушылығы, бағалы (57—58-беттерде); байланғыш, байланғыштық, байландыру, байлану, байланбау, байланған, байланшак, байланыс, байланысқан, байланыссыз, байланыссыздық, байланыссыздығы, байланысты, байланыстылық (60-беттен қараныз) тәрізді жазылуы кімге болсын анық, ешқандай қиындық келтірмейтін сөздер бірінен кейін бірі тізіліп беріле берген де, жарқабақ, ішінара, ақшәйнек (немесе ақ шәйнек), кіреберіс (немесе кіре берісте), ашышек (немесе ашышек, ашы ішек), біртоға тәрізді жазылуы анағұрлым күрделі сөздер мен дефис арқылы жазылатын телефон-автомат, саяси-бұқаралық, оқу-өндірістік, ғылыми-атеистік және осылар тәріздес сөздер енбеген. Сөздікке Біріккен Ұлттар Ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, Батыс елдер, Шығыс елдер, Оңтүстік Африка Одағы, Ленин ордені мемлекеттік академиялық Үлкен театр, Бірінші май, Жеңіс күні және осылар тәріздес күрделі атауларды енгізген жөн болатын еді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігін жасауды жоспарлап отыр. Бұл түсіндірме сөздік қазақ тілінің күллі сөз байлығын түгел дерлік қамтуды мақсат етеді. Мұнда сөздердің алуан түрлі мағынасы жан-жақты талданып, олардың қолданылу аясы, стильдік ерекшелігі, басқа тілдерден енген сөздердің қай тілден енгені туралы деректер, сөздің фразеологиялық байланысы, олардан жасалған тұрақты сөз тіркесі — осылардың бәрі түгел қарастырылуға тиісті. Қазақ тілінің бұрынды-соңды сөз байлығын молынан қамтып, көп томдық түсіндірме сөздік жасау, әрине, әрі жауапты әрі өте-өте күрделі міндет.

Мұның өзі ең алдымен алуан түрлі даярлық жұмысын қазірден бастап жан-жақты және тыңғылықты жүргізуді қажет етеді. Сол даярлықтың бірі және қазіргі таңдағы ең маңыздысы — түсіндірме сөздікке керекті материалдарды жинау, атап айтқанда, қазақ тілінің бұрынғы-соңды сөз байлығын түгел қамтитын картотека қорын жасау. Ал мұндай картотека қоры Тіл білімі институтының түсіндірме сөздік жасау бөлімінде мүлдем жүдеу.

Қазақ тілінің әр тарапты бай лексикасын қамтитын картотека қорын жасау үшін революцияға дейінгі және революциядан кейінгі көркем әдебиет пен ауыз әдебиетінің үлгілерін, газет-журналдарды, ғылыми және техникалық әдебиеттерді, оқулықтар мен оқу құралдарын түгел қамтып, картотекаға түсірген абзал. Әдебиет пен өнер институтының қолжазба қоры бөліміндегі жарық көрмеген нұсқаларды да пайдаланған мақұл. Бұлардың бәрін картотекаға түсіріп алу көп томдық түсіндірме сөздік жасау үшін, әрине, қажетті материал болатыны сөзсіз. Алайда, картотека қорын жасау мұнымен шектелуге де, тынбауға да тиіс. Бұлай дейтініміз мынадан: қазақ тілінің күллі сөз байлығы әлі де болса қағаз бетіне (әдебиетке) түгел түсіп болған жоқ. Мұның өзі, біріншіден, біздің жазба әдебиетіміздің кешеуілдеп дамуымен байланысты болса, екіншіден, өмірдің сан алуан саласын қамтитын әдебиеттердің әлі де болса аздығынан. Мысалы, қазақ халқының ауыз екі сөйлеу тіліндегі балық аулауға, мақта шаруашылығына байланысты көптеген сөздер кәсіп пен шаруашылықтың осы аталған түрлеріне байланысты әдебиеттердің мүлдем аздығынан я жоқтығынан қағаз бетіне түспей жүр. Мал шаруашылығына байланысты көптеген сөз бен тұрмыс-күйге қатысты лексиканың (бытовая лексика) ішінде және өсімдіктер мен хайуанаттардың сан алуан түріне қатысты мыңдаған сөз ішінде халықтың ауыз екі сөйлеу тілінде ғана айтылып, әсіресе жасы үлкен адамдардың лексиконында ғана сақталып, жазбаша түрде әдебиетте тіркелмегендері көп. Оларды жазба әдебиетте, газет-журналдарда жазылмаған екен деп, көп томдық түсіндірме сөздікке енгізбей, қалдырып кетуге, әрине, болмайды. Ондай көптеген сөз жинастырылып сөздікте көрсетілмесе, көп томдық түсіндірме сөздік өзінің алдына қойған мақсатына да жете алмайды. Демек, міндет мынада болып отыр: шаруашылық пен кәсіптің, өсімдіктер мен хайуанаттардың көптеген түріне байланысты атаулардың, тұрмысқа қатысты лексиканың қағаз бетіне түспегендерін ауыз екі тілден, шаруашылықтың әр саласындағы еңбек адамдарынан, сөздік қоры бай, қазақ тілін жақсы білетін кісілердің сөйлеу тілінен жинастырып, оны картотекаға түсіру мұрат. Тіл білімі институтынан жер-жерге жыл сайын шығып жүрген экспедиция диалектілерді жинастырумен ғана шектелмей, осы аталған маңызды жұмысқа да айрықша назар аударса, абзал болар еді. Осы мақсат үшін арнайы экспедиция ұйымдастыруды да ойластыру қажет. Бұл — бір.

Екіншіден, жаңа өмір, жаңа дәуірге сай туған, жаңа сөздер мен тың сөз тіркестері бар. Тіліміздің лексикасында мағыналарын жаңғыртқан, жаңаша ұғынылатын сөздер де аз емес. Бұларды да картотекаға түсіріп отырған дұрыс.

Мұндай сөздікті жасау лексикографияның теориясы мен практикасына қатысты бірсыпыра мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеп, алдын ала шешіп алуды және көп томдық түсіндірме сөздікті құрастырудың принциптерін айқындауды талап етеді.

Ең алдымен, сөздікте берілуге тиісті сөздердің сан алуан түрін және аумағын белгілеп, бұлардан (сөздікте берілетін сөздерден) сөздікке өз алдына жеке сөз ретінде еңбеуге тиісті сөздердің ара жігін ашу керек. Мұның өзі төмендегі мәселелерді үңіле зерттеуді талап етеді.

Біріншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің шегін айқындап алу қажет. Бұлардың бір-бірінен жігін ажырату тек таза орфографияның ғана мәселесі емес, мұнымен бірге оның күллі сөздікке, оның ішінде көп томдық түсіндірме сөздікке де тікелей қатысы бар. Мысалы, тіркесіп айтылған екі сөзді бір заттың немесе құбылыстың атауы ретінде қарап, біріккен сөз деп танысақ, онда оны сөздікке жеке сөз ретінде енгіземіз де, ал егер оны бөлек жазып, сөз тіркесі деп танысақ, онда ол тіркесті сөздікке жеке сөз ретінде енгізбейміз. Демек, бұл мәселені шешпей тұрып, көп томдық сөздікте берілуге тиісті сөздердің тізімін, олардың аумағын дәлме-дәл айқындаудың өзі мүмкін емес.

Екіншіден, жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздердің сан алуан түрінің ішінен қандай түрін жеке сөз ретінде сөздікке енгізу мәселесі шешілуге тиіс.

Үшіншіден, әдеби тілдің лексикасы мен онан тыс жатқан диалект сөздердің бір-бірінен жігін ажыратқан жөн. Бұл мәселенің екінші бір жағы бар: өзімізге белгісіз сөздердің бәрін бірдей диалект сөздер деп қарауға болмайды. Олардан шаруашылық пен кәсіптің белгілі бір түріне байланысты кәсіби лексиканың жігін ажыратып алған мақұл.

Төртіншіден, сөздікке сан алуан ғылыми-техникалық терминнің ішінен қандай түрін енгізу мәселесін ойластыру керек. Ғылым мен техниканың әр саласында қолданылатын терминнің күллісін бірдей қамтып, түсіндірме сөздікке оларды түгелімен енгізу шарт емес. Мұның өзі ғылым мен техниканың әр саласы бойынша жасалып жүрген терминология сөздіктерінің үлесіне тимек. Бұл жерде әлгіме медицина, математика, химия сияқты ғылымның ішкі тармағы мен тар аясында айтылатын және ғылымның сол салаларындағы мамандар ғана қолданатын терминдерден көпшілікке арналған әдебиеттерде және газет-журналдарда қолданылатын терминдердің түрлерін ажыратып алып, түсіндірме сөздікке енгізу жайында болып отыр. Мұнымен бірге мәселенің екінші жағына

да назар аудармасқа болмайды: екі томдық түсіндірме сөздікте терминдерге анықтама беруде, олардың мағынасын түсіндіруде кемшіліктер жоқ емес.

Бесіншіден, семасиологиялық мәселелерді зерттей отырып, сөздің мағыналық мазмұнын сөздікте кеңінен қамтып көрсетуді ең басты міндеттердің бірі ретінде қарастыру керек. Бұл ретте жаңа ұғымдармен байланысты мағынасын өзгертіп жаңартқан және әр түрлі үстеме мағынаға ие болған сөздердің семантикалық өзгерістерін түгел қамтып көрсеткен жөн. Сөздің мағыналық шегін айқындау және осыған орай полисемантизмді (көп мағыналы) сөздер мен омонимдердің жігін ажырату мәселесі барлық сөздікке бірдей қатысты күрделі мәселе екені және сөздіктерде бұларды бір-бірінен ажырата алмаушылықтың жиі кездесетіні көп айтылып жүр. Мәселенің күрделі де қиын екені рас. Академик В. В. Виноградов бұл проблеманың осы жағын аңғарта келіп, омонимдердің өз алдына сөздігі жасалмайынша, көптеген сөздің шегі айқындалмайды, мағыналық жігі ажыратылмайды деп көрсетеді. Егер қазақ тіліндегі омонимдердің өз алдына сөздігі жасалса, онда көп томдық түсіндірме сөздікте полисемиядан омонимдес сөздерді ажыратып беру мәселесі жеңілденген болар еді.

Алтыншыдан, стильдік ренкі мен қызметі бар сөздерге стилистикалық сыпаттама беру сөздікке қойылатын басты талаптардың бірі. Сөздерге стилистикалық сыпаттама беру қазақ тілі лексикасын стилистикалық тұрғыдан зерттеп, олардың ішінен қандай сөздердің қай стильге тән екенін айқындауды талап етеді. Синоним сөздердің әр түрлі стильмен тікелей байланысты екені әркімге аян. Солай бола тұрса да, «Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде»¹ синонимдес сөздердің бір-бірінен айырмашылығы, олардың қолданылу аясы мен стилистикалық қызмет жайында ешбір мағлұмат жоқ. Орыс тілі мен өзбек тіліндегі синонимдердің сөздіктерінде синонимдес сөздерге стилистикалық тұрғыдан сыпаттама беруге айрықша назар аударылып, ол сөздердің бір-бірінен стилистикалық нәзік айырмашылығы, стильдік ренкі мен қызметі көрсетілген. Бізде де синонимдердің солар тәріздес сөздігі жасалса, мұның өзі, біріншіден, ол сөздіктің мәнін арттыра түсер еді де, екіншіден, көп томдық түсіндірме сөздіктегі сөздерге стилистикалық тұрғыдан сыпаттама беруге себін тигізер еді.

Жетіншіден, көп томдық түсіндірме сөздікте қазақ тілі лексикасындағы басқа тілден енген сөздердің қай тілден екенін аңғартатын белгілердің болғаны жақсы. Мұның өзі түсіндірме сөздіктің жалпы білімдік маңызын да арттыра түскен болар еді.

Енді бір алуан мәселе фразеологиялық сөз тіркестерімен байланысты. Сөздіктерде фразеологиялық сөз тіркестерін берудің жолы мен принципі әбден айқындалды деп айта алмаймыз. Түсіндірме сөздікте, бір жағынан, күрделі (біріккен сөздер мен еркін синтаксистік) сөз тіркесінің, екінші жағынан, еркін сөз тіркесі мен фразеологиялық сөз тіркесінің, үшінші жағынан, фразеологиялық сөз тіркесінен жасалған біріккен сөздердің бір-бірінен жігі ажырамай, жазылуы екіұштылық тудыратындардың бәрі де ромбик белгісінен кейін тізіліп көрсетіле берген. Түсіндірме сөздікте фразеологиялық сөз тіркестерін ұйтқы сөзге қарап беру керек пе, тіркестің бірінші сөзіне қарап беру керек пе, — бұл мәселе де әлі шешімін таппай келеді. Бірсыпыра жылдан бері проф. І. Қенесбаев фразеологиялық сөздік жасаумен шұғылданып жүр. Фразеологиялық сөздік жарық көрсе, оның көп томдық түсіндірме сөздікте фразеологиялық сөз тіркестерін беруге көп жәрдемі тиер еді.

Лексикография саласында жүргізілуге тиісті маңызды жұмыстардың бір бөлегі қазақ тілінің этимологиялық сөздігі мен тарихи сөздігін жасауға да байланысты. Әзірге бізде сөздіктің бұл атаран түрлері жоқ. Мұндай сөздіктерді жасау қазақ тілінің сөз байлығын шығу төркіні, тарихи дамуы тұрғысынан үңіле зерттеуді қажет етеді.

Лексикография саласындағы міндеттерді сөз еткенде, бір мәселеге айрықша назар аударған дұрыс деп ойлаймыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, совет дәуірінде қазақ тілінде 50 шақты сөздік жасалып, жарық көрген екен. Бірақ осыншама мол сөздік жасалғанмен, сөздіктерді жасаудың практикасы және лексикографияның теориялық мәселелері жайында бірде-бір диссертация немесе монографиялық еңбек жоқ. Бұл — лексикографияның практикасынан оның теориясы артта қалып отыр деген сөз. Әр түрлі сөздіктерді жасаудың принциптері жете айқындалмауының және олардағы кемшіліктердің бір себебі осында жатыр.

Қазақ тілі білімінің лексикография саласында шешілуге тиісті басты мәселелер, біздің байқауымызша, осылар сияқты. Қазақ лексикографиясын ілгері дамыту көбінесе осы аталған міндеттерді ойдағыдай орындауға байланысты деп білеміз.

¹ Ә. Болғанбаев. Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі. Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, Алматы, 1962.

Коммунист-шопан

Аудандық партия конференциясында делегаттар күн тәртібіндегі мәселені іскерлікпен талқылады. Тындырылған істерге тиісті баға беріліп, қателіктер мен кемшіліктер, оған жол бергендер бет-жүзіне қарамастан өткір сынға алынды. Коммунистер шаруашылықты өрге бастырудың жолын ойластырып, құнды ұсыныстар жасады.

— Коммунистің өмірі партияның ісімен біте қайнасқан. Коммунист—белсенді күрескер, партияның, мемлекеттің мүддесінен артық мүдде жоқ онда. Коммунист — бұқараны бастаушы, партия идеяларын жүзеге асырушы. Ол өзінің күш-жігерін халыққа қызмет етуге бұйрық немесе нұсқау арқылы емес, өзінің абыройлы борышы, жүрегінің әмірі бойынша жұмсайды. Коммунистік адамгершілік, жолдастық қарым-қатынас бәрінен де жоғары оған...

Залда отырғандардың ду қол шапалақтауы, бірауыздан мақұлдауы үстінде орта бойлы, қараторы жігіт мінбеден түсіп, өз орнына отырды. Қаракөк бешпетінің омырауындағы Ленин ордені жалт-жұлт етеді. Үскірік жел мен аязға тотыққан беті күренденіп кетіпті. Қалтасынан ормалын алып маңдайын сүртті. Отар-отар қой баққаннан сөз сөйлеген қиынырақ болғандай еді оған.

Шығыс Қазақстан облыстық партия конференциясына делегаттар сайлауға кіріскен кезде коммунистер құлақтарын түре қалды. Басшы адамдардың, жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенция өкілдерінің есімдері аталып жатты. Бір кезде дауыс көтеріңкі шықты:

— Өжекенов Айдархан, «Жырақұрақ» фермасының аға шопаны.

Жігіттің жүрегі лүпілдеп қоя берді. Сонда бұл кім өзі? Аудандық партия ұйымы оған неліктен зор сенім көрсетіп отыр?

* * *

Айдархан Өжекенов — жас коммунист. Ол әрбір танды игі іске құлшыныспен атырған, күн аруды көк жиекке еңбек қорытындысының қуанышымен батырған партияның ауылдағы сенімді сүйеніші, тірегі. Табиғаттың дүлей күшімен арпалысып, кең даланың төсінде, өркеш таудың бойында қой өсірген абзал жан.

...Жас бөбек дүниеге келген кезде оның ауылы «Мойынсерік» деген колхозға жаңа ұйымдасқан еді. Әкесі Жиынды ұлының атын Айдархан қойып, бұзаулы сиырын жетектей колхозға мүше болып бірінші кірді. Ауыл кедейлері соңынан ерді оның. Бірақ қаз тұрмай жатып Айдархан әкесінен айрылды. Тағдыр оны өмір жолының талай кедір-бұдырынан, асулы кезеңінен алып шықты. Мектепте оқып жүріп те ол еңбектің ащы-тұщы дәмін татты. Әсіресе Жүсіп Жақсыбаев ақсақал оның жүрегінен берік орын алып, әлі есінен кетпейді.

Көгілдір аспанмен тілдескен асқар тау, шетсіз де шексіз қыр дала оны жетелейтін де тұратын. Бір күні Жүсіп ақсақал бала жігітті өзімен бірге қойды өріске шығаруға алды. Сол кезден бастап Айдархан шопан сырын ішке түйіп, ойға тоқыды. Кешікпей сол Жүсіп Жақсыбаев қарттың көмекшісі болды.

Отар жазғы жайлаудан ойға түсіп келеді. Алтын күз. Қыстақтарға оралатын кез алыс емес. Айдархан аттын тізгінін бос қоя беріп, баяу жүріп келеді. Оның қасында Жүсіп ақсақал. Жүсекең кешікпей пенсия-

ға шығып, өз отарын Айдарханға тапсырмақшы еді. Екеуі де ой үстінде. Бір сәтте Өжекенов атының басын тартып, ақсақалдың өзімен қатарласуын күтті.

— Жүсеке, — деді ол байыппен ақсақалға, — біз жайлаудан ерте түсіп бара жатқанымыз жоқ па? Айналамыздың бәрі жақсы жайылымдық емес пе? Ойдан мұндай жерді таба алмаймыз ғой.

— Өзім де сеземін мұны. Бірақ күзем алғаннан кейін қойды тоғыту керек емес пе? Ал ванналар ойда. Біздің бөлімшенің өзінде ғана отыз отар қой бар. Кімнің көш соңында қалғысы келеді дейсің.

— Әрине, солай ғой. Бірақ ванналарды жайлауға да орнатуға болмай ма? Онда біз қыстаққа асықпас едік. Тоғытатын жердің төңірегінде қойды ашықтырмас едік.

— Әй, жігітім-ай, ақылыңнан айналайын. Сенен дұрыс адам шығар. Ойыңның жақсысын қарашы. — Егер қой тоғытуды жайлаудың өзінде ұйымдастырса қаншама пайда келетінін ақсақал саусағымен санай бастады.

Содан бері жылдар өтті. Бірақ Айдархан өзінің шопандық өнерді үйренген алғашқы мектебін еш уақытта ұмытпайды. Сол кезде Жүсіп ақсақал жас жігітті таң сәрісінен оятып, былай деуші еді:

— Тұр, қарағым, ерте тұрғанның еңбегі жанар...

Кеше ғана Айдархан өз отарын жайлауға айдап салды. Оның көмекшісі Қабдөш Бейсенбаев әлі тәтті ұйқыда. Жас баланың ұйқысын қимаса да оятуға тура келді. Өйткені, күн шықпай қойды бір өргізіп келу қажет.

Шопандар жолға шықты. Қойлар жол-жөнекей жайыла Жамансайға өрлеп барады.

— Қойды тез айдауға болмайды, шаршап қалады. Қырағы бол, бытырап кетіп жүрмесін.

— Жайылымның басына тез барсақ жақсы емес пе?

— Е-е, жігітім, мен де бұрын солай ойлаушы едім. Мына төңіректі көрдің бе, бәрі жайлау, — деп қолын сілтеді Айдархан. — Егер бұларды сақтамасаң, қойлар шөпті таптап тастайды.

— Онда отарды неге алысқа өрістетеміз. Осы жердің өзінде жая бермейміз бе?

Көмекшісінің шопан еңбегінің «құпиясын» білгісі келгені Айдарханға ұнап кетті.

Шопан жер отын, қойдың қандай шөпті талғап жейтінін жақсы білуі керек. Егер жылдың қай мезгілінде қандай шөпті қойға жегізуді білмесең, онда малды семірте де алмайсың, жүнді де көп ала алмайсың. Әне, көрдің бе, мына төңіректің бәрі жусан. Қой оны күзде жақсы жейді.

Өріске жеткеннен кейін отарды желге қарсы үйіріп, Айдархан өз мамандығының құпиясын көмекшісіне шерте берді.

— Менің айтарым сол, мал баққан соң оның бабын таба біл. Ең алдымен шопан абыройына дақ түсірме. Адал еңбек етсең, баққан малың қонынан таймайды. Қыс — малшы үшін қатал сыншы. Мал өсіруге, малшы еңбегіне «емтихан» боларлық шақ міне осы дер едім. Мал қыстан қонды шықса, оның өнімді болып, төлді көп беретіні сөзсіз. Шопандар қауымының көпшілігі малды қыста суаруға болмайды деседі. Ал бұл дұрыс емес. Судың аты су. Өрісте жақсы тойынған малды түс кезінде бір суарып қойса, оның шөп жеуіне, қонынан айрылмауына көп себеі бар.

Саулықтар бірінен соң бірі қоздай бастады. Жаңа туған қозылар аяқтарын әрең басып, дір-дір етеді, еселеріне ұмтыла береді. Бірақ олар соншалықты әлсіз. Егер адам болмаса сол жерде қатып қалар еді. Ал сол адам міне үшінші түн ұйқы көрмей, қалжырап жүр.

— Бар, таң атқанша дем ала тұр. Енді менің жалғыз өзім де үлгі-рермін, — дейді Айдарханның сұрланған түрін көрген әйелі Гүлбаршын.

— Жоқ, болмайды. Бұл шешуші кезең.

Сырттан ат тұяғының дүбірі естілді. Айдархан қораның есігін қымтап жауып, далаға шықты. Шығыста таң сәулесі жаңа белгі беріп келеді екен.

Салт атты қораға жақындасымен қарғып түсті. Бұл мал дәрігерлік техник Зекен Әбішев еді.

— Екінші тыңның еріне сәлем! — деп амандасты ол Айдарханмен. — Бүгін де өзін күзетіп жүрсін бе? Қашан ұйықтайсың сен осы?

— Бұл сұрақты сенің өзіңе қояр едім, — деді қалжыңмен жауап қайтарып Айдархан.

— Ал, халің қалай? Мал дәрігерлік көмек керек пе?

— Әзірше бәрі орынды. Жүзінен 130-дан айналып жатыр.

— Міне тамаша! Бұл совхоз бойынша ең жоғары көрсеткіш қой. Дамыл табатын шығарсын енді.

— Кім білсін.

— Әй, жігітім, әлі де қанағаттанбайсың ба? Саулықтар түгелдей қоздап болған жоқ, сонда да 130-дан алып жатырсың.

— Бұдан да артық алуға болады, — деді Айдархан Зекенді алға қоя беріп. — Былтыр біз қойды қолдан ұрықтандыруды соншалықты жақсы өткізгеніміз жоқ. Енді, міне соның зардабы тиіп отыр. Ол неде екенін дәлелдеп берейін...

Екі жігіт қораның ортасында бетпе-бет тұр. Гүлбаршын анда-санда оларға қарап қояды. Айдархан мен Зекеннің кездескен сайын дауласпай қоймайтынын ол білетін-ді. Айдархан сөйлеп тұр, Зекен ұйып тыңдайды. Ақырында Әбішев Әжекеновтың дәлелдеріне келісіп, екеуі қарқ-қарқ күлісті.

— Жарайды, досым, айтқандарыңның бәрі дұрыс. Кезінде бұл мәселелерді де шешетін болармыз. Екінші тыңды бір күнде көтере алмайсың.

— Тағы да өз сөзіңді сөйлеп қоймайсың, — деп күрсінді Айдархан. Бізде «екінші тың», «екінші тың» деп көкекше қайталай беретін адамдар бар.

— Сонда не айтқың келеді?

— Біз жақсы сөзді нақты іспен ұштастыра алмай жүрміз. Екінші тың жөнінде біз әлі сөзден іске көше алмай келеміз. Бір ғана сұрақ-ерте төл алу тиімді ме, жоқ па?

— Әрине, тиімді.

— Ендеше мұны біз неге қолданбаймыз? Өйткені, бізде жақсы, жылы қора жоқ. Жемшөп те кейде жетісе бермейді. Ал мына сен сияқты басшылар қой шаруашылығына дұрыс көңіл бөлмейді.

Әбішев не айтарын білмей сасып қалды. Сол кезде Гүлбаршын ұнқатты:

— Сендердің-ақ дауларың бітпейді екен. Онан да мына егіз қозыны көріндер.

Қозыларды енесінен айырғанға дейін Айдархан әр жүз саулықтан 132 қозыдан алды. Онымен жарыстас шопан Қапаш Кәкібаевтың көрсеткіші кем болған жоқ. Шопандардың слетінде Қапаш Айдарханнан озбасам да тең түсемін деп серт берді. Әжекенов те есесін жібермеді.

— Өз жолдасымның табысына қуанамын, — деді ол, — Қапаш тәжірибелі қойшы. Нысанасына жетеді. Бірақ мен де бір орында қалмаспын. 1964 жылы әр жүз саулықтан 140 қозыдан аламын. Және осы жиында отырғандарды көрсеткіші төмен шопандарды қамқорлыққа алуға шақырамын. Мен әр жүз саулықтан небәрі 85 қозы алып жүрген шопан Зейнолда Далабаевты қамқорлыққа аламын. Бұл — менің коммунистік борышым.

Өз міндеттемесін орындауға Айдархан Өжекенов ең алдымен қарамағындағы саулықтарды дұрыс жайып бағуға, уақытында жемдел, суаруға ерекше назар аударудан бастады. Жазғы жайылымды тиімді пайдаланды.

Озат шопан өз отарының ғана қамын ойлап қойған жоқ. Қамқорлыққа алған Зейнолда Далабаевқа жиі-жиі барып, малды жаю, күту тәжірибесін жалықпай үйретті, байқаған кемістіктерін айтып, оларды жоюға көмектесті.

Бір күні Қапаш Айдарханға келді. Өз жолдасының отарындағы саулықтардың күйлі екенін көрген Қапаш таң қалды.

— Малың семіз екен, — деді ол. — Январь айында мұндай қондылықта ұстау екінші бірінші қолынан келе бермейді.

— Сырымды сенен жасырмайын: мал баққанға бітеді, деп ата-бабамыз ежелден айтып келе жатқан жоқ па. Бар сыр осында.

Айдархан облыстық газет арқылы барлық шопанға арнап хат жолдады. Онда төлді көп өсіру үшін күйек алу науқанын ойдағыдай өткізуге, артта қалған шопандарға қамқорлық көрсетіп, оларды алдыңғылар қатарына жетуге шақырды. Облыстық партия комитетінің бюросы қатардағы коммунист Айдархан Өжекеновтың бұл игі бастамасын мақұлдады.

Шопандар еңбегінің жемісі көрінетін 1964 жылдың көктемі келді. «Боран» совхозының барлық бөлімшесінде саулықтар жаппай төлдей бастады. Әсіресе ол «Жырақұдық» бөлімшесінде ұйымшылдықпен өткізілді. Айдархан әр жүз саулықтан 140-тан қозы өсірді. Ол қамқорлыққа алған шопан Зейнолда Далабаев әр жүз саулықтан 117 қозы алды.

Бүтіндей «Жырақұдық» бөлімшесінде әр жүз саулықтан 124 қозы алынса, совхоз бойынша әр жүзіне 112-ден айналды. Бұл — облыстары ең жақсы, ең бірінші көрсеткіші!

Айдархан Өжекенов 1960 жылы партия мүшелігіне өтті. — Партия мүшесі деген жоғары атақ маған жаңа жігер, жаңа қуат берді, — дейді Айдархан. — Маған партбилетті тапсырып тұрып аудандық партия комитеті секретарының: «Өжекенов жолдас, сіз бүгіннен бастап даңқты лениндік партияның мүшесісіз. Сіздің жемісті еңбек етіп, коммунистік атақты жоғары ұстауыңызға тілектеспін» деген сөзі менің есімде.

Қазір Айдархан Өжекенов жұмыс істейтін «Жырақұдық» фермасының шопандары малды қыстан аман әрі күйлі алып шығу үшін күресіп, қой қоздату науқанына сақадай сай әзірленіп жатыр.

* * *

Күн ұясына кірісімен қаранғы түсті. Күні бойы сабылып ат үстінен түспеген Айдархан шаршап-шалдығуды білмейді. Қойларын тебіндетіп келген ол отарды қораға кіргізіп, жем берді. Бар жұмысты тындырғаннан кейін ғана үйге кірді.

Жұбайы Гүлбаршын, анасы Мәриям, екі баласы тәтті ұйқы үстінде. Шамды сығырайтып Айдархан әлі отыр. Оның алдында кітаптар жатыр. Анда-санда қаламсапты алып, дәптерге бірденелерді жазып қояды. Аға шопан сабаққа әзірленіп отыр. Семейдің мал дәрігерлік-зоотехникалық институтына түсіп, сырттан оқу ойында бар. Оқымаса болмайды...

Коммунистік еңбек екіпіндісі, озат шопан Айдархан Өжекеновтың еңбегі жемісті, тұрмысы көңілді. Жалғыз ол емес. Бүкіл «Жырақұдық» бөлімшесі коммунистік еңбек коллективі атанады. Бұдан артық зор құрмет, абырой болар ма!

М. ӘБУҒАЛИЕВ.

Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы, «Боран» совхозы.

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМДІ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның КПСС Программасында дамытылуы

(VII ТАҚЫРЫПҚА МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕС)

Қазіргі дәуірдің негізгі мазмұны адамзаттың капитализмнен социализмге өтуі болып отыр, ал, бұл дәуір Совет Одағы Коммунистік партиясының қаһармандық тарихымен тығыз байланысты. Ұлы Лениннің өзі құрған Коммунистік партия біздің ел халықтарын дүние жүзілік тарихи жеңістерге жеткізді. Россияда пролетариат диктатурасының орнауы, елімізде социализмнің түпкілікті де толық жеңуі, Совет Одағының коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуіріне енуі—жаңа қоғам құру жолындағы күресті бағыттаушы, басқарушы, ұйымдастырушы күш болып табылатын партия туралы маркстік-лениндік ілімнің салтанат құрғанын көрсететін маңызды дәлелдер. Совет адамдары партияның басшылығынан коммунизм орнату жоспарларының ойдағыдай іске асырылу кепілдігін айқын көреді.

Коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірінде экономика мен мәдениеттің барлық саласында партиялық басшылықты онан әрі жақсартудың, партиялық, мемлекеттік өмірдің лениндік принциптері мен нормаларын дәйекті түрде іске асырудың маңызы ерекше арта түседі. Бұл жөнінде партияның Орталық Комитетінің октябрь және ноябрь (1964 жылы) Пленумдары маңызды роль атқарады; бұл пленумдардың шешімдері біздің партияның құдіретті күшін, мызғымас тас-түйін бірлігін, оның өмір шындығын талдауға, шаруашылық, мәдени құрылысқа басшылық етудегі практикалық жұмысты бағалауға лениндік тұрғыдан қарайтынын ыспаттайды.

Жаңа Программада творчестволықпен дамытылған партия туралы маркстік-лениндік ілім партия тұрмысы мен қызметіндегі қазіргі дәуірге тән объективті процестерді, коммунизмнің жоғары сатысын орнатудағы оның ролін терең ұғынуға мүмкіндік береді. Осы тақырыпты оқып-үйрену үшін төмендегі жоспар бойынша үш сабақ өткізуге болады.

ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ЛЕНИНДІК ІЛІМ. КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫСТА ПАРТИЯ РОЛІНІҢ АРТУЫ.

ПАРТИЯНЫҢ ЛЕНИНДІК САРА ЖОЛЫ — КОММУНИЗМДІ ОЙДАҒЫДАЙ ОРНАТУДЫҢ БҰЛЖЫМАС НЕГІЗІ.

КПСС ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ЛЕНИНДІК НОРМАЛАРЫ.

Төменде VII тақырыпқа арналған әдебиет тізімі және бірінші сабақ жөніндегі методикалық кеңес жарияланып отыр. Екінші, үшінші сабақтарға арналған материалдар журналдың келесі санында жарияланады.

ТАҚЫРЫП ЖӨНІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ

МАРКС К., ЭНГЕЛЬС Ф. Коммунистік партияның манифесі. Екі томдық таңдамалы шығармалар, Қаз. Мем. баспасы, 1956, I том, 8—40-беттер.

МАРКС К. Вильгельм Блосқа хат (1871 жылғы 21 февраль). **МАРКС К., ЭНГЕЛЬС Ф.** Шығармалар, 33 том, 518—519-беттер.

ЭНГЕЛЬС Ф. 1889 жылғы 18 декабрьде Г. Трирге жазылған хат. **МАРКС К., ЭНГЕЛЬС Ф.** Таңдамалы хаттар, Қаз. Мем. баспасы, 1958, 444 бет.

ЛЕНИН В. И. «Не істеу керек?» Шығармалар, 5 том, I, IV тараулар, 375—393, 475—521-беттер.

ЛЕНИН В. И. Бір адым ілгері, екі адым кейін. Шығармалар, 7 том, 205—207-беттер.

ЛЕНИН В. И. Россиядағы партияның ішкі күресінің тарихи мағынасы, Шығармалар, 16 том, 395—414-беттер.

ЛЕНИН В. И. Европа мен Америка жұмысшыларына хат. (1919 жылғы 21 январь). Шығармалар, 28 том, 440—448-беттер.

ЛЕНИН В. И. Коммунизмдегі «солшылдыңтың» балалық ауруы. Шығармалар, 31 том, 1—109-беттер.

ЛЕНИН В. И. РКП(б) X съезі. 8—16 март, 1921 жыл. Шығармалар, 32 том, 161—282-беттер.

ЛЕНИН В. И. Съезге хат. Шығармалар, 36 том, 591—594-беттер.

ЛЕНИН В. И. Партия — социалистік мемлекет пен коммунистік құрылыстың басқарушы күші. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1959.

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫ.

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ УСТАВЫ.

ЖЕКЕ АДАМҒА ТАБЫНУДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮ. Партияның Орталық Комитетінің қаулысы. Саяси әдебиет баспасы, 1956.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММУНИСТІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТОПТАСУЫ ЖОЛЫНДА. Документтер мен материалдар. Саяси әдебиет баспасы, 1964.

ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ СЕЛО ОБЛЫСТЫҚ, ӨЛКЕЛІК ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ. Партияның Орталық Комитеті ноябрь (1964 ж.) Пленумының қаулысы. «Социалистік Қазақстан», 1964 жылғы 17 ноябрь.

БРЕЖНЕВ Л. И. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 47 жылдығы. Кремльдің съездер сарайындағы салтанатты мәжілісте 1964 жылы 6 ноябрьде жасалған баяндама.

СУСЛОВ М. А. КПСС-тің халықаралық коммунистік қозғалыстың топтасуы жолындағы күресі туралы. Партияның Орталық Комитетінің Пленумында 1964 жылы 14 февральда жасалған баяндама. V бөлім. «Қазақстан» баспасы, 1964.

КПСС-ТІҢ БҰЛЖЫМАС ЛЕНИНДІК САРА ЖОЛЫ. «Қазақстан коммунисті» журналы, 1964 жылғы № 10—11.

ЛЕНИНДІК ҰЙЫМДЫҚ ПРИНЦИПТЕРГЕ АДАЛДЫҚ. «Социалистік Қазақстан», 1964 жылғы 19 ноябрь.

ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ЛЕНИНДІК ІЛІМ. КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫСТА ПАРТИЯ РОЛІНІҢ АРТУЫ

Осы сабақтың мақсаты — тыңдаушыларды партия туралы маркстік-лениндік ілімнің негіздерімен таныстыру, партияның бұл ілімді өз қызметіндегі жаңа жағдайға бейімдей отырып, қалай дамытатынын көрсету. Сабақты мына жоспармен өткізген жөн.

1. В. И. ЛЕНИННІҢ ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ПАРТИЯНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІН БЕЛГІЛЕУІ.

2. КПСС-ТІҢ ЖАҢА ПРОГРАММАСЫНДА ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ІЛІМНІҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚПЕН ДАМЫТЫЛУЫ.

Тыңдаушылардың көбі партия тарихын бұрын өткен семинарларда жолдастардың біреуіне жоспардың бірінші мәселесі жөнінде (насихатшының басқаруымен) хабарлау жасауды тапсыруға болады, ал семинарға қатысушылардың қалғандары тиісті әдебиетті өздігінен оқып үйреніп, оның сөзін толықтырғаны жөн; екінші мәселе жөнінде кең түрде өзара пікір алысу керек. Үйірмелерде насихатшы әрбір мәселеден әңгіме өткізуге тиіс.

Семинарларда да, сондай-ақ үйірмелерде де насихатшының кіріспе сөзінде тыңдаушыларды жұмысшы табы партиясының ұйымдастырылу тарихымен қысқаша таныстыруы пайдалы болады. Бұл арада мына жағдайларды көрсете кеткен абзал.

Капитализмнің көрін қазушы, жаңа коммунистік қоғам орнатушы — жұмысшы табының тарихи ролін ғылыми тұрғыдан негіздей отырып, К. Маркс пен Ф. Энгельс пролетариаттың қоғамды революциялық жолмен қайта құру күресін басқару үшін оған дербес саяси ұйым қажет деп тапты. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар жұмысшы табының дербес саяси партиясы қажет екенін дәлелдеп қана қойған жоқ, сонымен қатар осындай ұйымды — Коммунистер Одағын (1847 жыл) құрды да. Одақтың тапсыруы бойынша К. Маркс пен Ф. Энгельс жұмысшы табы мен оның партиясының революцияшыл күресінің программалық тұңғыш документін — «Коммунистік партияның манифесін» жазды. Онда пролетариат партиясы жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отряды деп көрсетілді. Оның міндеті — пролетариатты буржуазияны құлату жолындағы күреске, коммунистік қоғам орнатуға аттандыру (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалар, 4 том, 437—447, 458—459-беттер).

К. Маркс, Ф. Энгельс 1864 жылы пролетариаттың бұқаралық халықаралық ұйымын — Бірінші Интернационалды (Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігін) құрды. Маркс Интернационалдың аса маңызды міндеті — революциялық күресті бірлесіп жүргізу үшін түрлі елдің жұмысшы қозғалысын біріктіру, ғылыми коммунизм идеясының жеңісін қамтамасыз ету, пролетариаттың басшы кадрын тәрбиелеу деп есептеді.

Коммунистер Одағының, Бірінші Интернационалдың қызметінде пролетариаттың саяси партиясының идеялық, ұйымдық принциптері дамып отырды. Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Лондон конференциясының (1871 жыл) К. Маркс пен Ф. Эн-

гельс жазған «Жұмысшы табының саяси қимылы туралы» қарарында жұмысшы табының саяси партиясын ұйымдастыру қажеттігі жайындағы қағида айдан айқын тұжырымдалған, мұның өзі социалистік революцияның жеңуінің, оның түпкі мақсаты орындалуының — тапсыз қоғам орнатудың кепілі деп көрсетілген. (К. Маркс, Ф. Энгельс, 17 том, 426—427-беттер).

Жұмысшы қозғалысының тәжірибесін және Париж Коммунасының сабақтарын ескере отырып, Лондон конференциясы әр елде жұмысшылардың дербес саяси партиясын құру қажеттігін атап көрсетті.

В. И. Ленин былай деп атап көрсетті: «Дүние жүзіндегі барлық елде жұмысшы қозғалысының өлшеусіз зор көлемде өскен заманына, атап айтқанда: жұмысшы қозғалысының кеңейе өскен заманына, жеке ұлттық мемлекеттер негізінде жұмысшылардың бұқаралық социалистік партияларының құрылу заманына орын беріп, I Интернационал өзінің тарихи ролін аяқтады» (Шығармалар, 21 том, 38-бет).

XX ғасырдың басында революциялық қозғалыстың орталығы Россияға көшті, мұнда империалистік қайшылықтар әбден шиеленісіп, асқынған еді, мұнда бұл қайшылықтарды революциялық жолмен шешуге икемді қоғамдық күштер пісіп жетілген болатын. Патша өкіметі мен капитализмді құлату, социалистік революция жасау Россия пролетариатының практикалық міндетіне айналды.

В. И. Ленин жұмысшы табының партиясы туралы К. Маркс пен Ф. Энгельстің тұжырымдары мен қағидаларын тарихи жаңа жағдайда дамытып, байыта түсті, партияның теориялық және саяси негіздерін жасады, оның ұйымдық принциптері мен ішкі тұрмысының нормаларын тұжырымдады, жаңа тұрпатты партия құрды. Партия туралы лениндік ілім маркстік ғылымға қосыпған аса маңызды үлес.

В. И. ЛЕНИННІҢ ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ПАРТИЯНЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІН БЕЛГІЛЕУІ

Тақырыптың бұл тарауын оқып үйренгенде ең әуелі мынадай мәселелерді анықтап алудың маңызы бар: пролетариаттың жаңа тұрпатты партиясы деген не; В. И. Ленин белгілеген оның идеологиялық, саяси және ұйымдық негіздері қандай, партия туралы лениндік ілімнің интернационалдық маңызы неде? Бұл мәселелердің кейбіреуіне тоқталып өтейік.

XX ғасырдың қарсаңындағы пролетариаттың социалистік қозғалысына талдау жасай отырып, В. И. Ленин былай деп көрсетті: оппортунизмге бой ұрған II Интернационалдың батыс еуропалық социал-демократияшыл партиялары жұмысшылардың революцияшыл күресін ұйымдастыру және оны басқару қабілетінен айрылды, буржуазияшыл-парламенттік оппозициядан олардың айырмашылығы шамалы болды. Бұл жағдайда, деп атап көрсетті В. И. Ленин, оппортунизмге ымырасыз, буржуазияға революциялық тегеурінмен қарайтын жаңа тұрпатты пролетариат партиясын, әлеуметтік революция мен пролетариат диктатурасының партиясын құру қажет болды. «Революцияшыл пролетариаттың ДЕРБЕС, бітіспес маркстік партиясын біз социализм жеңісінің бірден бір кепілі, және жеңіске жетудің... жолы деп білеміз» деп жазды Владимир Ильич («Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасау туралы») — (Шығармалар, 8 том, 156-бет). В. И. Ленин маркстік партия дегеніміз жұмысшы қозғалысының социализммен ұштасуы екені жөніндегі қағиданы дәлелдеді, жұмысшы қозғалысы үшін, оны басқарып отырған партия үшін озат революцияшыл теорияның маңызын ашып берді. Ол пролетариаттың саяси көсемі, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы, ұйымдасқан отряды ретіндегі партия туралы ілімді онан әрі дамытты.

Владимир Ильич партияны идеялық, теориялық жағынан қаруландыруға ерекше маңыз берді. «...Алдыңғы қатарлы теорияны қолданған партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады» деп жазды ол «Не істеу керек?» деген еңбегінде. (Шығармалар, 5 том, 396-бет). Осындай алдыңғы қатарлы, революцияшыл теория партияның идеологиялық негізі марксизм болып табылады. Қоғам дамуының объективті заңдылықтарын, тап күресінің заңдарын аша отырып, маркстік теория қоғамдық прогрестің перспективаларын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді. Сол арқылы ол партияның революцияшыл қозғалыстың мақсат-міндеттерін дұрыс белгілеуіне, оқиғалардың барысын күні бұрын болжауына, әрбір нақты тарихи кезеңде өзінің саяси қызметін соған қарай бейімдеп құруына мүмкіндік береді.

Жұмысшы табы мен оның партиясының идеологиясы буржуазияның идеологиясымен ешбір ымыраға келмейді. Өз позицияларын сақтауға тырыса отырып, қанаушы таптар жұмысшылардың сана-сезімін улау үшін, олардың қатарында идеялық жіктелу үшін, революцияшыл қозғалыс арасына ірткі салу үшін барлық айла-шарғы жасап бағуда. Пролетариатқа буржуазияның ықпал ететін негізгі көрінісінің бірі,

мүмкін ең бастысы, деді Ленин, ревизионизм болып саналады, оның идеологтары маркстік теорияның негізгі қағидаларының өңін айналдырады. Дүниеге маркстің көз-қарастың тазалығы жолындағы күрес, оппортунизмнің барлық түріне қарсы күрес, буржуазиялық идеология мен моральға қарсы күрес жұмысшы табының аса маңызды міндеті болатыны да міне осыдан.

Марксизмнің ніршіксіз тазалығын қорғай отырып, Ленин революцияшыл теорияны творчестволықпен дамыту, оны практикалық тәжірибемен байыту қажеттігін, догматизмге қарсы күрес жүргізу қажеттігін еренше атап көрсетті. «Біз Маркстің теориясын аяқталған және дамытуға болмайтын бір нәрсе деп тіпті де қарамаймыз, — деп жазды Владимир Ильич «Біздің программа» деген мақаласында, — қайта, біз бұл теорияны социалистер өмірден кейін қалғысы кеймейтін болса, барлық бағытта одан әрі алға басуға тиісті болған ғылымның ірге тасын ғана қалады деп білеміз» (Шығармалар, 4 том, 218-бет). В. И. Лениннің өзінің істеген қызметі марксизмге творчестволықпен қараудың үлгісі болды, ол маркстік ақыл-ойдан туған ең жаңа жетістіктерді партияның өзінің идеялық қаруы етуіне үнемі қамқорлық жасап отырды.

Марксизм-ленинизмге деген адалдық, оны творчестволықпен дамыту, революцияшыл теорияны ревизияшылдық пен догматтық бұрмалауға ешбір төзбеу — партияның авангардтық рольді іске асырудағы аса маңызды шарттарының бірі.

Партияның идеологиялық негіздері қоғамдық дамудың қажетіне сай оның саясатын, ғылыми коммунизм теориясын іске асыру күресіндегі ұйымдық қызметін, басшылық ролін анықтайды. Идеология мен саясаттың, теория мен практиканың бірлігі — жаңа тұрпатты партия қызметінде берік негізге алынатын принциптердің бірі.

Жұмысшы табы мен оның одақтастарының саяси күресінде басшылық роль атқара отырып, партия күрестің сол бір кезеңіне маркстік тұрғыдан ғылыми талдау жасау арқылы өзінің саяси бағытын, яғни өзінің стратегиясы мен тактикасын белгілейді. (Әдетте, стратегия деп бүтіндей бір тарихи кезеңге арналған саяси бағытты, ал тактика деп нақты бір жағдайға байланысты қысқа кезеңге арналған саяси бағытты айтады). Саяси бағытты яки сара жолды белгілей отырып, партия сол тарихи кезеңдегі өз қызметінің ғылымға негізделген мақсатын алға қояды, тап күштерінің орналасуын еске ала отырып, өз тактикасын анықтайды. «Белгілі бір қоғамдағы тегіс барлық таптың өзара қатынастарының бүкіл жиынтығын объективті есептеу ғана, демек сол қоғамның дамуының объективті сатысын есептеу ғана және сол қоғам мен басқа қоғамдардың өзара қатынастарын есептеу ғана, — деп жазды В. И. Ленин өзінің «Карл Маркс» деген еңбегінде, — алдыңғы қатардағы таптың дұрыс тактикасының тірегі бола алады». (Шығармалар, 21 том, 64-бет).

В. И. Ленин партияның саясаты ғылым және өнер іспеттес деп атап көрсетті. Мұның мәнісі мынада: саяси басшылық жағдайды тем дұрыс, ғылыми тұрғыдан талдауды ғана, соның негізінде белгілі бір тактикалық бағыт белгілеуді ғана талап етіп қоймайды, сонымен қатар осы бағытты іске асыруда керемет білгірлікті, асқан шеберлікті, шын мәнісіндегі өнерді де талап етеді. Бұл, ең алдымен, бұқара арасында жұмыс істей білу, соған арқа сүйеп, онымен байланысты нығайта білу, бұқараның нақты істегі бай тәжірибесін пайдалана білу деген сөз. Сол сияқты саяси басшылық өнері белгілі бір жағдайға сайма-сай келетін күрес түрлерін дұрыс тауып, қолдана білуде, бұл күрес түрлерін ауыстыра қоюға әрдайым даяр бола білуде. Белгілі бір кезеңде орындалуға тиісті негізгі міндеттерді талдап айыра білудің зор маңызы бар. Практикалық тәжірибе негізінде саяси басшылық өнерін ұдайы жетілдіру, деп көрсетті В. И. Ленин, жұмысшы табы партиясының аса маңызды міндеттерінің бірі.

Тап күресінде саяси басшылық ету жұмысшы табы авангардының бірлесіп қимыл жасауын, ұйымшылдық көрсетуін талап етеді. Жұмысшы табының ұйымдасқан отряды болып әрекет еткен жағдайда ғана, деп көрсетті В. И. Ленин, партия революцияшыл күрестегі өзінің саяси көсемдік ролін ойдағыдай атқара алады.

Партияның ұйымдық құрылымы негізіне В. И. Ленин белгілеген демократиялық централизм принциптері алынған. Партияның ішкі демократиясы партия қызметінде қатаң тәртіптілікпен, партия қатарының бірлігімен біте қайнасып, ұштасуда. Өз мүшелеріне кең праволар бере отырып, партия олардан Программаға, оның мақсаттары мен міндеттеріне шексіз берілуді, бұларды іске асыру жолында белсене күрес жүргізіп отыруды талап етеді. Партияға жат көзқарасты уағыздау партияда болумен ешбір сыйыспайды.

Партияның Ленин ұсынған аса маңызды ұйымдық принципі — коллективтік басшылық принципі. Бұл принципті бұлжытпай сақтау — партия демократиясының бірінші де міндетті шарты. В. И. Лениннің бүкіл қызметі коллективтік басшылықты қалай іске асырудың, партияның ішкі демократиясын өмірде қолданудың үлгісі болды. Үйірме сабақтары мен семинарларда А. А. Андреевтің есте қалғандарынан үзінді

келтірген орынды, онда совет өкіметінің алғашқы жылдарында партия мен мемлекетті басқарудың лениндік стилі көрсетілген.

«Мәжілістер үстінде қатал қатты тәртіп ұсталғанына қарамастан, — деп еске түсіреді А. А. Андреев, — дұрысын айту керек, сол мәжілістерде ешқандай қысылып қымтылуды сезбейтінбіз, жолдастық жағдайда емін-еркін отыратынбыз. Ленин әмірлі кісі болды, бірақ еш уақытта оның адамға қараған кезінде, айтқан сөзінде ызаңды келтіретін, намысыңа тиетін ештеңе болмаушы еді. Әркім көкейіне не ой келсе, соны айтатын, біреу ауыздан қатты қағып жіберер-ау деп именбейтін. Ленинмен қай мәселе жөнінде де емін-еркін сөз таластыруға мүмкін болушы еді, ондай айтыстар тартыстар болып та тұрды. Ол еш уақытта өз ойын даусыз пікір деп санамайтын, басқалардың дәлелдерін ылғи ден қойып, ұйып тыңдайтын.

Лениннің отырған жұртты ешқандай қысылдырар қылығы болмайтын, мен тіпті, ол жетекші сұраулар қойғыштап, әрберден соң адамды жадыратып, ойындағысын қысылмай айтуға ықыластандыратын еді дер едім; егер сөйлеуші адам қызық бірдеңе айтып тұрса, зейін қойып тыңдайтын әдеті бар-ды. Сөйте отырып, ол ешқашан, ешбір принципті қателікті қалт жіберген емес. Әңгіме принципті, аталы мәселелер жөнінде айтылған кезде, Ленин бізді жеңілдіруге, большевиктік принциптерді бұзуға тырысатындардың күллісіне рақымсыз болды». (Владимир Ильич Ленин туралы есте қалғандар, II бөлім, Қазақ. Мем. баспасы, 1959 жыл, 40-бет).

Тақырыптың бірінші тарауын өту қорытындысында партия туралы лениндік ілімнің интернационалдық маңызын атап көрсету қажет.

Партия туралы ілімнің негізгі қағидаларын тыңдаушылардың жақсы түсінуі үшін лениндік ілімнің біздің партия құрылысында, оның практикалық қызметінде қалай жүзеге асқанын насихатшының айта кеткені жөн. Атап айтқанда: партияның қызметінде, пролетариаттың тап күресінде революцияшыл теорияның маңызын, социалистік революция туралы маркстік ілімді В. И. Лениннің дамытқан үлгісі арқылы (қараңыз: «Партия тарихы оқулығы», 6-тарау, §3), партияның саясатын лениндік тұрғыдан белгілеуді — бірінші орыс революциясында большевиктердің қолданған тактикасының үлгісі арқылы көрсетуге болады (қараңыз: сонда, III тарау, § 2). Партия қатарының мызғымас тас-түйін бірлігі мен берік топтасуының лениндік талабы РКП(б) X съезінің «Партияның бірлігі туралы» Владимир Ильич жазған қарарында айқын көрсетілді. («Қараңыз: «КПСС қарарлары» 1-бөлім, 529-бет). Насихатшы мен тыңдаушылардың өзге де мысалдар келтіріп, қарастыруларына болады.

Сабақ үстінде партия туралы лениндік ілімнің негізгі барлық қағидалары мен бірлігін, өзара тығыз байланысын, оның творчестволық сипатын, В. И. Лениннің еңбектерінде, коллективтік түрде қабылданған шешімдерде және партияның басқа документтерінде партия туралы ілімнің дамуын, байи түсуін көрсетудің де маңызы бар. Осы мақсатпен тыңдаушыларға шамамен мынадай сипатта бірнеше қосымша сұрақтар беруге болады: жаңа тұрпатты партияның идеологиялық, саяси және ұйымдық негіздерінің бірлігі неде; социалистік революция жеңгеннен кейін партияның басшылық ролі туралы лениндік қағида қандай жаңа кезеңдермен сыпатталады; социалистік құрылыс жылдарында партияның бұқарамен байланысының қандай жаңа түрлері мен әдістері дамуда және тағы басқалары. Осы тәрізді сұрақтар тыңдаушылардың нақты материалды еске түсіруіне жәрдемдеседі, сабақтың келесі мәселесін — партияның XX, XXI, XXII съездерінің шешімдерінде, жаңа Программасында партия туралы ілімнің онан әрі творчестволықпен дамуы туралы мәселені олардың түсінуін оңайлатады.

Бірінші мәселеге арналған әдебиет жөнінде бірер сөз. Үйірме мен семинар жетекшілері, сондай-ақ тыңдаушылар, ең алдымен Ленин шығармаларын оқып үйренуі керек. Біз осы тақырыпты оқып үйрену тұрғысынан Лениннің аса маңызды еңбектерін ғана және олардың партияны құруда негізге алынған принциптер тұжырымдалған, сол принциптер қарастырылған жерлерін ғана көрсетеміз. «Біздің қозғалыстың шұғыл міндеттері» (Шығармалар, 4-том), «Неден бастау керек!» (Шығармалар, 5-том), «Съезге хат» (Шығармалар, 36-том) — бұлар көлемі шағын шығармалар, олармен тұтас танысуға болады. «Не істеу керек?» (Шығармалар, 5-том) деген кітапта мына тарауларға нөңіл бөлу керек: Алғысөз, Энгельс теориялық күрестің маңызы туралы, Жұмысшы табы — демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер. Жұмысшылар ұйымы мен революционерлер ұйымы. Газет коллективтік ұйымдастырушы бола ала ма?. Қорытынды; «Бір адым ілгері, екі адам кейін» деген еңбекте (Шығармалар, 7-том): Алғысөз, Съезді даярлау, Съездегі жіңірткінің маңызы, Уставтың бірінші параграфы, Съездегі күрестің жалпы суреті, Партияның революциялық қанаты мен оппортунистік қанаты; «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген ең-

бекте (Шығармалар, 31-том): Большевиктердің табысының негізгі шарттарының бірі. Большевизм тарихындағы басты дәуірлер.

Сабаққа даярлану үшін үйірме мен семинар тыңдаушыларының «Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы» оқулығынан екінші тарауды және «Марксизм-ленинизм негіздері» атты көмекші оқу құралынан «Маркстік-лениндік партия және жұмысшылардың тап күресіндегі оның ролі» деген тарауды оқығаны пайдалы. Сабаққа «КПСС тарихы» деп аталатын көрнекі құралды (Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962), атап айтқанда, оның мына тарауларын пайдаланған жөн: Маркстік партияны құрудың лениндік жоспары, РСДРП-ның II съезі және басқалары; РСДРП-ның II съезінің 60-жылдығына арнап шығарылған «Партия — біздің жетекшіміз» (Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1963) деген көрнекі құрал.

В. И. Ленин мен оның шәкірттерінің Россияда жұмысшы табының революцияшыл партиясын құру жөніндегі орасан зор қызметі жайлы, оның лениндік принциптерінің жеңісі туралы баяндайтын қызықты материалдар мемуарлық әдебиетте жазылған. Мысал үшін мыналарды айтуға болады: Н. К. Крупскаяның «Ленин және партия» (Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1963) деген кітабы, «РСДРП-ның II съезі туралы естеліктер» (Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1959) деген жинақ.

КПСС ЖАҢА ПРОГРАММАСЫНДА ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ЛЕНИНДІК ІЛІМНІҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚПЕН ДАМЫТЫЛУЫ

Коммунистік құрылыстың кең өрістетілген жағдайында жаңа тарихи кезеңде партияның ел өміріндегі ролін анықтау, КПСС саясатының ғылыми негіздерін, оның ұйымдастыру, идеологиялық жұмысын белгілеу, партияның ішкі тұрмысының түрлерін жетілдіру керек болды. Бұл міндетті партияның XX, XXI, XXII съездері, жаңа Программасы ойдағыдай шешті. Партияның коллективтік ой-пікірді білдірген бұл шешімдерінде, КПСС Программасында партия туралы лениндік ілім онан әрі творчестволықпен дамыды, теориялық, сондай-ақ практикалық маңызы зор елеулі қорытындылар жасалды.

Коммунизмнің кең өрістетілген құрылысы советтік қоғам дамуындағы сапасы жағынан мүлдем жаңа кезең болып табылады. Бұл кезеңде социализмнің артықшылықтары барлық жағынан толық ашылып көрінеді, коммунистік құрылыстың түбегейлі міндеттері қалың бұқараның белсенді қатысуымен тікелей орындалады. Сонымен қоса бұл кезең, КПСС Программасында атап көрсетілгендей, партияның дамуындағы жаңа белес болып саналады, өйткені партияның өмірі, оның қызметі қоғамның өмірімен, оның дамуымен тығыз байланысты, ол қоғамдық прогрестің объективті заңдары негізінде дамиды.

Өткен сабақтарда үйірме мен семинар тыңдаушылары социализм, коммунизм құрылысының негізгі заңдылықтарымен танысқан болатын.

Осы тақырыптың екінші тарауын оқып үйренгенде мына мәселелерді қарастырылған абзал: КПСС — бүкіл совет халқының партиясы; партияның коммунистік құрылыстағы ролі мен маңызының өсуі; партияның ішкі тұрмыс түрлерінің жетілдірілуі.

Біздің партияның бүкіл халық партиясына айналуы туралы КПСС Программасындағы қағидаға ерекше назар аудару керек болады.

Социалистік құрылыстың барысында совет қоғамының таптық құрылымы мықтап өзгерді. Елде барлық қанаушы тап жойылды. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру нәтижесінде шаруалар, жұмысшылар сияқты, өндіріс құралына қоғамдық меншікпен, шаруашылықтың социалистік түрлерімен байланысты әлеуметтік жағынан бір тектес тапқа айналды. Сөйтіп, колхозшы шаруалар социализмді, коммунизмді тікелей орнатушылардың қатарына сапқа келіп тұрды. Біздің интеллигенцияның бейнесі де түбірінен өзгерді. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында партия негізінен буржуазия, ұсақ буржуазия арасынан шыққан, көбісінің көзқарасы пролетариатқа жат интеллигенциямен істес болды. Социалистік құрылыс дәуірінде елімізде жұмысшы табымен, шаруалармен қаны бір, партия мен халықтың мүдделеріне шексіз берілген шын мәнісіндегі халықтық интеллигенция өсіп жетілді.

Социалистік өндіріс қатынастарының онан әрі дамуы, мемлекеттік және колхоздық-кооперативтік меншіктің бір-бірімен жақындасуы, бүкіл совет халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдениетінің артуы негізінде тап айырмашылығы жойылуының қарқыны жылдамдатыла түсті.

Совет Одағында социализмнің жеңіп нығаюы арқасында тарихта тұңғыш рет мынадай жағдай туды: жұмысшы табының дүниеге көзқарасы бүкіл халықтың көзқарасына айналды. Пролетариаттың көкейтесті мүдделерін ғылыми тұрғыдан білдіруші марксизм-ленинизм бүкіл совет халқының іліміне, оның социализм, коммунизм жолындағы күресінің туына айналды. Идеялық жағынан ұйымдасқан, саяси

бірлігі күшті совет халқы тарихта бұрын болмаған, әлеуметтік, ұлттық антагонизмдерден азат адамдардың жаңа қауымы болып отыр.

Біздің елдегі социалистік құрылыстың барысында болған экономикалық, әлеуметтік және саяси жетістіктерге талдау жасау негізінде XXII съезд партияның жаңа Программасында мынадай қорытынды жасады: елімізде социализмнің жеңуі, совет қоғамының әлеуметтік-саяси және идеялық бірлігінің нығайуы арқасында Совет Одағының Коммунистік партиясы бүкіл халықтың партиясына айналды. Соның өзінде КПСС-тің жұмысшы табы партиясы болудан қалмағанын атап көрсету керек, өйткені ол жұмысшы табының коммунистік мұраттарын білдіруші болып келді және бұдан былай да бола береді де, ал қоғамның нағыз алдыңғы қатарлы, ұйымдасқан күші болып отырған жұмысшы табы коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірінде өзінің басшылық ролін іске асырады. Советтік қоғам дамуының диалектикасы, партияның өзінің даму диалектикасы міне осындай.

КПСС-тің бүкіл совет халқының партиясына айналуы жайындағы қорытынды — партия туралы маркстік-лениндік ілімге қосылған маңызды үлес, ол ілімнің партия мен елдің өміріндегі тарихи жаңа кезең жағдайларына сай творчестволықпен дамуының көрінісі.

Қоғамды революцияшыл жолмен қайта құрудағы партияның авангардтық ролі туралы лениндік қағиданы дамыта, біздің елдегі социалистік құрылыстың тәжірибесін творчестволықпен жинақтай отырып, партия өзінің жаңа Программасында: коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірінде, — социалистік өндіріс пен қоғамдық өмірдің күллі саласында қайта құру өрісінің орасан зор көлемде ұлғайған шағында совет қоғамының басшы, бағыт беруші күші — Коммунистік партияның ролі бұрынғыдан бетер өлшеусіз арта түседі деп қорытынды жасады.

Коммунистік құрылыстың жаңа кезеңінде партия ролінің артуы совет елі өміріндегі нақты процестерді бейнелейтін дамудың объективті заңдылығы болып саналады. Мұны тыңдаушылардың жақсылап түсінуінің маңызы да ерекше. Партия ролінің артуы коммунистік құрылыс міндеттерінің бұрын болып көрмеген көлемде ұлғайуымен, қалың бұқараның творчестволық белсенділігінің керемет шарықтауымен, мемлекетті басқаруға тыңнан миллиондаған еңбекшінің қатысуымен, социалистік демократияның ойдағыдай дамуымен, қоғам тіршілігінде маркстік-лениндік ғылым ролінің керемет өсуімен, халықты коммунистік рухта тәрбиелеу міндеттерімен байланысты болып отыр.

Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндамасында В. И. Ленин былай деді: «Тарихи қимылдардың құлашы неғұрлым зор болса, өрісі неғұрлым кең болса, бұл қимылдарға қатысушы адамдардың саны да соғұрлым көп болады және керісінше, біздің жүргізгелі отырған қайта құру ісіміз неғұрлым терең болса, оған ықылас қоюшылықты, саналы түрде қараушылықты соғұрлым көтере түсуіміз керек, бұл қажеттілікке үсті-үстіне сан миллиондаған, он миллиондаған адамды сендіре түсуіміз керек». (Шығармалар, 31-том, 514-бет).

Шынында, коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірі еңбекшілердің зор саяси еңбек өрлеуімен сыпатталады, қазір жаңа дүние құруға бүкіл совет халқы тікелей қатысуда. Әлбетте, қалың бұқараны ұйымдастыру, оның күшін мақсатты бағытпен біріктіріп отыру партияның басшылық ролін күшейтуді, оның ұйымдастыру жұмысының түрі мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Екінші жағынан, партия Программасында белгіленген әлеуметтік-экономикалық қайта құрылыстардың маңызы зор. Мұның өзі осы қайта құрылыстарды жасау қажеттігіне миллиондаған бұқараның көзін жеткізу міндетін, оларға саналы қараушылықты тәрбиелеу, қайта құрылыстарды іске асыруға жұрттың белсенді қатысуын қамтамасыз ету міндетін алға қояды. Міне, сондықтан да партияның идеологиялық, тәрбие жұмысының маңызы зор болып отыр.

Партия қоғамның өндіргіш күштерін дамытуды, соның негізінде совет адамдарының ал-ауқатын көтере түсуді өзінің басты міндеті деп санайды. Бұл міндетті еңбек өнімділігін үздіксіз арттырмайынша, техниканы, технологияны, өндірісті ұйымдастыруды ұдайы жетілдірмейінше орындауға болмайды, мұның өзі ғылымның, техниканың қазіргі замандағы жетістіктерін, экономика мәселелерін, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға басшылық ету мақсатымен партияның жүргізіп отырған үлкен ұйымдастыру жұмыстарын терең білуді керек етеді.

Қоғамдық жаңа қатынастарды қалыптастыру жөнінде партияның алдында күрделі міндеттер тұр. Коммунистік құрылыстың кең өрістетілген дәуірі социалистік демократияның онан әрі дамытылуымен, қоғамдық ұйымдар ролінің артуымен, одактас республикалардың, жергілікті совет, шаруашылық органдары праволарының ұлғайуымен сыпатталады. Қоғамдық-саяси ұйымдардың жоғары түрі, жалпы халықтық

мүдделерді білдіретін Коммунистік партия барлық қоғамдық, мемлекеттік ұйымның күштерін біріктіруге, басқаруға, солардың қызметін бір мақсатқа бағыттауға тиіс.

В. И. Ленин социализм, коммунизм орнату дәуірінде халық шаруашылығын басқаруға халықтың көпшілігін, ал сонан соң күллі халықты қатыстыруды партия міндеттерінің бірі деп білді. Ол былай деп жазды. «Коммунизм былай дейді: пролетариаттың авангарды Коммунистік партия, жұмысшылардың партияда жоқ бұқарасына басшылық етеді, бұл бұқараның бүкіл халық шаруашылығын басқару ісін өз қолына жинақтап аларлықтай дәрежеге жете алу үшін және жету үшін алдымен жұмысшыларды, онан соң шаруаларды оқытып, білімін арттырады, даярлайды, үйретеді, тәрбиелейді (коммунизм «мектебі»)» (Шығармалар, 32 том, 33-бет).

Лениннің бұл нұсқауын орындай отырып, партия жұмысшы-шаруалар бұқарасын жетілдіру, оқыту, тәрбиелеу жөнінде зор жұмыс істеді. Соның нәтижесінде халықтың еңбектегі, саяси белсенділігі өлшеусіз өсті, мемлекеттік істер мен өндірісті басқаруға миллиондаған еңбекші қатыстырылды. Партия бұқараның белсенділігін арттырып, оны негізгі мақсатты орындауға бағыттап отырады. Бұқараға басшылық дәрежесі де неғұрлым жоғары болса, бұқараның белсенділігі де соғұрлым жоғары болады.

Партия Программасы коммунизмдегіше тұрмыс құрып, еңбек ететін жаңа адам тәрбиелеу міндетін алға қойып отыр. Бұл міндетті орындау партияның идеологиялық жұмысын онан әрі жақсартуды, әрбір коммунисті, еңбекшілердің қалың бұқарасын идеялық шыңдау үшін партия ұйымдарының жауапкершілігін арттыруды, коммунизм құрылысының моральдық кодексі принциптерін іске асыруды көздейді.

Совет қоғамы дамуының түбірлі мүдделері шаруашылық, мәдени құрылыстың барлық учаскесінде басқарудың ғылыми дәрежесін көтеруді талап етеді. Бұл дәреже қоғам дамуындағы объективті заңдылықтарды дұрыс қолдана білуге, коммунистік құрылыстың практикасында осы заңдылықтарды есепке алып отырудың неғұрлым тиімді түрлерін белгілей білуге байланысты. Түбі шикі, лақап сәуегейлің, нақты мүмкіндіктермен санаспау, беталды ойдан шығарылған негізсіз шешімдер қабылдау — ғылыми коммунизм партиясы болып отырған біздің партияның табиғатына мүлде қайшы әрекеттер. Өз саясатында, шешімдері мен іс-әрекетінде партия өмір шындығын нақты талдауды, қазіргі жағдай талаптарын жан-жақты ескеруді негізге алып отырады.

Коммунизм құрылысында партия ролінің артуы туралы айтқанда мына жағдайды атап көрсетудің маңызы бар: бұл арада әңгіме тек бүтіндей партияның ролі туралы ғана емес, сонымен қатар оның барлық ұйымы, мұның ішінде бастауыш ұйымдары туралы болып отыр. Істің түйіні бастауыш ұйымдарда шешіледі, қалың бұқараны тікелей ұйымдастыратын да солар ғана, партия іс жүзінде тек солар арқылы бұқараға басшылық етеді, өзінің саясаты мен шешімдерін іске асырып отырады.

Лениндік партияның басшылығынан, оның ұйымдастыру, бағыт берушілік қызметінен совет адамдары біздің құрылыстың құдіретті де алып күшін, коммунистік қоғам орнату жоспарларын ойдағыдай іске асырудың кепілін айқын көреді.

Партияның Программасында: коммунистік қоғам орнатып жатқан халықтың алдыңғы қатарлы отряды — партия қоғамның өзін өзі басқарудың неғұрлым жетілдірілген түрлерін белгілеудің үлгі-өнегесін көрсете отырып, өзінің ішкі партиялық тұрмысын ұйымдастыруда да алдыңғы қатарда келеді, деген маңызды қорытынды жасалған. Бұл қорытынды партия тұрмысындағы лениндік принциптерді онан әрі дамыту болып саналады.

XX съезд партия тұрмысының шын мәнісіндегі лениндік принциптерін қалпына келтіру шараларын белгіледі. Жеке адамға табынушылықты батыл айыптай отырып, партия өзінің ішкі демократиясын онан әрі дамыту жөнінде көлемді жұмысты өрістетті. Партияның XXII съезі қабылдаған Программа мен Уставта өкімет билігінің жеке қызметкер қолында шамадан тыс шоғырлануына, оның коллектив бақылауынан шығуына қарсы бағытталған бірқатар шара белгіленді. Бұлар мынадай: партияның барлық сайланып қойылған органының құрамын үнемі жаңартып отыру; партия ұйымдарында сайлап қою, сондай-ақ есеп беріп отыру принципін қолдануды кеңейту; партия жиналыстарының, конференцияларының, съездерінің, партия комитеттері пленумдарының және басқа да коллективтік органдарының ролін көтеру; қоғамдық негіздегі партия жұмысын кеңінен дамыту; сын мен өзара сынды барынша өрістету. Осы шараларды дәйекті түрде қолдану — коллективтік басшылықтың лениндік принципін жүзеге асырудың, басшы партия органдарына жаңа тың күштердің көптеп келіп қосылуының, қарт кадр мен жас кадрды дұрыс ұштастырып отырудың кепілі.

Партияның ішкі тұрмыс мәселелерін жетілдіру, оның басшылық ролін күшейту жолындағы маңызды белес — КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь, (1964 ж.) Пленумдарының шешімдері. Коммунистік құрылыста партияның және оның

жергілікті органдарының басшылық ролін күшейту, әрбір облыстың, өлкенің, республиканың шаруашылық, мәдени жағынан даму міндеттерін неғұрлым ойдағыдай орындау мақсатымен КПСС Орталық Комитетінің ноябрь Пленумы партия ұйымдарының, олардың басшы органдарының территориялық-өндірістік белгі бойынша құрылу принциптеріне қайта оралу қажет деп тапты. Партияның басшы органдарының бұлай құрылу керек екені партияның XXII съезінде қабылданған жаңа Уставта белгіленген болатын.

Партияның ішкі демократиясының онан әрі дамуын партия коммунистердің белсенділігі артуындағы, коммунистік ізгі мұраттарды жүзеге асыру жолында олардың жауапкершілігін күшейтудегі шешуші шарттардың бірі деп біледі. Ел мен партияның іс-жағдайы үшін әрбір коммунистің жауапкершілік сезімін мықтап арттыруға партия мейлінше қатты зер салып отыр.

Біздің партия тәжірибесінің, маркстік-лениндік ілім негізінде құрылған оның күллі қызметінің бүкіл халықаралық қозғалыс үшін принциптік маңызы бар, мұны тарих көрсетіп отыр. Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің 1960 жылғы Кеңесінің Мәлімдемесінде былай делінген: «Маркстік-лениндік партиялар демократиялық централизм принциптері негізінде партия өмірінің лениндік нормаларын дәйектілікпен сақтауды өз қызметінің бұлжымас заңы деп санайды, олар партияның бірлігін көздің қарашығындай сақтау керек, партиялық демократия мен коллективтік басшылық принципін қатаң сақтау керек..., коммунистердің творчестволық ой-өрісі мен инициативасын дамытуға бөгет болатын жеке адамға табынушылыққа жол бермеу керек, коммунистердің белсенділігін барынша дамытып, партия қатарындағы сын мен өзара сынды өрістете беру керек деп санайды» (Коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің Москвада (1957 және 1960) және Бухаресте (1960 ж.) болған кеңестерінің Документтері, Қаз. Мем. баспасы, 1961, 82-бет).

Осы тақырыптың нақты материалы тыңдаушыларға белгілі дәрежеде бұрыннан таныс. Семинарларда насихатшының тек кіріспе сөз сөйлеп, қорытынды жасауының, сабақ тақырыбындағы жеке мәселелер бойынша бірнеше жолдасқа хабарлар жасауды тапсыруының өзі жеткілікті болады. Мұнда шамамен мынадай мәселелер талқылануы керек: КПСС-тің бүкіл совет халқының партиясына айналуындағы басты алғышарт — советтік қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық жетістіктер; КПСС қатарының өсуі және партияның бұқарамен байланысының нығаюы; партия халық үшін өмір сүреді, соған қызмет етуді өз жұмысының мәні деп біледі; коммунистік құрылыста партия ролі артуының объективті жағдайлары; КПСС XX съезінің лениндік бағыты негізінде партияның ішкі демократиясының дамуы және тағы сол сияқты мәселелер. Осындай мәселелерді қарастырған кезде тыңдаушылардың жергілікті материалды кең пайдаланғаны да жөн.

Сабаққа даярлану үшін мына әдебиетті пайдалануға болады: Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы, II бөлім, VII тарау; Совет Одағы Коммунистік партиясының Уставы; Совет Одағы Коммунистік партиясы XX съезінің КПСС Орталық Комитетінің есебі бойынша қабылдаған қарары, III тарау; СССР халық шаруашылығын еркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары, VII тарау; Совет Одағы Коммунистік партиясы XXII съезінің КПСС Орталық Комитетінің есебі бойынша қабылдаған қарары, III тарау; Жеке адамға табыну және оның зардаптарын жою. Партияның Орталық Комитетінің 1956 жылғы 30 июньдегі қаулысы; Өнеркәсіптік және село облыстық, өлкелік партия ұйымдарын біріктіру туралы КПСС Орталық Комитетінің ноябрь (1964) Пленумының қаулысы; Ұлы Октябрь социалистік революциясының 47-жылдығы. Л. И. Брежнев жолдастың 1964 жылы 6 ноябрьде салтанатты мәжілісте жасаған баяндамасының Коммунистік партия — совет халқының жауынгер авангарды деген тарауы.

Сабақта «Совет халқының жауынгерлік авангарды» деп аталған (Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962) көрнекі құралдың бірқатар схемасы мен кестесін де пайдалануға болады. «Партийная жизнь» журналының 1962 жылғы 1-номерінде, «Коммунистің» 1962 жылғы 2-номерінде, «Политическое самообразование» 1963 жылғы 7-номерінде жарияланған мақалалардан насихатшылар КПСС құрамы жөнінде бірқатар цифрлы, нақты материалды таба алады.

(«Политическое самообразование» журналы, № 12, 1964 ж.).

ХАЛЫҚ БҰҚАРАСЫ МЕН ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ТАРИХИ ПРОЦЕСТЕГІ РОЛІ ТУРАЛЫ

(VIII ТАҚЫРЫПҚА)

Біздің заманда — капитализмнен коммунизмге өту заманында халық бұқарасы мен жеке адамның тарихи жағдайдағы ролі туралы маркстік-лениндік ілімнің маңызы ерекше. Жер жүзі халқының үштен бірі қанаушылықтың нәлет қамытын біржолата лақтырып тастады. Отарлық езгіден құтылған бір жарым миллиардтан астам адам жаңа өмір құрып жатыр. Капиталистік елдерде бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік, демократия мен социализм жолындағы күреске халықтың едәуір бөлігі қатыстырылып отыр.

Азаттық қозғалыстың кең қанат жаюынан, халық бұқарасының санасы мен белсенділігінің өсуінен буржуазияның үрейі ұшып, құты қашуда. Міне осыны пайдаланып, империализмнің саясатшылары мен идеологтары «қоғам бұқараланып», «бұқара коллективтеніп» барады, ал мұның өзі жеке адамға хауіп төндіреді, тарихтың барысына кедергі келтіреді деп байбалам салады. Еңбекшілер бұқарасына жала жабу және жеке адамның тарихи орнын бұрмалау мақсатымен буржуазия социологтары бұқара мен жеке адамның қоғамдық-саяси өмірдегі ролі жөніндегі мәселеге қайта-қайта оралуға мәжбүр болып отыр.

Қазіргі кезде буржуазиялық әдебиеттерде «бұқара», «жеке адам» дегеніміз не, олардың қоғам дамуына ықпалы қандай деген сұрақтар көп ұшырайды. Буржуазия социологтары мен тарихшыларының сондағы мақсаты — марксизм-ленинизмнің өңін айналдыру. Өйткені бұқара мен жеке адамның тарихи процестегі ролі туралы маркстік-лениндік ілімнің империализмге қарсы еңбекшілер жүргізіп жатқан күресте маңызы үлкен. Міне сондықтан маркстік-лениндік ілімді бұрмалаушы буржуазия идеологтарын әрдайым әшкерелеп отыру қажет. Партия Программасында былай делінген: «Қоғамдық ғылымдар марксизм-ленинизм принциптерінің тазалығын қорғай отырып, буржуазиялық идеологияға қарсы, оңшыл-социалистік теория мен практикаға қарсы, ревизияшылық пен догматшылыққа қарсы бұдан былай да батыл күрес жүргізуі керек».

Сонымен қатар партия қоғамдық өмірдегі жаңа құбылыстарды, коммунистік құрылыстың практикасын жинақтап қорыту керек деп үйретеді. Маркстік-лениндік ілім қоғамды қайта құруда халық бұқарасының зор ролін атап көрсетеді. Марксизм-ленинизм халық — тарихты жасаушы деп біледі. Халық бұқарасы — қазіргі заманның шешуші саяси күші.

Буржуазиялық социологияда «ерлер мен тобыр» деген идеалистік теория кең жайылған. Германияда оны солшыл гегельшілер уағыздады. Россияда бұл теорияны жақтаған халықшылдар еді. Халықшылдар халық туралы көп айтатын, тіпті оны әр саққа жүгіртіп көтермелеп те қоятын. Бірақ олардың халық туралы ұғымы ғылыми революциялық теориядан тым аулақ жататын. Халықшылдардың таппен, тап күресімен ісі болмады. Олар халықты «тобыр» деп, қолынан еш нәрсе келмейді деп кемсітті, олардың пікірінше, осы «тобырды» «ерлер» басқаруға тиіс. Сөйтіп жеке адамдар халыққа қарсы қойылды.

Қоғамды «ерлер» мен «тобырға» бөліп, буржуазия социологтары мен тарихшылары қанаушы қоғамдағы тап тартысын жоққа шығарғысы келеді. Олар халық санатына қанаушыларды да, қаналушыларды да ко-

са береді. Олар халық бұқарасын қолынан ештеңе келмейтін, ақыл-санадан жұрдай біреулер деп біледі. Олардың ойынша, тарихты тек «көрнекті», «тандаулы» жеке адамдар ғана жасайды.

Бұған керісінше, марксизм-ленинизм халыққа әлеуметтік-тарихи категория ретінде бірден-бір ғылыми сыпаттама береді. Диалектикалық көзқарас халықты тарихи даму тұрғысынан алып қарауды, халық бұқарасының күресі мен қызметінің нақты жағдайларын есепке алып отыруды, тарихи дамудың әрбір кезеңінде халықтың таптық құрамын ашып көрсетуді талап етеді. Маркстік әдебиеттегі «халық», «халық бұқарасы» деген терминдерден біз ең алдымен бүкіл еңбекшіні, қаналушыларды түсінеміз. Еңбекші бұқара — халықтың басым көпшілігі, сонымен бірге барлық материалдық игілікті жасаушы, ол қоғамдық өмірді өзгертуде шешуші күш.

Халық бұқарасын тарихи процестің нағыз жасаушылары деп қарап, марксизм-ленинизм сонымен бірге оның әр түрлі тап пен әлеуметтік топтан құралатынын да түсіндіреді. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар антагонистік формацияларда еңбекшілердің құрамына әр түрлі жіктен таптың кіретінін айта келіп, осылардың әрқайсысының табиғатын ашу керек дейді. К. Маркс, Ф. Энгельс капиталистік қоғам жағдайында пролетарлар мен жартылай пролетарлар бұқарасы деген ұғымды еңбекшілер бұқарасы деген ұғыммен шатастырмау керек екенін еске салды. Мысалы, К. Маркс 1875 жылы «Гота Программасына сын» деген еңбегінде «жұмысшы табы» деген терминнің орнына «еңбекші халық» деген термин қолданғаны үшін Гота Программасының жобасын қатаң сынады.

Халық бұқарасының әлеуметтік құрамы өнебойы тұрақты болып қалмайды. Бір қоғамдық-экономикалық формациядан екінші бір қоғамдық-экономикалық формацияға көшкен сайын ол да өзгеріп отырады. Мәселен, құл иелену қоғамындағы халық бұқарасы — құлдар, феодалдық қоғамда — крепостной шаруалар мен қол өнершілер, ал капиталистік қоғамда — пролетариат, еңбекші интеллигенция, шаруалар мен қол өнершілер, ұсақ буржуазияның басқа да тобы. Тапқа бөлінген қоғам жағдайында халықтың бәрі бірдей тарихи қайта құруға белсенді әрі саналы түрде қатыспайтынын айта келіп, марксизм-ленинизм классиктері халық бұқарасының тарихи процестегі роліне тарихи тұрғыдан қарау қажеттігін атап көрсетті.

Әр түрлі тап пен жіктің «халық» деген ұғымға кіруінің негізгі шарты — олардың белгілі бір кезеңде елдің прогрестік, революциялық жолмен даму міндеттерін жүзеге асыруға қатысу қабілеті мен ынтасы. Мұның негізінде өмірдің материалдық жағдайлары жатыр. Сондықтан бір-біріне экономикалық және саяси жағдайы жақын таптар ғана топтасып, біріге алады. Сөйтіп, «халық» деген ұғымға анықтама бергенде, біріншіден, халық бұқарасының қоғамдық-өндірістік қызметі тарихи дамудың шешуші күші болып табылады деген материалистік қаридаға, екіншіден, тап күресін антагонистік қоғамның дамуындағы шешуші күш деп қарайтын маркстік-лениндік ілімге сүйенген дұрыс.

Марксизм-ленинизм «халық» деген ұғымға дәйекті ғылыми тұжырым жасады, мұнсыз дұрыс революциялық жұмыс жүргізу мүмкін емес еді. «Халық» деген ұғымды тапқа бөлу тұрғысынан марксизм-ленинизм шын мәнісінде тарихи прогрестің нақты күші есебінде халыққа, халық бұқарасына ғылыми түсінік берді. «Халық» деген жалпы ұғымнан Маркс пен Энгельс жұмысшы табын бөліп алып, революциялық қозғалыста оның барлық еңбекшінің көсемі екенін көрсетті. В. И. Ленин жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы, еңбекшілердің революциялық күресіне пролетариаттың басшылығы туралы ілімді онан әрі дамытты.

Социалистік революция заманында еңбекшілер бұқарасының ролі бұрынғыдан әлдеқайда артып, сапа жағынан едәуір өзгереді. Оған себеп болатын қоғам дамуының объективті жағдайлары мен олардың өз-

дері орындауға тиісті міндеттер. Социалистік революция тұсында халық бұқарасының творчестволық ролі тек ескі өндірістік қатынастарды жою, қанаушы мемлекеттік аппаратты қирату, тағы басқа қоғамдық қатынастарды өзгерту сияқты міндеттермен ғана шектелмейді, сондай-ақ оның мақсаты — жаңа қоғам орнатуға байланысты зор жасампаздық жұмыстар жүргізу.

Марксизм-ленинизм классиктері бұқараның творчествосына социализмнің қаншалықты кең өріс ашатынын дәлелдеді. Тек социалистік қоғамдық қатынастар үстем болған күнде ғана адамдардың саналы әрі жоспарлы қызметіне мүмкіндік туады. Ф. Энгельс «Анти-Дюрингте» социалистік қоғамдық қатынастар жеңген күнде, осы уақытқа дейін табиғат пен тарихқа байланысты болып келген қоғамдық болмыс енді адамдардың өз ісі болады деп жазды. Міне сол уақытта ғана адамдар объективтік сыртқы күштерді бақылауға алады, өз тарихын саналы түрде өздері жасай бастайды.

Халық бұқарасының тарихи процестегі жасампаздық маңызы қоғам дамуында материалдық игіліктер өндіру әдісінің маңызды орыны болатынынан айқын көрінеді. Өйткені, материалдық өндіріс қоғамдық дамудың негізіне жатады, ал материалдық игіліктерді өндірушілер — еңбекшілер, халық бұқарасы. Сондықтан марксизм-ленинизм классиктерінің айтуынша, тарихи процестің шын жасаушысы — халық бұқарасы.

✓ Бірақ халық бұқарасының тарихтағы ролі өндіргіш күштерді дамытумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ол әлеуметтік революциялардың, саяси және ұлт-азаттық қозғалыстардың тағдырын шешетін басты күш болып табылады.

Марксизм-ленинизм қаридасына қарағанда, әлеуметтік өзгерістер неғұрлым терең болса, қоғам алдында тұрған міндеттер неғұрлым елеулі болса, тарихи процеске қатысатын халық бұқарасы да соғұрлым көп және белсенді болады. Бұл туралы К. Маркс былай деп жазған еді: «Тарихи қимылдың маңыздылығы артқан сайын, ол қимыл өзінің ісі болып табылатын бұқараның көлемі де өсетін болады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Таңдамалы шығармалар, 2-том, 90-бет).

✓ Социализм тұсында қоғамдық даму процесі артқан сайын халық бұқарасының белсенділігі мен олардың қоғам өміріндегі ролі күн санап арта түседі. Өйткені социализм еңбекші бұқараның нағыз көкейтесті мүдделеріне сай келеді. Сондықтан олар социализмнің жеңісіне жан-тәнімен құштар болады. Бұл туралы В. И. Ленин былай деп жазды: «...Жанды, творчестволық социализм халық бұқарасының өзінің жасаған игілігі болып табылады» (Шығармалар, 26-том, 280-бет).

Біздің елімізде социализм толық та түпкілікті жеңіп шықты. Совет Одағында, халықтық демократия елдерінде социалистік өндірістік қатынастар үстем болып отыр. Дүние жүзілік социалистік системаның экономиканы, мәдениет пен ғылымды өркендетудегі табыстары тек халық бұқарасының творчествосына кең өріс ашатын социализм жағдайында ғана нағыз прогреске, қол жететінін сыпаттайды. Халық бұқарасының белсенділігі артуы, партия Программасында көрсетілгеніндей, социализм дәуірінің заңдылығы болып табылады. Ал коммунизмді кең өрістету дәуірінде бұқараның белсенділігі бұрынғыдан да артады. Жаңа Программада былай делінген: «Партия мынадай маркстік-лениндік қаридаға сүйенеді: халық — тарихты жасаушы, коммунизм орнату — халықтың, оның күш-жігерінің, оның ақыл-ойының ісі. Коммунизмнің жеңісі адамдарға байланысты және де коммунизм адамдар үшін орнатылады. Әрбір совет адамы өз еңбегімен коммунизмнің салтанат құруын жақындата түседі».

Ленин өсиеттерінен айнымайтын Коммунистік партия әрқашан еңбекшілердің мүдделерін көздейді, қай уақытта да қалың бұқараға сүйенеді, коллективтік тәжірибеге, миллиондардың тәжірибесіне сүйенеді.

Совет халқы партияға сенеді, ал партия халыққа сенеді. Коммунистік партияның саясаты, оның практикалық қызметі халыққа деген лениндік сенімге толы. В. И. Ленин былай деп жазды: «Тек коллективтік тәжірибенің, тек миллиондар тәжірибесінің ғана шешуші маңызы бар, помещиктік қоғамда да, капиталистік қоғамда да осы күнге дейін тарихты жасап келген жүз-жүз мыңдаған жоғарғы жіктің тәжірибесі біздің ісіміз үшін, социализм құрылысының ісі үшін жеткіліксіз. Біз бірлескен тәжірибеге, миллиондаған еңбекшінің тәжірибесіне сүйенгендіктен де, біз әлгіндей ете алмаймыз» (Шығармалар, 27-том, 416-бет).

Саналы әлеуметтік күш ретінде халықты ұйымдастыру — қазіргі заманның аса маңызды тарихи міндеті. Бұл міндетті революциялық теориямен қаруланған жұмысшы табының партиясы ғана орындап шығады. Маркстік-лениндік партия бұқара арасында ұйымдастыру жұмысын жүргізеді, оны жаңа қоғам құрылысында тәрбиелеп отырады, еңбекшілерді шаруашылық пен мәдени құрылыс міндеттерін орындауға жұмылдырады.

Социалистік қоғамда әлеуметтік-саяси өмірге қатысу — әрбір азаматтың негізгі правосы және ардақты борышы. Советтік демократия еңбекшілерді мемлекет басқаруға қатыстырады, олардың саяси белсенділігін арттыруға жағдай туғызады. Партия белгілі бір шараларды бұқараның тәжірибесін зерттеу негізінде белгілейді және бұларды бүкіл халықтың талқылауына салып отырады. Советтік демократияны онан сайын дамытып, сайлау системасының принциптерін жетілдіру нәтижесінде ол миллиондаған еңбеккердің мемлекет басқару мектебінен өтуіне қамқорлық жасайды. Коммунистік құрылысты кең өрістету дәуірінде халықтың рухани мәдениет жасаудағы ролі артады. Ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы айырмашылықты біртіндеп жою, еңбекшілердің техникалық дәрежесінің артуы, ғылымның өндіріспен байланысы, оқуды өнімді еңбекпен ұштастыру, — міне осының бәрі совет халқының мәдени дәрежесі өсіп отырғанын дәлелдейді.

Тарихтың барысында халық бұқарасының ролін атай отырып, сонымен бірге қоғам дамуында жеке адамның ролі мен жауапкершілігі туралы мәселеге де тоқтала кеткен жөн.

Жеке адамды бұқарадан, қоғамнан бөліп қарайтын ревизияшылық көзқарас та, сондай-ақ жеке адам атаулыны бір қалыпқа сиғызуға тырысатын солшыл оппортунистік көзқарас та марксизм-ленинизмге жат.

Буржуазия социологтары әдетте жеке адамды, көбінесе мемлекет қайраткерлерін асыра дәріптейді, олардың пікірінше, істің тағдырын шешетін жеке көрнекті адамдар тәрізді. Тарихи процестегі жеке адамға мұндай көзқарас қоғам дамуының объективтік заңдарын түсінбейтін немесе көріне бұрмалайтын идеалистік көзқарас. Марксизм-ленинизм мұндай көзқарасқа қарсы.

Әрине, маркстік-лениндік ілім жеке адамның тарихи процестегі ролін жоққа шығармайды. Қандай да бір талантты, кеменгер адам туысынан солай болған емес. Қайта олар — әлеуметтік дамудың, қоғам дамуының жемісі. Социалистік елдерде халық арасынан небір жаңа таланттар шығып отырады. Социалистік қоғамның өзінен бұрынғы қоғамдардан бір ерекшелігі, артықшылығы міне осында. Капиталистік құрылыс халық арасынан шыққан таланттарды өсірмейді, қайта көр етеді.

Қоғам дамуының тарихи процесінде негізгі, шешуші күш — жеке адам емес, бүкіл халық. Қаншама кеменгер болса да, жеке тұлға халықтан асып кете алмайды, оған әр уақыт тәуелді болып отырады. Өздерінің ақыл-ой парасатына, тәжірибесіне, біліміне қарай тарихи жеке адамдар қоғамдық құбылыстардың, оқиғалардың қайсы бір түрін өзгерте алуы мүмкін. Бірақ олар жалпы қоғам дамуының бағытын, тарихтың беталысын өзгерте алмайды.

В. И. Лениннің анықтамасына сәйкес, жұмысшы табы көсемдерінің артықшылығы олардың халық бұқарасымен тығыз байланысты болуында, қоғамдық дамудың ғылыми теориясына сүйенуінде, ғылыми теорияны революциялық практикамен ұштастыра білуінде. Революциялық қозғалыстың тәжірибесін, тарихтың тәжірибесін қорыта келіп, жұмысшы табының көсемдері еңбекшілерді айқын мақсатпен, күрес перспективасымен қаруландырады, оның теориясын жасап, стратегиясы мен тактикасын белгілейді.

Біздің халық пен партия өздерінің көсемдері мен басшыларын әр уақыт құрметтеп сыйлайды, сонымен бірге жеке адамға табынуға қарсы батыл күрес жүргізеді. Жеке адамға табыну теориялық тұрғыдан алғанда тарихтың қозғаушы күштеріне идеалистік көзқарас болып табылады. Мұның өзі сайып келгенде бүкіл халықтың істегенін бір адамның басына үйіп-төгу деген сөз.

Жеке адамға табыну идеологиясына қарсы күрес жүргізе отырып, маркстіл-лениншілдер басшылардың беделін әсте кемітпейді. «Маркстілдер, — деді В. И. Ленин, — «ешбір беделді атаулы болмасын» дейтін бояма революцияшыл дерексіздігі арылмаған радикал интеллигенттің әдет қылған көзқарасында бола алмайды. Жоқ. Толық азаттық алу үшін бүкіл дүние жүзінде ауыр, қажырлы күрес жүргізіп жатқан жұмысшы табына беделділер керек» (Шығармалар, 11-том, 419-бет).

Жеке адамға табыну халық пен партияның ролін төмендетті. Міне сондықтан біздің партия Сталиннің жеке басына табынуға және оның зардаптарына қарсы батыл қарсы шықты. Жеке адамға табыну социализм табиғатын өзгерте алған жоқ, бірақ оның залалы көп болды. Жеке адамға табыну кесірінен социалистік заңдылық бұзылып, көптеген адал жандар жазықсыз жазаланды.

Партияның XX, XXII съездерінде жеке адамға табынуды ашықтан-ашық батыл айыптаудың социализм мен коммунизм құрылысы үшін, бүкіл халықаралық коммунистік қозғалыс үшін маңызы зор болды. Марксизм-ленинизмнің рухына жат жеке адамға табынуды әшкерелей отырып, партия халық бұқарасының, партияның ролін күшейте беруге бағыт ұстады. Жеке адамға табыну зардаптарын жою халықтың творчестволық инициативасына кең өріс ашты, партияның бұқарамен байланысын нығайта түсті.

Партия мен халық бұқараның сенімін қадір тұтатын, халыққа арқа сүйеп, оның көкейтесті арманын, мұң-мұқтажын ойлайтын көреген басшыларды қадірлейді, қолдайды. Лениншіл басшыларға — нағыз коммунистерге өзін-өзі дәріптеу, табысқа тоқмейілсу, өзін бұқарадан жоғары ұстау, даңғазаланып, босқа даурығу, маңызды мәселелерді асығыс шешу сияқтылар — барып тұрған жат қылық.

Коммунистік партия өз қызметінің түрлері мен әдістерін үздіксіз жетілдіріп келеді. Ол партия тұрмысының лениндік нормалары мен басшылықтың коллективтік принципі берік сақтап отырады. Бұл жөнінде партияның Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь, ноябрь Пленумдарының шешімдері жана белес болды.

Өзінің алдында тұрған міндеттердің ұлылығын кәміл түсінген совет халқының творчестволық күш-жігері ұшан-теңіз. Совет халқы коммунизмнің жеңісі үшін қажырлы еңбек етіп, өзінің қоғамдағы шешуші ролін айқын көрсетуде. Партияның XX, XXI, XXII съездерінде белгіленген лениндік сара жол еңбекшілердің мүдделеріне толық сай келеді. Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында совет халқының елімізде сәулетті коммунистік қоғам орнататыны сөзсіз.

Е. ИМАНҚҰЛОВ,

Гурьев педагогикалық институтының ғылыми коммунизм негіздері мен философия кафедрасының аға оқытушысы.

Партия Уставының талаптары қатаң сақталсын

Коммунистік партия совет халқын тарихи дамудың ешкім із салмаған соны жолымен коммунизмнің жарқын болашағына қарай бастап келеді. Бұл — оңай жол емес, қажырлы күрес арқылы ғана жеңіске жететін жол. Біздің лениндік партия — жалынды күрескерлердің берік топтасқан отряды, оның күші — партияның мақсат, ерік бірлігінде, мызғымас та саналы тәртіптілігінде, халықпен тығыз байланысында.

Коммунистік партия — ойы, мақсаты бір қажымас-қайтпас революционерлердің, қанатты жаңашылдардың, коммунизмнің белсенді құрылысшыларының ерікті одағы. Бұл одақ ұлы көсеміміз В. И. Ленин көрсеткендей, «...партияның әрбір мүшесі партия үшін жауапты, партия әрбір мүшесі үшін жауапты» (Шығармалар, 6-том, 534-бет) деген принципке негізделген.

Жұмысшы табының алдыңғы қатарлы революцияшыл отряды ретінде В. И. Ленин құрған Коммунистік партия еңбекші адамзаттың мүддесі мен мақсаты үшін күрес жолында даңқты жолдан өтті, қазір ол бүкіл совет халқының партиясына айналды.

Коммунистік партия өзінің қызметінде В. И. Ленин тұжырымдап берген ұйымдық принциптер мен партия өмірінің нормаларын табандылықпен жүзеге асыру арқылы ғана жеңіске жетіп отырды. Бұл ұйымдық принциптер мен партия өмірінің нормалары, партиялық басшылықтың принциптері Уставта жинақталып баяндалған. КПСС Уставы — партия өмірінің негізгі заңы.

Партияның тарихи XXII съезінің елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау Программасымен бірге партияның жаңа Уставын қабылдағаны мәлім. Онда коммунистік құрылыстың Программасында алға қойылған мақсатқа сай Коммунистік партияның ұйымдық құрылымы, оның ішкі тұрмысында басшылыққа алатын негізгі ережелер, партиялық басшылықтың принциптері, коммунистердің міндеттері мен праволары көрсетіліп берілген. Программа мен Устав — партия өзінің бүкіл қызметінде басшылыққа алып отыратын негізгі документтер. Олар бір бірімен тығыз байланысты және маркстік-лениндік ілімнің берік негізіне сүйеніп жасалған.

Программа партияның белгілі бір тарихи кезеңдегі негізгі мақсатын, ол мақсатты жүзеге асыру жолындағы стратегиясы мен тактикасын белгілеп, оның идеялық бірлігін қамтамасыз ететін болса, Устав Программада алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру күресінде партияның ұйымдық және ерік бірлігін қамтамасыз етеді.

Партияның тарихи XXII съезі қабылдаған жаңа Уставта коммунистік құрылыстың кең өрістетілген кезеңіне сай партия өмірі мен партиялық басшылықтың лениндік принциптері дамытыла түскен. Партия Уставының талаптарын мүлтіксіз орындап отыру коммунистік құрылыс міндеттерінің ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Партияның Уставында белгіленген ұйымдық принциптер мен партия өмірінің лениндік нормаларының бұрмалануы коммунистік құрылысқа, совет халқының мүддесіне үлкен нұқсан келтіреді. Міне сондықтан да партияның Орталық Комитеті бұл принциптердің қатаң жүзеге асырылуына ерекше көңіл бөліп отырады.

Бұдан екі жыл бұрын партия ұйымдары «өндірістік принцип» деген ұранмен қайта құрылған болатын. Екі жылдың тәжірибесі бұл қайта құрудың өмір талабына сай емес екенін көрсетті, осының салдарынан партия ұйымдарының саяси ролі, шаруашылыққа, мәдениет құрылысына партиялық басшылық әлсіреп кеткені байқалды. Партияның Орталық Комитетінің ноябрь Пленумы партия ұйымдарының коммунистік құрылыстағы басшылық ролін күшейту, шаруашылық, мәдени құрылыс жұмыстарының міндеттерін ойдағыдай орындау мақсатымен партия ұйымдарының, олардың басшы органдарының территориялық-өндірістік белгі бойынша құрылу принципіне қайта оралу қажет деп тапты.

Партия органдарының бұл құрылымы партияның данышпан көсемі В. И. Лениннің қатысуымен оның IX съезінде белгіленген болатын. Территориялық-өндірістік белгі бойынша құрылған партия органдары оның алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне неғұрлым сай келетіні көпжылдық тәжірибеде әбден дәлелденді. Сондықтан да партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Уставта: «Партия территориялық-өндірістік белгімен құрылады» деп жазылған болатын.

Қазір бүкіл еліміздегі сияқты, біздің республикада да Уставтың осы талабына сай партияның 14 облыстық және 152 аудандық комитеті конференцияларда жаңадан сайланып, жұмысқа кірісті.

Партияның облыстық, қалалық, аудандық комитеттерінің міндеті партия өмірінің Уставта көрсетілген лениндік нормаларына сай жұмыс істеу, яғни демократиялық централизм принципін берік сақтау, партияның ішкі демократиясын, жалпы социалистік демократияны кеңейте беру, коллективтік басшылықты іске асыру, кадрларды лениндік принципке сай дұрыс іріктеп алып, орналастыру, коммунистердің, еңбекшілердің белсенділігін арттыра беру, оларды өндірісті, қоғам өмірін басқаруға белсене қатыстыру болып табылады.

Осымен бірге партия органдарының қызметкерлері мына жағдайды ескеруге тиіс: партия органдарының территориялық-өндірістік құрылымына қайта көшу ұйымдық формаларды жетілдіре беруден бас тарту емес. Әлгіме партия органдарының қызметіндегі тәуір нәрсенің бәрін қалпына келтіру, сақтау, оны ортақ іске шебер пайдалана білу туралы болып отыр. Мұнымен бірге коммунистік құрылыстың өскелең міндеттеріне сай партиялық басшылықтың әдістерін, партия жұмысының стилін жетілдіре беру керек.

Партия органдары және олардың басшы қызметкерлері осы күнге дейін кейбір партия комитетінің жұмысында орын алып келген кемшіліктерді — жанды ұйымдастыру жұмысын жүргізудің орнына пайдасыз шешімдер қабылдаумен, түрлі мәжілістер өткізумен әуестену, шаруашылық органдардың жұмысына орынсыз килігу, араласу, әкімшілік жасау сияқты партия әлдеқашан теріске шығарған әдістерді қайталамауға тиіс.

Партияның облыстық, қалалық, аудандық комитеттері, ең алдымен, саяси басшылық жасайтын органдар болып саналады. Сондықтан олар совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының жұмысына бағыт беріп, оларды топтастырып, бақылап отыруға тиіс. Устав партия органдарынан осыны талап етеді. Партиялық басшылыққа тән қасиеттер — іскерлік, нақтылық, пәрменділік. Партия органдары шаруашылық және мәдениет құрылыс мәселелерін терең зерттеу арқылы істің дұрыс шешімін таба білуге тиіс, олар еңбекшілерді алда тұрған міндеттерді орындауға ұйымдастыра, жігерлендіре, шабыттандыра білгенде ғана партия қойып отырған талаптың дәрежесінде бола алады.

Партия комитеттері мен партия ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі — партия Уставы талаптарының мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, коммунистерді Уставтың талаптары тұрғысында тәрбиелеу. Мұның аса зор маңызы бар. Өйткені біздің партияның жауынгерлік, іскерлік қабілеті оның мүшелерінің қасиетіне, әрбір коммуни-

тің белсенді күрескер бола білуіне байланысты. В. И. Ленин партияның мүшесі деген атақтың маңызы мен ролін барған сайын көтере беруіміз керек деп үйреткен болатын.

Осы талаптарды өз өмірінің шам-шырағы етіп, берік ұстаған коммунистер әр уақытта да халықтың бостандығы мен бақыты жолындағы күрестің ең қиын да шешуші учаскесінде болып, еңбекшілерді табыстан-табысқа бастап келеді. Лениндік партия мүшелерінің халықтың арасында шексіз сенімге, зор құрметке ие болып отырғаны міне осының арқасы. Ал қазір, елімізде коммунизм құрылысы кеңінен өрістеген жағдайда, партия мүшелеріне қойылып отырған талап та, олардың ролі мен жауапкершілігі де арта түсті. Коммунист өзінің өндірістегі, қоғамдық өмір мен жеке өміріндегі мінез-құлқы арқылы коммунистік қатынастарды дамытып, нығайту жолындағы күрестің тамаша үлгілерін көрсетіп отыруға, коммунистік моральдың принциптері мен нормаларын бұлжытпай сақтауға міндетті.

Коммунистердің көпшілігі-ақ бұл міндетті терең түсініп, ойдағыдай орындауда. Республика партия ұйымдары құрамының төрттен үш бөлігі тікелей материалдық өндіріс саласында жұмыс істейді, олар мемлекеттік тапсырманы, социалистік міндеттемені орындауда басқа жұртқа тамаша өнеге көрсетуде. Партияның XXII съезінен бергі жердің өзінде ғана республика партия ұйымының қатарына 65 мыңдай жана мүше қосылды, 80 мыңнан астам озат адам партия мүшесіне кандидат болып қабылданды. Міне мұның өзі еңбекшілер бұқарасының арасында коммунистердің беделі мен ықпалының арта түскенін көрсетеді.

Лениндік партияның мүшесі болу — құрметті де жауапты атак. Алайда, біздің қоғамда коммунист ешқандай артықшылықпен пайдаланбайды, қайта партия қатарына өткен адам қоғам алдында, партия алдында өзіне неғұрлым жауапты міндет алады. Партияның Уставында көрсетілгеніндей, коммунистке қойылатын ең бірінші талап — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолында қажырлы күрес жүргізу, еңбек өнімділігін арттыру, Отан игілігі үшін арзан да сапалы өнім шығару, коллектив арасында авангардтық роль атқару. Бұл міндетті бұлжытпай орындау коммунистің саяси шыныққандығын, өзінің авангардтық ролін іс жүзінде көрсете алатынын бейнелейді. Сол сияқты еңбекке, қоғамдық байлықты сақтап, молайта беруге коммунистік көзқарас — партия мүшесінің бойындағы асыл қасиеттің бірі. Коммунист өндірістің жағдайына, өзі жұмыс істейтін коллективтің өміріне енжар қарап отыра алмайды.

Коммунист — жоғары саналы күрескер. Партияның Уставы оған маркстік-лениндік теорияны терең меңгеруді, өзінің идеялық дәрежесін, мамандық білімін арттыра беруді, осымен бірге коммунистік қоғам адамының қалыптасуына және оны тәрбиелеу ісіне күнделікті жәрдемдесіп отыруды талап етеді.

Елімізде коммунизм құрылысы кеңінен өрістеген жағдайда моральдық факторларға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Партия мүшесі коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінің талаптарын бұлжытпай орындаумен бірге, өзі жұмыс істейтін коллективте бұл талаптардың орындалуына тікелей жауапты. Коммунист оған қойылған бұл талаптарды ең алдымен өзінің жеке басының үлгісі арқылы жүзеге асыра алады. Сондықтан ол моральдық жағынан кіршіксіз таза болумен бірге, ескіліктің тұрмыстағы, салт-санадағы қалдықтарына, діни соқыр сенімдерге қарсы аяусыз күрес жүргізуге, социалистік тұрмыстың жаңа дәстүрлерін іле қолдап, кеңінен таратып отыруға міндетті.

Коммунистердің барлығы дерлік-ақ тұрмыста да, еңбекте де партия Уставының осы талаптарын орындап отырады. Мұндай коммунистерді өз коллективі, тіпті бүкіл республика еңбекшілері мақтан етеді. Мысалы, атақты дикан Ыбырай Жақаевтың, шопан Сақан Дәулетқа-

лиевтің, металлург Павел Грязиннің, шахтерлер И. Сусяков пен Қ. Омаровтың және басқа да мыңдаған коммунистердің есімін жұртшылық жақсы біледі. Еңбек сүйгіштік, кемшілікке төзбеу, қоғамның мүддесін қасиет тұту, коллектившілдік, еңбектес жолдастарына деген қалтқысыз көмек, жақсыға, жаңалыққа құштарлық — бұл коммунистердің күнделікті тұрмысына тән асыл қасиеттер.

Алайда, коммунистердің арасында әлі де партияның мүшесі деген құрметті атаққа кір келтірушілер де бар. Кейбіреулер партияның Программасы мен Уставының талаптарын орындамайды. Соңғы кезде республикада түрлі лайықсыз қылықтары үшін партия қатарынан шығарылғандардың біразы қоғам мүлкін, мемлекет қаржысын ішіп-жегені, ұрлағаны, азғындағаны, өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін айыпталғандар. Мұның үстіне партияның Уставы талаптарын орындамағаны, партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзғаны және басқа қылықтары үшін түрлі партиялық жаза алған коммунистер де бар.

Міне, бұл фактілер көптеген бастауыш партия ұйымында тәрбие жұмысының дәрежесі төмен екенін, партия ұйымдары мен партия комитеттерінің коммунистерден Устав талаптарының мүлтіксіз орындалуын жеткілікті талап етіп отырмайтынын көрсетеді. Тәрбие жұмысындағы бір кемшілік мынадай: кейбір партия ұйымы мен партия комитеті коммунистердің іс-әрекетіндегі, жұмысындағы ұсақ-түйек кемшіліктерге дер кезінде назар аудармайды. Сөйтіп, лайықсыз әрекеттерді туып келе жатқан кезінде жойып отырмайды. Көбінесе олар коммунистің мінез-құлқы, моральдық бейнесі туралы мәселені іс насырға шауып кеткеннен кейін оны партия қатарынан шығару немесе оған қатаң партиялық жаза беру керек болған кезде ғана қолға алады.

Коммунистердің партияның Уставы талаптарына сай тәрбиеленуі үшін ұйымның жұмысында партиялық принципті берік ұстап, сын мен өзара сынды кеңінен өрістетуге керек. Міне сонда ғана коммунист дұрыс тәрбие алады. Бұл жөнінде, әсіресе партия ұйымы секретарының ролі күшті, ол принципшіл, кемшіліктерге төзбейтін, батыл коммунист болса, басқалар одан үлгі алады. Мұндай ұйымда адамдар арасында жемісті жұмыс істеуге қолайлы, шынайы партиялық, принципті қарым-қатынас орнайды. Ал принципсіздік әрдайым-ақ партия Уставы талаптарының, партиялық-мемлекеттік тәртіптің бұзылуына әкеп соқтырады.

Бұл жөнінде бір мысал келтіруге болады. Алматы қаласындағы кондитер фабрикасында Чхеидзе деген бір алаяқ топтастырған жемқорлар ұзақ уақыт бойы әрекет жасап, мемлекеттің көп қаржысын ұрлаған. Бұл топқа заводтың бұрынғы директоры коммунист Топоров та қосылған. Ал осындай қылмысты әрекеттерді сезе тұрса да, фабрика партия ұйымының секретары Дятлеваның оны мезгілінде әшкерелеуге батылдығы, принципшілдігі жетпеген. Оның дәрменсіздігі салдарынан партия ұйымының жұмысы нашарлаған, коммунистердің белсенділігі, ролі төмендеп кеткен. Бұл қылмысты әрекеттің ұзақ уақыт әшкереленбей келуіне Фрунзе аудандық және Алматы қалалық ұйымдардың кейбір басшыларының принципсіздігі себеп болған. Олардың кейбіреулері фабрикаға талай рет келіп, тіпті алаяқ Чхеидзенің жиі-жиі «сыйлы қонағы да» болып жүрген. Сөйтіп олар көптен бері басшы қызметте жүрсе де идеялық жағынан табанды коммунистер болмай шықты.

Талап пен талам нашарлаған партия ұйымдарында идеялық нанымы әлсіз кейбір коммунистің партияның Уставы ережелерін ұмытып, партияның, халықтың мүддесін ойлаудан гөрі өзінің бас пайдасының құлы болып кеткен фактісі де кездеседі. Ондайлардың қоғамдық еңбекке қатыспайтынын да, сол сияқты тіпті діни уағыздың жетегіне еретінін де жасыруға болмайды. Мысалы, Ақтөбе облысындағы «Шетырғыз» совхозында коммунистер Әлиев Б., Пұсырманов У., Құрманов С., Тілеуов А., Аманжолов көп уақыттан бері еш жерде жұмыс істемей, арамта-

мақтық жолға түсіп келген. Бұлар бір кезде осы жердегі ұсақ, әлсіз колхоздарда басшы қызметтерде істеген адамдар болатын. Қазір ол артельдердің орнына совхоз құрылды, мемлекет шаруашылықты жолға қоюға үлкен көмек көрсетті.

Партия Уставы талаптарының бұзылуына жол бермеу үшін партия ұйымдары мен партия комитеттерінің ішкі партиялық жұмысты жолға қоюға ерекше көңіл бөлуі керек. Ұйымның ішкі жұмысы әрбір коммунистің партиялық коллективтің, партиялық тәртіптің күшін, талқысын, өз жауапкершілігін мықтап сезетіндей дәрежеде жүргізілуге тиіс. Міне сонда ғана коммунистер партия өміріне белсене араласып, оның жалынды жауынгері, бұқараның тәрбиешісі, жетекшісі бола алады.

Партия ұйымдары мен партия комитеттері коммунистердің Уставта белгіленген праводарының толық жүзеге асырылуына да ерекше қамқорлық жасауға тиіс. Партияның Уставы коммунистке жауапты міндет жүктеумен бірге кең право береді. Коммунист жиналыста, конференцияда, съезде, партия комитетінің мәжілісінде және партиялық баспасөз бетінде партияның саясаты мен практикалық қызметінің мәселелерін еркін талқылауға, ұсыныстар енгізуге, ұйым шешім қабылдағанға дейін өзінің пікірін ашық айтуға және оны қорғауға, қандай қызметтегі коммунисті болсын сынауға, партия органдарына, партияның Орталық Комитетіне дейін мәселелер қойып, арыз беруге, ұсыныстар жасауға праволы.

Партияның Уставында көрсетілген талаптарға сай коллективтік басшылық жүзеге асырылған, сын мен өзара сын кеңінен өрістетілген жағдайда ғана коммунистерге өздеріне берілген бұл правоны толық жүзеге асыруға жағдай туады. Бірақ кейбір партия органдары мен партия ұйымдары коммунистің жеке ісін қарауда, партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу жөнінде партия Уставының талаптарын жеткілікті орындамайды, коммунистердің ұсыныстары мен талаптарын мұқият зерттеп, жүзеге асырып отырмайды. Мысалы, Гурьев облысының Мұнайлы кәсіпшілігінде жұмыс істейтін коммунист Тағамбаев Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне хат жазып, кәсіпшіліктің директоры Жаналиевтің арзан бедел алу жолына түскенін, ол шығарылған мұнайдың ақпарына 577 тоннаны ойдан қосып жазғанын, осымен бірге кәсіпшіліктің жұмысындағы басқа да кемшіліктерді көрсетті. Коммунист Тағамбаевтың бұл хаты Ембі партия комитетінде талқыланған кезде онда көрсетілген кемшіліктер толық растала тұрса да, хат иесін «өсекшілісін, басшының беделін түсірдің» деп партия қатарынан шығарған. Бұл жаңсақ шешімді жоғарғы партия органдары бұзды. Мұндай жағдай сирек те болса, республика партия ұйымдарының жұмыс практикасында әлі де кездеседі.

Бұл жерде осыған байланысты ескерте кететін бір жағдай бар. Ол — кейбір коммунистің ортақ ісіміздегі кемшілікті көре отырып, оны жоюға бар күшін, бар жігерін жұмсамайтынын еш нәрсемен де ақтауға болмайды. Ондайлар өзінің енжарлығын, жігерсіздігін, инициативасыздығын партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктермен, партиялық тапсырма бермеді деген сылтаумен жуып-шаюға тырысады.

Мұндай қылық — коммунист үшін кешірілмес күнә. Коммунист әрдайым белсенді, инициативалы, партияның жалынды жауынгері болуға тиіс. Әрбір нақты жағдайда ешкім оған «былай істе» деп нұсқау беріп тұрмайды. Коммунистің іс-әрекетінің әділ төрешісі оның партиялық ар-ожданы, намысы. Міне сондықтан да ұлы көсеміміз В. И. Ленин былай деп жазған болатын: «өз партиясының мәселелері мен тағдырын көңіл қойып зерттейтін, ақылға салып ойлайтын, өздігінен шешетін адам ғана партияның мүшесі деген атақты ақтай алады» (Шығармалар, 19-том, 145-бет).

КПСС Уставында баяндалған партия өмірінің леңиндік нормалары мен партиялық басшылықтың принциптері, коммунистің праволары мен міндеттері — әрбір коммунистің, партия ұйымының, партия комитетінің күнделікті қызметінің заңы, айнымас компасы. Партияның Уставы талаптарын мүлтіксіз орындау — коммунистерге, партия ұйымдарына еңбекшілердің коммунистік құрылыс жолындағы күресін дұрыс ұйымдас-тыруды, табысқа жеткізуді қамтамасыз етеді.

Осыны ескере отырып, соңғы кезде республика партия ұйымдары коммунистердің праволары мен міндеттері жөніндегі Устав талаптарын орындау мәселесіне баса көңіл бөле бастады. Бұл мәселе бірсыпыра облыстық партия комитетінің пленумдарында және таяуда ғана болып өткен аудандық партия конференцияларында талқыланды. Қазір бұл іс-тегі өнегелі жұмыстар мен кемшіліктердің беті ашылды. Партия ұйымдары, партияның облыстық, қалалық, аудандық комитеттері партиялық жұмыстың аса маңызды бұл саласында орын алған кемшіліктерді жоя отырып, коммунистердің белсенділігі мен ынта-жігерін арттыра беруге тиіс.

Міндет те жаңа, талап та жаңа

А. БОРОДИН.

Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Қостанай облыстық XVI партия конференциясында «Облыстық партия ұйымының облыс халық шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттері туралы» мәселе жан-жақты талқыланды. Облыстық және аудандық партия конференцияларында партия комитеттері жұмысының стилі мен әдісін жетілдіру, бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсарту, шаруашылық және мәдениет құрылысындағы олардың ролін арттыру жайлы көп сөз болды.

Өткен жылы облыс еңбеккерлері біраз табысқа жетті. Өнеркәсіп орындарының көпшілігі өндірістік жоспарды ойдағыдай орындады. Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының коллективі комбинатты жоспарда көрсетілген 1967 жылы емес, 1965 жылы толық қуатымен іске қосуды ұйғарды. Сонда комбинат жылына 26,5 миллион тонна руда шығаратын дәрежеге жетеді. Қеншілер мен құрылысшылар өз міндеттемелерін көңілдегідей орындап келеді. Қазір комбинат руда шығарудың жылдық көлемін 19,5 миллион тоннаға жеткізді. Торғай өнеркәсіп торабы кәсіпорындарының, азбест комбинаты кен басқармасының, Қазақ темір жолы Қостанай бөлімшесінің көрсеткіштері де әжептәуір.

Былтыр ауа райының қолайсыз болғанына қарамастан ауыл шаруашылығының еңбеккерлері қажырлы еңбек етті. Облыс мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындап шықты. Отан қоймасына 207,8 миллион пұт астық, оның ішінде негізгі азық-түліктік дақыл — бидайдан 181 миллион пұт құйылды. Мемлекетке 4 912 тонна картоп, 11,6 мың тонна овощ сатылды. Сүт тапсыру жоспары артығымен орындалды.

Бірақ біз зор табысқа жеттік деп айта алмаймыз. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, әсіресе ет дайындау жөнінде облыста елеулі кемшіліктер бар. Жалпы құрылыс, атап айтқанда тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс мекемелерінің құрылысы баяу жүргізілуде.

Шаруашылық және мәдени құрылыстың кең өрістеуіне соңғы жылдары асығыс жүзеге асырылған кейбір ұйымдық шаралар едәуір бөгет болды. Бұл арада біз партия ұйымдарының өндірістік принцип бойынша құрылуын айтып отырмыз. Ол жұмыста көптеген қиыншылық туғызып, елеулі кемшіліктерге әкеліп соқтырды, халық шаруашылығында партиялық басшылықтың дәрежесін төмендетті. Мұны біздің облыстың жағдайынан айқын көруге болады. Бізде облыстық партия комитеті бола тұрса да, қалалар мен өнеркәсіп орталықтары тікелей өлкеге бағындырылды. Қостанай мен Арқалықта екі партия комитеті құрылды. Сөйтіп облыстық партия комитетінің біртұтастық принципі бұзылды.

Рудный қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитеті тікелей өлкелік партия комитеті мен өлкелік атқару комитетіне бағындырылды, ал қалалық оқу, денсаулық сақтау бөлімдері, сауда және әкімшілік ұйымдары облыспен байланысты болды. Надеждинский қиыршық тас заводы, Қозыревск руда басқармасы, Қызылжар әк заводы Тобыл партия комитетіне жақын бола тұрса да, алыстағы Рудный қалалық партия комитетінің басқаруына көшті.

Сондықтан да Қостанай облысының жергілікті партия, совет ұйымдары, коммунистері мен еңбекшілері партияның Орталық Комитетінің өнеркәсіп және село облыстық, өлкелік партия ұйымдары мен совет органдарын біріктіру туралы шешімін бірауыздан қолдады. Партия ұйымдарының бұл құрылымы партиялық құрылыстың лениндік принципіне, партияның Уставына, партия мен бүкіл қоғам дамуының қажеттеріне толық сай келеді.

Ал бұдан бұрын қалай еді? Өндірістік басқармалар мен парткомдар окшауланып, бөлініп қалған-ды. Парткомдар «таза» партиялық, басқармалар «таза» шаруашылық мәселелермен шұғылданды. Мұның өзі өндірістік басқармалар мен басқа да әкімшілік ұйымдарының партиялық ықпалдан тыс қалуына әкеліп соқтырды. Соның салдарынан кейбір өндірістік басқармаларда құрғақ әкімшілікке, қағазбастылыққа, нақты ұйымдастыру жұмыстарының орнына мәжілісқорлыққа жол берілді. Мысалы, Жетіқара өндірістік басқармасы әрбір шаруашылыққа ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктерін батыл енгізудің, ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудің озат технологиясының жаршысы бола алмады. Бұған, бір жағынан, басқарманың бұрынғы бастығы Пугачев жолдастың өз дәрежесінде болмауы да әсер етті. Мұның бәрі ірі кемшіліктерге әкеліп соқтырды. Облыстық партия комитеті жағдайды түзеуге мәжбүр болды.

Сонымен қатар мынаны мойындау қажет: облыстық партия комитеті барлық парткомның бастауыш партия ұйымдарының жұмысына күнбе-күн араласып, оларға бағыт сілтеп отыруына, шаруашылық, мәдениет құрылысының барша мәселесін негізінен солар арқылы, бұқаралық-саяси, ұйымдастыру жұмысын күшейту арқылы шешуге жете алмады. Жанкелдин партия комитеті практикалық міндеттерді совхоз басшыларының шаруашылық жұмысына тікелей араласу жолымен шешуге көбірек бой ұрды. Партком секретары мен өндірістік басқарма бастығы совхоздарда болған кезде шаруашылық мәселелері жөнінде жалпылама кеңестер беруден тынды. Партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарына сүйенбей, өндіріске басшылар мен мамандардың шағын тобы арқылы ықпал жасауға бағытталған әрекеті шаруашылық және совет ұйымдарының жұмысын қайталауға әкеліп соқтырды. Сондықтан да Жанкелдин ауданында мал шаруашылығының артта қалуы, мал өнімділігінің төмендеп кетуі, малдың өлім-жітімге ұшырауы кездейсоқ емес.

Бастауыш партия ұйымдары мен партия комитеттерінің жергілікті жерде өндірістік жоспарлардың орындалуына жауап беретіні белгілі. Бірақ бұдан партия органдары шаруашылық басшыларының міндетін атқаруға тиіс деген ұғым тумайды. Өндіріс экономикасын әрбір партия комитеті, оның басшылары жақсы білуге тиіс. Бұл олардың шаруашылық басшыларының, еңбекшілердің жұмысына дер кезінде нақты бағыт сілтеп отыруына көмектеседі.

Мысал үшін жер, ауа райы жағдайы бірдей көршілес екі совхоздың шаруашылық жұмысына талдау жасап көрейік. Пресногорьков совхозында дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 13,5 центнер, Петропавл совхозында—8,9 центнер өнім алынды. Пресногорьков совхозы әрбір 100 гектар ауыл шаруашылық жеріне есептегенде 66,8 центнер сүт, 14,8 центнер ет, Петропавл совхозы тиісінше 30,5 центнер сүт, 4,7 центнер ет өндірді. Астықтың бір центнерінің түсер құны Пресногорьков совхозында 3 сом 93 тиын, Петропавл совхозында — 5 сом 90 тиын, сүттің бір центнерінің түсер құны тиісінше 12 сом 30 тиын және 24 сом 25 тиын болды. Пресногорьков совхозы шаруашылық жылды табыспен, Петропавл совхозы 576 мың сом зиянмен аяқтады.

Мұндай ала-құлалықтың себебі мынаған байланысты: партия жұмысының стилі мен әдістері бүгінгі өскелең талапқа сай болмады. Істе табысқа жету мәселені шешуге партиялық тұрғыдан қарауға, нақтылық пен іскерлікке, жұмыс тәсілдері мен әдістерін жетілдіруге байланысты.

Пресногорьков совхозының партия комитеті, бөлімшелердің бастауыш партия ұйымдары совхоз өндірісін дамыту мәселелерін мұқият зерттеп шешеді. Партия комитетінің мәжілістерінде, коммунистердің жиналыстарында егіншілік мәдениетін арттыру, мал шаруашылығын өркендету, өнім өлшеміне жұмсалатын шығынды кеміту мәселелері әрдайым талқыланып тұрады. Партия комитеті мен бөлімшелердің партия ұйым-

дары үлкен тәрбие жұмысын жүргізіп, жұртшылықты қоғамдық мүлкікті көздің қарашығындай сақтау, кемшілікке төзбеу рухында баулиды. Совхозда коммунистік еңбек жолындағы жарыс өрістей түсуде.

Жарысқа Кромер жолдас басқаратын ұста цехының коллективі бірінші болып қосылды. Кромер жолдастың бір өзі 9 адамды ұсталық мамандыққа үйретті. Қазір олардың бәрі бөлімшелерде ұста болып істейді. Жұмысшылардың бәрі токарь, слесарь, тракторшы, шофер, комбайншы деген мамандық алып шықты. Цех коммунистік еңбек цехы деген атаққа лайықты жұмыс істеуде. Совхозда қазір коммунистік еңбек екпіндісі атағын алу жолында 1 179 адам күресіп келеді, олардың ішінде 230 адам осы құрметті атаққа ие болды. Коммунистер жаңа, озат тәжірибенің жаршысы болып отыр. Совхоздың партия ұйымында 145 партия мүшесі мен кандидаты бар, бұлардың басым көпшілігі егіншілікте, мал шаруашылығында, құрылыста, совхоз өндірісінің өзге де салаларында тікелей жұмыс істейді. Коммунистер өздерінің қажырлы еңбегімен партияда жоқ адамдарға үлгі көрсетуде.

Петропавл совхозында жағдай мүлде басқаша. Совхоздың партия бюросы шаруашылықтың экономикалық жағынан артта қалуын жоюға шара қолданбады деуге болмайды. Бірақ бұл шаралар нақты болмағандықтан ешқандай нәтиже бермеді. Совхоздың партия ұйымында 89 коммунист жұмыс істейді; бұлардың 26-сы егіншілікке, 20-сы мал шаруашылығында еңбек етеді. Бірақ олардың өзі дұрыс орналастырылмаған. Көптеген коммунистің өндірісте авангардтық ролі төмен. Қысқасы Петропавл совхозында партиялық ықпал жоқтың қасы. Мұнда партия жиіналысы даярлықсыз өткізіледі, қаулы жалпылама қабылданады, көптеген көкейтесті мәселе дұрыс та тиянақты шешілмейді, коммунистерге қатаң талап қойылмайды. Мұндай жағдайда жақсы нәтижеге жетудің ешбір мүмкін еместігі айқын.

Партия өзінің саясатын, өзінің шешімдерін, бұқараға басшылығын бастауыш партия ұйымдары арқылы жүзеге асырады. Партия органдары біріктіріліп, аудандық партия комитеттері құрылғаннан кейін бастауыш партия ұйымдарының ролі өлшеусіз өсті. Олар коммунистерді партия ісіне шексіз берілу, коммунистік мораль рухында тәрбиелеуге, еңбекте, қоғамдық саяси және шаруашылық өмірде олардың авангардтық ролін арттыруға, жалпы жауапкершілігін күшейтуге міндетті. Ленин совхозының партия ұйымы бұл принциптерді өз жұмысында мүлтіксіз басшылыққа алып отырады. Партия ұйымы совхоз еңбеккерлерін кезектегі шаруашылық міндеттерді іске асыруға жұмылдырып, мемлекеттік жоспарлар мен міндеттемелерді орындау жолындағы жарысқа басшылық етеді, бұқараны мүмкіндіктерді ашып, жете пайдалануға жұмылдырады, ғылым мен техника жаңалықтарын, озат тәжірибені өндіріске енгізуге ат салысады. Ленин совхозы партия ұйымы жұмысының пәрменді болуы астық дайындау міндеттемелерін орындауға, мал өнімдерін өндіруде жақсы көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік берді.

Совхоздың коммунистері барлық істе жұртшылыққа үлгі-өнеге көрсетіп отырады. Социалистік Еңбек Ері байырғы комбайншы Аманкелді Исақов талай-талай жас механизаторды тәрбиелеп шығарды. Егін орағы кезінде ол тіркемелі комбайнның штурвалына қайта отырып, жоғары көрсеткішке ие болды.

Биылғы жылы облыстың партия ұйымы мемлекетке 202,6 миллион пұт астық, 91 мың тонна ет, 220 мың тонна сүт, 2 116 тонна жүн, басқа да ауыл шаруашылық өнімдерінің өткізілуін камтамасыз ету жолында күрес жүргізеді.

Жаңа міндеттер жаңа талаптар туғызады. Қазіргі уақытта, партия органдарының сындарлы жүйесі құрылған кезде, облыстық партия комитеті басшылық дәрежесін жақсарту, оның түрлері мен әдістерін жетіл-

діру, сайып келгенде шаруашылық және партия басшылығының жаңа стилін қалыптастыру мәселесіне басты назар аударып отыр.

Коллективтік басшылық — әрбір партия комитеті үшін мызғымас заң. Партия бюросы іскерлікпен, ширақ өткізілуге, партия комитеттерінің пленумдары дер кезінде шақырылып, оларда партия тұрмысының негізгі мәселелері талқыланып тұруға, коммунистер мен партияда жоқ адамдармен тығыз байланыс орнатылуға, тәжірибе алмасуға күнбе-күн көңіл бөлінуге тиіс. Тек сонда ғана коллективтік басшылықтың мазмұны байи түседі. Облыстық партия комитеті бюро мәжілістерінде, партия комитеттерінің пленумдарында, конференцияларда қандай да болсын мәселенің творчестволықпен талқылануына, жетістіктер мен кемшіліктер салыстырылып, одан тиісті қорытынды шығарылуына, өткен жылдың тәжірибесіне сын көзімен баға берілуіне қамқорлық жасап отырады.

Облыстық партия комитеті партия комитеттерінің жұмысын зерттей отырып, бірқатар ұйымда идеологиялық жұмыстың арқауы босап кеткенін, партия бюросының ролі төмендегенін, халыққа, әсіресе малшыларға мәдени-тұрмыс қызметін көрсету мәселесіне аз көңіл бөлінетінін аңғарды. Сондықтан да қалалар мен аудандарда болып өткен партия конференцияларының күн тәртібіне партия ұйымдарының шаруашылық құрылысындағы ролін көтеру, саяси оқудың мазмұны, коммунистердің партия Уставының талаптарын қатаң сақтауы, еңбекшілерге мәдени-тұрмыс қызметін көрсету мәселесін жақсарту шаралары туралы мәселелер қойылды. Мұндай мәселелер бастауыш партия ұйымдары жиналыстарының көпшілігінде талқыланды. Мұның өзі кемшіліктерді жоюға бағытталған дұрыс шешімдер қабылдауға көмектесті.

Партия ұйымдарының бәрінде коллективтік басшылық принципі қатаң сақталады деуге болмайды. Кейбір жерде бюроньн мәжілістері «қысып алу», ал пленумдар даурықпалы жағдайда өтеді. Облыстық партия комитеті мұндай кемшілікті жоюға ұмтылуда.

Коллективтік басшылық туралы айтқан кезде коллектив болып белгілеген шешімнің орындалуына әрбір адамның жауапкершілігін арттыру мәселесін естен шығармау керек. Осы тұрғыдан алғанда біз партия тапсырмасының творчестволықпен орындалуын қамтамасыз ету міндетін алға қойып отырмыз.

Партия комитеттерінің жұмыс әдістері мен стилін жақсарту көп ретте кадрларды дұрыс іріктеп алып, орналастыруға, партия мен үкімет қаулыларының, жергілікті партия ұйымдары шешімдерінің қалай жүзеге асырылып жатқанына байланысты. Осыған орай, облыстық партия комитеті аудандық партия комитеттеріне тәжірибелі, іскер, саяси жағынан жетілген коммунистерді жіберді. Бірақ біз өндірістік басқармаларды әлсіретіп алғанымыз жоқ. Мұнда да жоғары мамандығы бар, қабілеті күшті адамдар жұмыс істейді. Бастауыш партия ұйымдары да кадрлармен нығайтылды.

Жаңа міндеттер бізден идеологиялық жұмысты жақсартып, ұйымдастыру жұмысын жетілдіруді, бастауыш партия ұйымдары мен партия комитеттерінің қабілетін арттыруды, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеп, соның негізінде жаңа табыстарға жетуді талап етеді. Облыстық партия комитеті өз жұмысын осы бағытта жүргізуде.

Партиялық тапсырма

Қазір партия әрбір коммунистің өз ұйымындағы, коллективіндегі, бүкіл партия мен елдегі істің жайына жауапкершілігін арттыру міндетін алға қойып отыр. Коммунистердің осы талап дәрежесінде болуы көп жағдайда бастауыш партия ұйымдарының тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастыра білуіне байланысты. Партия ұйымы өз есебіндегі коммунистермен жеке-жеке жұмыс жүргізіп, оны партия алдындағы, халық алдындағы борышына адал болу, Устав талаптарын бұлжытпай орындау рухында ерінбей-жалықпай баулып отыруға тиіс.

Коммунистерді тәрбиелеудің, іс үстінде шынықтырудың ең өтімді әдістерінің бірі — партиялық қоғамдық жұмыс. Қоғамдық жұмыс коммунисті жауапкершіліктің не екенін терең сезінуге үйретеді, оның бойындағы қабілетін, жақсы қасиеттерін ашуға, дамытуға көмектеседі. Партиялық тапсырманы орындау арқылы коммунист ұйымдастыру, насихат, үгіт жұмысының бай тәжірибесімен қаруланады.

Демек, коммунистке тапсырма беру мәселесімен күнбе-күн, мұқият шұғылдану — әрбір партия ұйымының, оның секретары мен бюро мүшелерінің ең жауапты міндеттерінің бірі. Бұл істе ешқандай үстірттікке, жүрдім-бардымға жол беруге болмайды. Тапсырма берген кезде коммунистің жалпы білімін, саяси даярлығын, мамандық түрін, жас ерекшелігін, өзінің ынта-ықыласын жан-жақты ескеру керек. Мәселен, сауаты шамалы, газетті әзер оқитын кісіге саяси үйірменің жетекшісі бол деу тым ағаттық болар еді. Сондай-ақ атеистік насихат жүргізу де екінші бірінің қолынан келе бермейді. Немесе өзі спорттың ешбір түрімен шұғылданбайтын әрі жасы ұлғайып қалған кісі жастар арасында спорт жұмысын жолға қоя алар ма еді?

Қысқасы, тапсырма бермес бұрын сол тапсырманы орындауға коммунистің шамасы келе ме, өзін де, партия ұйымын да ұятқа қалдырып жүрмей ме деген мәселені байыптырақ ойластырып алған жөн. Әрине, бұдан мүмкіндігі көрініп тұрған кейбір коммунистке қиын да жауапты тапсырманы міндеттеп жүктеуге болмайды деген ұғым тумасқа тиіс.

Асылы, партиялық жұмыста тәжірибесі жоқ коммунистерге тапсырманы оңайдан бастап, ысылған сайын үлкейте берген дұрыс. Бұл жөнінде Бірінші май атындағы тігін фирмасы партия ұйымының жұмысы назар аударарлықтай. Ұйым есебіндегі 180-нен аса коммунистің басым көпшілігі партиялық тұрақты тапсырма атқарады. Партия бюросы әр коммунисті жақсылап зерттеп, шамасын байқап, бірте-бірте шындай береді. Мысалы, партия бюросы тігінші коммунист А. Я. Кузьминаны әуелі үгітші етіп тағайындады. Көп ұзамай-ақ ол тігіншілердің тілін тауып, олардың жанашыр досы, ақылшысы болып алды. Жалынды сөзімен де, қажырлы ісімен де өнеге көрсетті, көпшілікті сонынан ертті.

Кузьмина жолдастың ұйымдастыру жұмысына бейімі бар екенін көрген партия бюросы оны № 1 цехтың бір бригадасының партия тобының ұйымдастырушысы етіп ұсынды. Кузьмина бұл сенімді де абыроймен ақтады. Ол қазір бүкіл фирмадағы тәуір ұйымдастырушылардың біріне айналды.

Сондай-ақ, конструктор С. Г. Шурыгин партия жиналыстарында сөйлегенде, жұмысшылармен әңгімелескенде жұртты ілезде баурап әкететін. Оның өз ойын әсерлі, айқын жеткізетіні, пікірін дәлелдеуге шебер-

лігі жиі байқалып жүрді. Осыны ескеріп, партия ұйымы оған саяси үйірмені басқаруды сеніп тапсырды. Айтқандай-ақ коммунист Шурыгин жақсы насихатшы болып шықты. Оның өткізген сабақтары мазмұнды, идеялық дәрежесі жоғары, коллектив өмірімен байланысты болуымен тыңдаушыларға ұнап жүр.

Партиялық тапсырма беру — тек істің басы ғана. Негізгі нәрсе — сол тапсырманың орындалуын бақылау, қадағалау, керек болса — көмек көрсету. Әрбір коммунистке берілген тапсырманың орындалуға тиіс мерзімі дәл көрсетіліп, сол мерзім өткеннен кейін істің нәтижесін барлық коммунистке хабарлап отыру керек. Тапсырмаға салақ қарап, оны орындамаған коммунист ұйым алдында жауап беретінін алдын ала жақсы білуге тиіс.

Амал не, кейбір ұйымдарда осы талап ескерілмейді. Партия ұйымының секретары бюро мүшелерімен ақылдаспастан коммунистке тапсырма береді де, оның орындалуын бақыламайды. Әлгі коммунист тапсырманы созып, сүйретіп жүріп, ақыры аяқсыз қалдырады, ал ұйым секретары өзінің тапсырма бергенін ұмытып та кетеді. Бүйтіп тапсырма беру коммунисті тәрбиелеу, шыңдау тұрмақ, қайта оны жауапсыздыққа әдеттендіреді, партия ұйымының беделін түсіреді.

Тегінде, тәжірибелі секретарьлар коммунистке тапсырманы партбюро мүшелерімен ақылдасып немесе жиналыстың ұйғаруымен береді. Сонда ол тапсырманың орындалу барысы бүкіл ұйымның, барлық коммунистің бақылауында болады.

Партия ұйымы бұқара арасында ұйымдастыру-саяси жұмысты шын мәнісінде өрістетсе, оған барлық коммунисті белсенді қатыстырса ғана тәуір нәтижеге жете алады. Бірақ кей жерде Уставтың осы талабы ескерусіз қалып жүр. Қайсы бір партия ұйымының секретары өзі таңдап алған бірнеше коммунистке бар тапсырманы үйіп-төгіп береді де, көптеген коммунист қоғам өмірінен сәл шеттеп қалады. Ал әлгі «таңдаулы топтағы» коммунистер тапсырмасы тым көп болған соң оның бірде-біреуін тиянақты орындамайды, орындауға оның шамасы да келмейді, уақыты да жетпейді.

Мысалы, мебель жөндейтін фабриканың бастауыш партия ұйымында 36 коммунист бар. Мұнда 10 коммунистке ғана тұрақты тапсырма берілген. Ал, 18 коммунист — ешқандай партиялық тапсырма атқармайды. Осында сирек өткізілетін партия жиналыстарында үнемі үш-төрт басшы коммунист қана шығып сөйлейді. Ал қалалық санитарлық-тазарту базасында Терехин, Сивухин, Дмитриев және 7—8 коммунистің әрқайсысына төрт-бестен тапсырма жүктелген. Сол тапсырмалардың бәрін ойдағыдай орындауға бұлардың уақыты да жетпейді. Бірақ жиналыс сайын сынға ұшырайды. Ал, оның бер жағында Имошкин, Сухарев, Матвеев сияқты коммунистерге бірнеше жыл бойына ешқандай партиялық-қоғамдық тапсырма берілмей жүр. Осы дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Мұндай «әдіспен» барлық коммунистің белсенділігін арттыруға болмайды.

Нақты жағдайға, коллективтің кәсібіне, коммунистердің құрамына қарай партиялық тапсырма да алуан түрлі болады. Ең бастысы — партиялық тапсырмалар сол ұйым мен коллектив өмірінің барлық саласын қамтитын болуға тиіс. Мәселен, қатардағы еңбек озаттарына өз тәжірибесін басқаларға үйрету, өндіріске жаңа келген жас жұмысшыны қамқорлыққа алу, өндіріс жұмыстарын механикаландыруға, жаңа технологияны енгізуге көмектесу сияқты тапсырмалар беруге болады. Қысқасы, партия ұйымы өз есебіндегі коммунистердің бірде-біреуін партиялық-қоғамдық жұмыстан тыс қалдырмайтындай жағдай туғызуы керек. Коммунистердің праволары мен міндеттері, олардың Устав талаптарын қалай орындап жүргені туралы мәселе партия жиналысында жиі талқыланып тұруға тиіс.

Тағы бір айта кететін жай аудандық партия комитетінің, кәсіпорын колхоз, совхоз партия бюросының мүшелері қоғамдық жұмысқа белсене қатысу жөнінде коммунистерге өздері үлгі-өнеге көрсетуге міндетті.

Біздің аудандық комитеттің 79 мүшесінің де әрқайсысы нақты тапсырма атқарады. Олардың басым көпшілігі тікелей өндірісте істейтін еңбек озаттары болғандықтан, негізінен өз коллективтері арасында партиялық-ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысын өрістетуге ат салысады. Сондай-ақ, көптеген коммунист аудан өмірінің әр түрлі саласына қатысты мәселелерді бюро мәжілісінде, пленумда талқылауға әзірлейді.

Соңғы жолы болған аудандық партия конференциясы «КПСС Уставының талаптары және коммунистердің жауапкершілігін арттыру туралы» мәселе қараған еді. Осы мәселені әзірлеуге партия активінен отыз коммунист қатысты. Солардың ішінде қалалық милиция басқармасы бастауыш партия ұйымының секретары Белимов, вагон жөндеу зауытының директоры Беглов, бу электр станциясының жұмысшысы Лебедев, темекі комбинаты партия ұйымының секретары Кросс және басқалары берілген тапсырманы үнемі уақтылы, сапалы орындап отыратынын атап кеткен мақұл. Аудандық комитет осы сияқты коммунистердің партиялық жұмыс жүргізудегі тәжірибесін жинақтап, қорыту шараларын іске асыруда.

Бастауыш партия ұйымдарының болып өткен есеп беру-сайлау жиналыстарында секретарьлардың 70 проценттейі, бюро құрамының едәуір бөлегі жаңадан сайланды. Олардың ішінде білімі, ынтасы, іскерлігі жеткілікті болғанымен, партиялық жұмыстан тәжірибесіздері көп. Міне, сол жана кадрды тәрбиелеу, шынықтыру, партия жұмысының тәжірибесімен қаруландыру—аудандық комитеттердің бірден-бір борышы. Оларға арнал семинарлар, кенестер өткізіп, күнбе-күн ақыл-кеңес беріп отыру қажет. Бұл жөнінде аудандық партия комитетінің нұсқаушыларының алдында үлкен міндеттер тұрғаны өз-өзінен түсінікті.

Коммунистік партия — совет халқының барлық жеңісін ұйымдастырушы. Ал партияның күші оның әрбір мүшесінің белсенділігі, іскерлігі арқылы көрінеді. Демек, коммунист өзінің қажырлы еңбегімен, бүкіл мінез-құлқымен партияға, халыққа адал берілгендіктің, қоғамдық мүддеге шын коммунистік көзқарастың, белсенділік пен іскерліктің өнегесі болуға тиіс. Партиялық тапсырма коммунистерді нақ осылай етіп тәрбиелеуге көмектеседі.

Алматы қаласы.

С. ДӨНЕНТАЕВА,

Ленин аудандық партия комитетінің секретары.

Куба социализм жолында

К. ШУСТОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Куба — атағы әлемге әйгілі арал, Америкадағы социализмнің тұңғыш шам-шырағы, бұдан алты жыл бұрын халық революциясының алып оты тұтанған ел.

Империализмнің бетке ұстары — Америка Құрама Штаттарынан небәрі 180 километр жерде тұтанған бостандық жалыны қазір Латын Америкасы халықтарының бостандық пен бақытқа барар жолын жарқыратып тұр.

Социализм — бірден бір дұрыс жол. Тек осы жолмен жүргенде ғана Америка құрылығының елдері, Куба елі сияқты, капитализмнің адам айтқысыз азабынан, зорлық-зомбылығынан біржолата құтылады.

Қаһарман Куба халқының бостандық үшін күресі оңайға түскен жоқ. Хосе Марти, Антонио Масео, Хулио Мелья, Хосе Боргес, Франка Паис, Хосе Кусарт сынды ерлер, басқа да ондаған мың отаншыл жандар ел деп еңіреп, еркіндік жолында жанын пида етті.

Жер көлемі Испаниядан 5 есе, Америка Құрама Штаттарынан 90 есе кішкене шағын аралдың халқы көп жыл бойы жапа шегіп, қайғы-қасіреттен арыла алмады. Арал 400 жылдан астам уақыт бойы Испанияның отары болды. 60 жылдай уақыт бойы Америка империализмінің қыспағында отырды.

Куба халқы испан отаршылдарына қарсы қолына қару алып, сан рет көтерілді. Ұлт-азаттық күрес, әсіресе, XIX ғасырдың аяғында кен құлаш жайды. Бұдан 70 жыл бұрын — 1895 жылғы 24 февральда Хосе Мартидің басшылығымен Кубада Испания үстемдігіне қарсы халықтық соғыс басталды. Кескілескен күрес үш жылға созылды. Партизан соғысын жүргізудің онтайлы әдістерін тамаша қолдана отырып, куба халқы қару-жарак, сан жағынан әлдеқайда басым испан армиясын жеңіп шықты. Бірақ Кубаны басып алуды ертеден көксеген Америка Құрама Штаттары куба халқының жеңісін пайдаланып кетті. Олар 1898 жылы апрель айының аяғында Кубаны азат етеміз деген желеумен Испанияға соғыс жариялап, аралға келіп орнығып алды. 1901 жылы қарудың күшімен Куба Конституциясына өзгеріс енгізді де елдің экономикалық және саяси өміріне кез келген уақытта еркін араласып отырды; Кубадан Гуантанамоны тартып алып, онда 1903 жылы соғыс-теңіз базасын жасады. Президенттік орынға өздерінің сыбайлас қолшоқпары Томас Эстрада Пальма деген біреуді әкеліп отырғызды. Сөйтіп Кубаның қол-аяғын алдын ала байлап-матап алғаннан кейін ғана аралдан өз әскерлерін шығарды.

Пальма, Ақ үй қолдан отырғызған басқа да президенттер өз қожаларына елдің есігін кен ашып берді. Монополистер ең құнарлы жерді арзан бағамен сатып алып, қант пен темекі өндірісіне, кен өнеркәсібіне, темір жол транспортына, коммуналдық шаруашылыққа, өзге де салаларға қанды шенгелін салды. Куба экономикасын тұқыртып, титығына жетті, одан ересен көп пайда тапты.

Ал куба халқы кедейшілікте өмір сүрді. Шаруалар Американың қант өндіруші шонжарларының соққысымен жерден айырылып, азып-тозып кетті. Жұмыссыздық жүздеген мың еңбекшіні азықсыз қалдырды.

1925 жылы Куба Коммунистік партиясы құрылды. Бұл еңбеккер

жұртшылықтың тарихындағы үлкен бетбұрыс, куба жұмысшы қозғалысын өрістетудің жаңа кезеңі болды. Компартия өзінің күш-жігерін жұмысшылар мен шаруалардың, ұсақ буржуазияның, әсіресе, интеллигенция мен студенттердің арасында империализмге қарсы пікірді күшейтуге жұмылдырды. Коммунистік партия Куба президенттерінің сатқындық саясаттарын үнемі әшкерелеп отырды. Соның нәтижесінде халық бұқарасы 1934 жылы Компартияның басшылығымен революциялық күреске шығып, Америка Құрама Штаттарының үкіметін Куба Конституциясына енгізілген өзгертуді қалпына келтіруге мәжбүр етті. Партия басшысының бірі Блас Роқаның сөзімен айтсақ, бұл жартылай отаршылдық тәртіпке берілген тұңғыш елеулі соққы болды.

Дүние жүзілік екінші соғыстан кейін халықаралық көлемде күштің арасалмағы социализм пайдасына шешілді. Мұның өзі Кубадағы революциялық күрестің барысына орасан зор ықпал жасады. Елдің еңбекшілері Халықтық-социалистік партияның басшылығымен (1944 жылдан бастап Кубаның Коммунистік партиясы осылай аталды) америкалық өктемдікке, олардың қолшоқпарларының озбырлығына қарсы, өздерінің праволары үшін күресе отырып, аралда солшыл үкіметтің құрылуына жетті. Бірақ бұл Ақ үй мен жергілікті кертартпа күшке ұнамады. Олар 1952 жылы 10 мартта елде әскери төңкеріс жасады. Мемлекет басына америка империализмінің қолжаулығы, қаныпезер генерал Фульхенсио Батиста келді.

Жас адвокат Фидель Кастро өзінің революциялық қызметін осы кезде бастады. Ол өз тобындағы 165 адаммен бірге 1953 жылы 26 июльде Сантьяго-де-Куба қаласындағы «Монкада» қазармасына шабуыл жасады. Күші аз болғандықтан олар жеңіліске ұшырады. Солай бола тұрса да бұл үлкен қарулы революциялық күрестің тұңғыш бастамасы болды. Кейінірек Фидельді жақтаушылардың қатары көбейіп, олар «26 июль қозғалысы» деп аталатын бұқаралық революциялық ұйымға бірікті. Ұйым Сьерра-Маэстра тауында көтерілісшілер армиясын құрды. Кубаның Халықтық-социалистік партиясы Фидель армиясына жан-жақты көмек көрсетіп, қолдап отырды. 1958 жылдың аяғында армиядағы адамдардың саны 25 мыңға жетті.

Армияның зор күшке айналуына «26 июльдегі қозғалыс», Халықтық-социалистік партия, «13 марттағы революцияшыл директорат» деп аталатын елдің үш ірі саяси ұйымының біріккен майдан құруы үлкен әсер етті.

Көтерілісшілер армиясы қалалар мен селоларды Батистаның әскерлерінен бірте-бірте босатып, Гаванаға таяу келгенде қаланың еңбекшілері Халықтық-социалистік партияның, Фидель Кастроның шақыруымен 1959 жылы 1 январьда жаппай көтеріліске шықты. Көтеріліс бүкіл қаланы қамтыды. Батиста мен оның сыбайластары тым-тырақай қашты. Армия Гаванаға келіп кірді. Сөйтіп Кубада империализм мен феодализмге қарсы халықтық революция жеңіске ие болды.

Революция жеңісімен куба халқы жаңа өмір орнатуға кірісті. Революциялық үкімет еңбекшілер бұқарасының қолдауымен бірсыпыра маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешті. Алғашқы айлардың өзінде-ақ жер реформасы жүзеге асырылды. Ірі помещиктердің жері шаруаларға берілді (бес адамнан құралған семьяға 26,8 гектар), 100 мыңнан астам жерсіз шаруа мен батрақ жер алды.

Сонымен жер реформасы ауыл шаруашылығындағы ірі қанаушылар табын жойып, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтуға көмектесті. Бұл одақта басшылық ролі пролетариаттың қолында болды.

Көп кешікпей америка шонжарлары мен Куба буржуазиясының ірі кәсіпорындары мемлекет қарамағына алынды.

Америка империалистері Куба үкіметінің әлеуметтік-экономикалық шараларды жүзеге асыруына кедергі жасап бақты. Олар бұрын қол қо-

йылған сауда келісімін біржақты бұзып, аралдан сатып алынатын қанттың мөлшерін барынша азайтты. Одан республика алғашқы кезеңде 93 миллион сомға жуық зиян шегетін болды.

Совет Одағы мен бірсыпыра халықтық демократия елдері пролетарлық интернационализмнің лениндік ұлы принципін басшылыққа ала отырып, Америка Құрама Штаттары бас тартқан барлық қантты сатып алатынын және келешекте де солай істейтінін мәлімдеді. Бұл, біріншіден, Кубаны экономикалық ауыр қиыншылықтан құтқарды, екіншіден, американ үкіметінің Куба елін экономикалық қыспақта ұстаймыз деген қара ниетін іске асыртпай тастады.

Куба революциясын экономикалық қысыммен тұншықтыруға болмайтынын сезген американ үкіметі күш көрсетуге көшті. Олар революция тұсында аралдан қашқан азғындарды, өзге де отансыз сатқындарды жинап, соғысқа үйрете бастады. Көп кешікпей, 1961 жылдың 17 апрелінде Американың соғыс кемелері бақайшағына дейін қаруланған 2 мыңға жуық әскерді Куба жағалауына әкеліп түсірді. Бірақ куба халқы Совет Одағының, басқа да социалистік елдердің, дүние жүзінің озат ойлы адамдарының көмегіне сүйене отырып, американ итаршыларын 72 сағаттың ішінде күл-талқан етті.

Америка империалистері қаншама қастандық жасаса да куба халқы революциялық жолдан таймады, қайта алға баса берді. Революция дамыған сайын, — деді куба халқының көсемі Фидель Кастро, — Маркс, Энгельс идеяларының, Лениннің ғылыми социализмге берген нағыз данышпандық бағасының дұрыстығына біздің көзіміз көбірек жетті.

Кубадағы революциялық өзгерістер негізінде 1961 жылы үш басты саяси ұйым: «26 июльдегі қозғалыс», Халықтық-социалистік партия, «13 марттағы революцияшыл директорат» Біріккен революциялық ұйым болып қайта құрылды. Соның негізінде маркстік-лениндік партия ұйымдастырыла бастады. Ол Социалистік революцияның біртұтас партиясы деп аталды. Партияның Ұлттық басшылығының бірінші секретарьлығына Фидель Кастро сайланды. Қазір партия мүшелерінің қатарында 50 мың адам бар. Елде 5 мың партия ұясы жұмыс істейді.

Бұл күндерде куба халқы Социалистік революцияның біртұтас партиясының басшылығымен өз елінде социализм орнатып жатыр. Өнеркәсіп өндірісінің 95 проценті социалистік сектордың қолында. Елде социалистік елдердің қатысуымен 145 кәсіпорын салынып жатыр.

Батыр халықтың социалистік өнеркәсіп құруына Совет Одағы үлкен көмек көрсетіп келеді. Ол 30 заводтың, фабрика мен электр станциясының жобасын жасап, салуға жәрдемдесті.

Кубадағы осындай маңызды құрылыстың бірі—Хосе Марти атындағы металлургия заводы. Завод кеңейтіліп, қайта құрылуда. Құрылыс аяқталғаннан кейін заводтың өндірістік қуаты 6 есе артып, жылына 350 мың тонна металл өндіретін болады. Совет Одағының 18 институты бұл кәсіпорынның жобалау жұмысына қатысты, көптеген заводы машина-жабдық беруде. Келешекте мұнда істейтін кубалықтар совет елінің металлургия заводтарында түрлі мамандыққа үйренуде.

Сондай-ақ ірі бу электр станцияларының құрылысы да совет елінің көмегімен салынып жатыр. Олар іске қосылған шақта таяудағы үш жылдың ішінде электр қуатын өндіру 60 процент артады. Алдағы уақытта Санта-Клара қаласында салынатын механикалық завод советтік ең жақсы станоктармен жабдыкталады.

Совет мамандары кубалықтармен бірге аралдан мұнай іздеуде. Олар бірлесе отырып, аралдың геологиялық картасын жасап, бастырып шығарды, басқа да ғылыми еңбектер жазды.

Совет Одағы 1963 жылы сұрапыл дауылдан көбірек зиян шеккен Сантьяго қаласына ірі панельден үй жасайтын завод үшін машина-жабдық жөнелтті. Қалада завод салынып жатқанда оның басшылары — бас

құрылысшы, цех бастықтары — барлығы 8 адам Алматы үй құрылысы комбинатында өндірістік тәжірибеден өтуде.

Революция жылдарында ауыл шаруашылығында зор өзгерістер болды. Елде қант қамысын (тростник), күріш, мақта, басқа дақылдар өсіретін мыңнан астам мемлекеттік шаруашылық ұйымдастырылды. Қазір пайдаланылып жүрген барлық жердің 70 проценттен астамы социалистік сектордың қарамағында.

Совет елі Кубаның ауыл шаруашылығын өркендетуге де көмектесуде. Кубалықтар бізден түрлі ауыл шаруашылық құрал-жабдығын, қант қамысын жинайтын комбайндар алуда. Ауыл шаруашылық кадрлары совет елінде даярлықтан өтуде. Совет Одағының жәрдемімен Ольгин қаласында ауыл шаруашылығын механикаландырудың ірі орталығы құрылды. Орталық совет машиналарымен, оқу құралдарымен жабдықталған. Онда біздің елдің 62 оқытушысы сабақ береді. Оқу орталығы жылына 1 200 маман кадр даярлап шығарады.

Совет мамандары кубалықтармен бірге жерді суару, саз жерді құрғату жөнінде бірқатар маңызды жоба жасады. Ал Ориенте аймағында 94 мың гектар жерді суландыру жоспарланып отыр.

Осындай ірі шаралардың негізінде 1970 жылы 10 миллион тоннаға дейін қант өндіріледі, мал шаруашылығының өнімі едәуір артады.

Куба халықтың тұрмысын жақсарту жөнінде зор табысқа жетті. Жұмыссыздық келмеске жетті. Еңбекшілердің әл-ауқаты барған сайын көтеріліп келеді. Бұрынғы лашықтар мен жер кепелерде тұратын адамдар таза да жарық үйлерге кіруде. Елде тұрғын үй құрылысы кең өріс алуда. Үкімет 25 жыл ішінде аралдың барлық халқын жақсы пәтерлермен қамтамасыз ету міндетін алға қойып отыр.

Куба жаппай сауатты елге айналды. Мұнда қазір балалар революциядан бұрынғы кезеңдегіден төрт есе көп оқиды. Жоғары оқу орындарының студенттері стипендия алады. Партия, кәсіподақ, комсомол кадрлары республикалық және аймақтық партия мектептерінде білімін көтереді. Мәселен, тек Гавана аймағында 89 бастауыш партия мектебі бар. Партия мектебінің тыңдаушылары диалектикалық материализмді, саяси экономияны, философия негіздерін, өзге де пәндерді оқып үйренеді.

Үкімет еңбекшілердің денсаулығын жақсартуға ерекше назар аударып отыр. Денсаулық сақтау шарасына қаржы революциядан бұрынғы дәуірдегіден 5 есе көп бөлінді. Революцияға дейін селолық жерде бірде-бір аурухана болмаса, қысқа мерзім ішінде 40 аурухана салынды. Оларда 1 300 дәрігер, сестра және басқалары жұмыс істейді. Ал ел көлемінде 5 мыңдай дәрігер, 25 мың сестра қызмет етеді.

Аралда балалар бақшасы мен яслиі, клуб, кітапхана, театр көптеп салынуда. Қазір 440 кітап магазині сауда жасайды; бұл революциядан бұрынғыдан 3 есе көп.

Революциялық үкімет баспа жұмысын жолға қойды. Тек өткен жылы 20 миллион данадай кітап басып шығарылды. Бұлардың ішінде кубалық авторлардың шығармаларымен қатар, шетелдердің, совет жазушыларының әдеби еңбектері де бар.

Куба халқы Социалистік революцияның біртұтас партиясының басшылығымен социализмге сеніммен алға басып келеді. Бұл күресте куба халқы жалғыз емес. Оның Совет Одағы, халықтық демократия елдерінің халықтары, дүние жүзінің озат ойлы адамдары сияқты айнымас адал достары бар.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҒЫНА ЖАУАП

Колхозшыларға пенсия қалай тағайындалады?

1965 жылғы Қаз-...
Павлодар облысының Шарбақты ауданынан М. Жақыпов, Қызылорда облысының Сырдария ауданынан Д. Есенжолов, И. Ахметов және басқа колхозшылар редакцияға жазған хаттарында колхоздағы әлеуметтік қамсыздандырудың тұрақты жүйесі, колхозда пенсия мен жәрдемнің кімге, қалай тағайындалатыны туралы кеңінен түсіндіруді өтінеді. Журнал оқушыларының тілегін ескеріп, мына төмендегі мақаланы жариялап отырмыз.

Партияның жаңа Программасында совет халқының әл-ауқатын үздіксіз жақсарту беруге бағытталған елеулі шаралар белгіленген. Ол шараларды іске толық асырған кезде біздің халықтың тұрмыс дәрежесі ең дамыған капиталистік елдердегіден де асып түсетін болады.

1964 жылғы 14 июльде СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясы «Колхоз мүшелеріне берілетін пенсиялар мен жәрдемдер туралы» Заң қабылдады. Биылғы 1 январьдан бастап күшіне енген бұл Заң—совет адамдарының тұрмыс жағдайын жақсартуға деген партиялық қамқорлықтың ең жарқын көріністерінің бірі.

Жаңа заң колхоздарда әлеуметтік қамсыздандырудың тұрақты жүйесін енгізді. Колхоздың қартайған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған мүшелеріне пенсия тағайындалады, ал жүкті болған және бала тапқан колхозшы әйелдерге жәрдем беріледі. Заңда атап көрсетілгеніндей, колхозшыларды пенсиямен қамсыз ету ісінде теңгермешілік болмайды. Колхозшылардың еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, колхоздың әр гектар егістік жерден алып, мемлекетке тапсыратын өнімі солғұрлым мол болады, ал жалпы кірісі, пенсиялық қорға бөлетін үлесі мол колхоздың колхозшыларына берілетін пенсия мөлшері де жоғары болмақ. Жақсы еңбек етіп, қоғамдық өндіріске көп үлес қосқан колхозшы пенсияны да көп алады.

Жаңа Заңға сәйкес қартайғанына байланысты пенсияны колхоздардың (балық аулайтын колхоздардың да) мына мүшелері алады: жасы 65-ке, жұмыс стажы кемі 25 жылға толған еркектер, жасы 60-қа, жұмыс стажы кемі 20 жылға толған әйелдер. Бес және одан да көп бала туып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген колхозшы әйелдер жасы 55-ке, жұмыс стажы кемі 15 жылға толса, қартайғанына байланысты пенсия алуға праволы.

Колхоз мүшелеріне қартайғандығына байланысты берілетін пенсия айына 50 сомға дейінгі жалақысының 50 проценті мөлшерінде тағайындалып, оған 50 сомнан арғы жалақысының 25 проценті қосылады. Қартаюға байланысты пенсияның ең азы айына 12 сом, ең көбі — 102 сом. Қартайғанына байланысты пенсия алуға жасы мен жұмыс стажы толған колхозшылар колхоздағы жұмысын қашан тоқтатқанына қарамастан пенсия сұрап өтініш бере алады.

I және II топқа жататын мүгедек колхозшылар мүгедектігі жөнінде пенсия алуға праволы. Мүгедек болған себебін және қай топқа жататынын, сондай-ақ қашаннан бастап мүгедек болғанын дәрігерлік-еңбек сарапшы комиссиясы анықтайды. Мүгедек колхозшыға пенсия тағайындау үшін оның қашан мүгедек болғанының (колхозда жұмыс істеп жүрген кезде ме, колхозға кіргенге дейін бе немесе колхозда жұмыс істеуді тоқтатқаннан кейін бе) ешқандай әсері жоқ.

Колхоз мүшелеріне мүгедектігіне байланысты пенсия еңбек үстінде майып болып немесе кәсібіне қатысты ауруға шалдығып еңбекке жарамай қалған ретте, жұмыс стажына қарамастан тағайындалады, ал жалпы аурудан мүгедек болған болса, онда жасына лайық еңбек стажы болуға тиіс.

Жалпы ауру нәтижесінде мүгедек болған колхоз мүшелеріне пенсия мынадай мөлшерде тағайындалады: айына 50 сомға дейінгі жалақысының I топтағы мүгедектерге 50 проценті, II топтағы мүгедектерге 40 проценті мөлшерінде; оған 50 сомнан арғы жалақысының 25 проценті қосылады. Соның өзінде пенсия мөлшері I топтағы мүгедектер үшін айына 15 сомнан, II топтағы мүгедектер үшін 12 сомнан кем емес, ал пенсияның сомасы I топтағы мүгедектер үшін айына 76 сом 50 тиыннан, II топтағы мүгедектер үшін 51 сомнан көп емес болып белгіленеді.

Еңбек үстінде майып болып немесе кәсіби ауруға шалдығып мүгедек болған жағдайда да пенсия осындай мөлшерде тағайындалады да, оның 20 процентіндей қосымша қосылады.

Қайтыс болған колхозшының қарамағында болған, еңбекке жарамайтын семья мүшелері асыраушысынан айрылуына байланысты пенсия алуға праволы.

Еңбекке жарамайтын семья мүшелерінің қатарына мыналар жатады:

а) 16 жасқа (оқушы болса 18 жасқа) толмаған балалары, інілері, қарындастары, немерелері немесе жасы бұдан жоғары, бірақ 16 жасқа (оқушы болса 18 жасқа) дейін I және II топқа жататын мүгедек болған балалары, інілері, қарындастары, немерелері; соның өзінде інілерінің, қарындастарының, немерелерінің еңбекке жарамды басқа туған-туысқаны жоқ болса ғана, оларға пенсия тағайындалады;

б) пенсиялық жасқа, яғни еркек болса 65, әйел болса 60 жасқа толған немесе I және II топқа жататын мүгедек болған әкесі, шешесі, әйелі, күйеуі, әкесінің әкесі, әкесінің шешесі. Соның өзінде, әкесінің әкесі мен әкесінің шешесін заң бойынша асырауға міндетті басқа адам жоқ болса ғана, оларға пенсия тағайындалады.

Өлген кісінің қарамағында болмаған балалары мен еңбекке жарамсыз туысқандары кейін мүлдем күн көрісі болмай қалған жағдайда ғана, асыраушысынан айрылғанына байланысты пенсия алуға праволы болады.

Пенсия жөнінде баланы асырап алған кісінің туған ата-анамен, ал асырап алған баланың туған баламен правосы бірдей. Асыраушысынан айрылуына байланысты пенсия алуға правосы бар кәмелетке толмаған бала, кейін оны біреу асырап алғасын да, пенсия алу правосынан айрылмайды. Өгей бала мен өгей қыз туған ата-анасынан алимент алып тұрмайтын болса, онда олардың пенсия алу правосы туған балалармен бірдей. Егер өгей әке мен өгей шеше қайтыс болған өгей баласының немесе өгей қызының қарамағында кемі 10 жыл тұрған болса, олардың пенсия алуға туған әкемен немесе туған шешеммен правосы бірдей болады.

Ерінің қайтыс болуына байланысты тағайындалған пенсия пенсионер жаңа некеге тұрғаннан кейін де сақтала береді.

Асыраушысынан айрылуға байланысты берілетін пенсияның мөлшері қайтыс болған кісінің жалақысына, өлімінің себебіне, артында қалған еңбекке жарамсыз жандардың санына қарай белгіленеді. Соның өзінде пенсия семьяның еңбекке жарамайтын бір мүшесі үшін айына 9 сомнан кем болмауға, семьяның еңбекке жарамайтын үш және одан да көп мүшесі үшін айына 102 сомнан артық болмауға тиіс.

Жаңа Заңға сәйкес пенсия алуға право беретін жұмыс стажына колхоз мүшесі ретінде колхоздың қоғамдық шаруашылығында істеген жұмыс атаулының (жұмыс түріне, ұзақтығына, үзіліс мерзіміне қарамастан) бәрі есептеледі. Соның ішінде сол колхозға мүше болғанға дейін

басқа колхоздарда істеген жұмысы да, кәсіпшілік артельдерінің, ауыл шаруашылық коммуналарының, жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктіктің, балық аулайтын серіктіктердің мүшесі ретінде істеген жұмысы да стажға қосылады.

Коллективтендірудің алғашқы жылдарында колхозға кірген, бірақ пенсия алуға стажы толмастан картаюы немесе мүгедек болуы себепті колхозда жұмыс істеуін тоқтатқан колхоз мүшелерінің қартайғаннан кейін немесе мүгедек болғаннан кейін колхозда болған уақыты да стажға қосылады.

Егер колхоздағы документтер бойынша колхозшының белгілі бір кезеңде дәлелді себепсіз ұдайы жұмысқа шықпағаны, қоғамдық еңбектен жалтарғаны анықталса, сол кезеңді жұмыс стажынан шығарып тастау жөнінде колхоз басқармасына, сондай-ақ колхозшыларға пенсия мен жәрдем тағайындау жөніндегі комиссияларға право берілген. Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Одағының жерінің белгілі бір бөлегін жаулар уақытша басып алғанға дейін колхозда жұмыс істеген колхоз мүшелерінің СССР-дің немесе басқа бір мемлекеттің жау басып алған жерінде, сондай-ақ Совет Одағымен олардың соғыс жағдайында болған мемлекеттің жерінде болған уақыты жұмыс стажына есептеледі (егер сол кезеңде ол Отанға қарсы қылмыс жасамаған болса).

Колхоз мүшесі болып істеген жұмыстан тыс, жұмысшы немесе қызметші болып істеген уақыт, еліміздің Қарулы күштерінің қатарында атқарған қызмет, партизан отрядтарында болған уақыт және мемлекеттік пенсиялар туралы Заң бойынша пенсия тағайындаған кезде жұмыс стажына есептелуге тиіс басқа да мерзімдер жұмыс стажына қосылады.

Пенсия мөлшері пенсия сұрап арыз берген жылдың алдында өткен 15 жылдың, ал асыраушысынан айрылғаны үшін пенсия тағайындаған кезде, асыраушы қайтыс болған жылдың алдында өткен 15 жылдың соңғы қалған бес жылы (арыз иесінің қалауы бойынша) ішінде колхозда істеген жұмысы үшін алған нақты жалақысының орташа айлық мөлшерінен есептеледі. Егер пенсия сұраушының колхозға мүше болғанына бес календарлық жыл толмаса, онда пенсия сол барлық жылдарда тапқан нақты жалақысының орташа айлық мөлшерінен есептеледі. Ал егер колхозға мүше болғанына календарлық бір жыл да толмаса, пенсия сол жылдағы айлар ішінде тапқан жалақысының орташа айлық мөлшерінен есептеледі. Пенсия есептелетін жалақыға колхозда бар документтер бойынша колхоздың қоғамдық шаруашылығында істеген жұмысы үшін төленген ақының барлық түрі қосылады. Заттай ақы сол еңбеккүн берілген кезеңдегі мемлекеттік бөлшек сауда бағасымен бағаланады. Пенсия тағайындалғаннан кейін пенсионер бұрынғысынан көбірек жалақымен колхозда кемі 2 жыл жұмыс істесе, пенсионердің арызы бойынша оның пенсиясы сол жоғары мөлшердегі жалақысынан есептеліп, қайтадан тағайындалады.

Пенсия тағайындау жөніндегі арыз колхоз басқармасына беріледі. Басқарма колхоздың әлеуметтік камсыздандыру советімен бірлесіп, пенсия сұраған колхоз мүшесінің жұмыс стажы мен жалақысы жөніндегі қажет документтерді реттейді, сөйтіп оған колхозшының арызы мен өз шешімін қосып, колхозшыларға пенсия мен жәрдем тағайындайтын комиссияға жібереді.

Іс жүзінде колхоздан шығып қалған колхоз мүшелері (колхозға коллективтендірудің алғашқы жылдарында кірген, бірақ картаюы немесе мүгедек болуы себепті колхозда жұмыс істеуін тоқтатқан адамдардан басқалары) пенсия тағайындауға ұсынылмайды.

Жаңа заңға сәйкес колхозшыларға тағайындалған пенсиялар олардың колхоздан немесе ауыл шаруашылығының мемлекеттік кәсіпорындарынан қанша табыс алып жүргеніне қарамастан, толық төленеді. Жұмысшы және қызметші бол істеп жүрген (колхоздарда немесе ауыл ша-

руашылығының мемлекеттік кәсіпорындарында істеп жүргеннен басқа) пенсионерлерге, сондай-ақ кооперативтендірілмеген қол өнерші немесе еркін кәсіп адамы саналатын пенсионерлерге колхоздан пенсия төленбейді.

Колхозшыларға берілетін пенсиялар мен жәрдемдер колхоздардың орталықтанған одақтық әлеуметтік қамсыздандыру қорына бөлген үлесінен құралады. Мұның өзі колхоздардың экономикалық жағдайының қандай екеніне қарамастан, пенсионер-колхозшылардың пенсияны үзіліссіз, кедергісіз алып тұруын қамтамасыз етеді.

Жаңа Заңға сәйкес, 1964 жылғы 4 ноябрьде СССР Министрлер Советі жүкті болған және бала тапқан колхозшы әйелдерге жәрдем тағайындау, оны төлеу тәртібі туралы ережені бекітті. Бұл Ережеге лайық, колхозшы әйелдер бала туғанға дейін 56 календарлық күнге, босанғаннан кейін 56 календарлық күнге, жалақысы сақталып, демалыс алады, ал қиналып босанған немесе егіз, одан да көп бала тапқан колхозшы әйелдерге босанғаннан кейін 70 календарлық күнге демалыс беріледі. Жүкті болғанына 196 күн толғаннан кейінгі жерде түсік тастаған колхозшы әйелдерге жәрдем жалпы негізде, яғни 56 күнге беріледі.

Жұмысшы, қызметші әйелдер сияқты колхозшы әйелдерге де жүктілігіне және бала тууына байланысты демалыс денсаулық сақтау органдарының қағазы бойынша беріледі. Кемінде үш жыл жұмыс стажы бар колхозшы әйелдердің, 18 жасқа толмаған, бірақ кемінде 1 жыл жұмыс стажы бар колхозшы әйелдердің, бұрынғы партизандар мен Отан соғысы мүгедектерінің, сондай-ақ колхоз өндірісінің кемінде бір жыл жұмыс стажы бар жаңашылдары мен озаттарының жүктілігіне және бала тууына байланысты демалысы кезінде жәрдем жалақысының толық мөлшерінде беріледі. Басқа қалған колхозшы әйелдердің бәріне де жәрдем жалақысының үштен екі бөлігі мөлшерінде беріледі. Қандай ретте де колхозшы әйелдердің жүктілігіне және бала тууына байланысты берілетін жәрдем күніне 40 тиыннан кем болмауға тиіс.

Жүктілігіне және бала тууына байланысты колхозшы әйелдерге берілетін жәрдемді де колхоз басқармасы мен әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі колхоз советінің бірлесіп ұсынуы негізінде колхозшыларға пенсия мен жәрдем тағайындайтын комиссия қарап, тағайындайды. Пенсия секілді, жәрдем де колхозшыларды әлеуметтік қамсыздандырудың орталықтанған одақтық қорының қаржысынан төленеді.

Жуырда республика колхозшыларын әлеуметтік қамсыздандыру Советі құрылды. Советтің председателі болып Алматы облысындағы Еңбекшіқазак ауданының Миңурин атындағы колхозының председателі Қ. Әбдіғұлов, председателдің орынбасары болып Жамбыл облысының Қордай ауданындағы «Трудовик» колхозының председателі П. Ф. Зайцев жолдастар бекітілді.

Республикалық советтің міндеті — колхоздардағы, аудандардағы, облыстардағы, Тың өлкесіндегі колхозшыларда әлеуметтік қамсыздандыру советтерінің жұмысына басшылық ету, олардың тәжірибе алмасуын ұйымдастырып отыру.

Қазір жергілікті әлеуметтік қамсыздандыру советтері мен колхоз басқармалары колхозшыларға пенсия тағайындау жұмысын қызу қолға алды. Бұл істе оларға аудандық Советтердің атқару комитеттері күнбе-күн көмек көрсетуге тиіс. Пенсия талап етушілердің документтерінің дұрыс-бұрыстығына, пенсияның орынды тағайындалуына колхоз басқармалары жауап береді. Демек, олар қателіктен сақ болу үшін пенсия туралы Заңды егжей-тегжейлі үйреніп, оның талаптарын бұлжытпай іске асыруы керек.

Р. ШӘРІПОВ,

Қазақстан Кәсіподақтары советі Заң
консультациясының меңгерушісі.

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Тарихи шындық және оны бұрмалау

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен қол жеткен тамаша табыстарды, әсіресе XX съезден кейінгі жетістіктерді орынды мақтан етеді. Совет Одағының, бүкіл социализм лагерінің нығая түсуінен зәресі ұша қорыққан империалистік монополиялар қазіргі кезеңде күрестің басқа да түрімен бірге идеология майданында коммунизмге қарсы жүгенсіз насихатты өршелене өрістетіп, осы мақсат жолында қолынан келгеннің бәрін істеп бағуда.

Капитализмнің итаршылары өздерінің жазған кітапсымақтарында фактілерді өрескел бұрмалап, советтік өмір шындығын қаралағысы, еліміздің қол жеткен табыстарын жоққа шығарғысы келеді. Қазіргі кезеңде, империализмнің отарлық жүйесі күйреген жағдайда, буржуазияның сойылын соғушылар Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің лениндік ұлт саясатына жала жабуға. Олар өздерінің қара ниетіне орай Орта Азия республикалары мен Қазақстанның тарихын, қазіргі хал-жағдайын қасақана бұрмалау ниетін көздеп отыр. Тарихты бұрмалаушылардың ондағы мақсаты — «совет отаршылығы» дегенді ойдан шығарып, азаттық алған елдердің халықтары алдында социализм мен коммунизмнің беделін түсіру.

Советтің тарих ғылымы буржуазия тарихшыларының жазғандарын барынша әшкерелеуде. Орта Азия мен Қазақстан тарихшылары соңғы кезде бұлардың өсек-жаласына соққы беретін бірнеше кітап шығарды.

Өткен жылдың аяғында «Тарихты бұрмалау және тарихи шындық» (авторлары А. Нүсіпбеков пен Х. Бисенов) деген атпен «Қазақстан» баспасынан орыс тілінде кітап жарық көрді. Авторлар буржуазияшыл-ұлтшыл азғын Баймырза Хаиттың «Түркістан XX ғасырда» деген және басқа кітаптарындағы Орта Азия республикалары мен Қазақстанға жапқан жаласын әшкерелеуді мақсат етіп қойған. Баймырза Хаиттың еліміз тарихын өрескел бұрмалаған «еңбектеріне» марксизм-ленинизм, тарихи шындық тұрғысынан талдау жасалған жоқ еді. Сондықтан айтып отырған кітабымыздың жарық көруі әбден дұрыс. Баймырза Хаит Коммунистік партияның ұлт саясатына шабуыл жасай отырып, әсіресе Советтік Шығыс еңбекшілерінің өмірін бұрмалауға, еліміз халықтарының мызғымас достығын жоққа шығаруға, олардың туыскандық ынтымағына ірткі салып, ұлы орыс халқымен екі араға от салуға жанталауда. Міне сондықтан Баймырза Хаит сияқты Отанынан безген, ар-ұяттан жұрдай болған сатқындардың кітапсымақтарын империалистер өте көп тиражбен шығарып, оларды жер-көкке сиғызбай мадақтауда.

Рецензияланып отырған кітаптың бірінші тарауында Октябрьден бұрынғы дәуірдегі Қазақстан тарихының кейбір мәселесі баяндалады.

Өйткені, Б. Хаит және басқа жалақорлар Орта Азия республикалары мен Қазақстанның жергілікті халықтары патша өкіметі тұсындағы сияқты, әлі де «орыстың советтік империализмінің» отарлық тәуелдігінде отыр деп сандырақтайды. Осындай арам пиғылмен Б. Хаит 1924 жылы Орта Азияда совет үкіметі жүргізген зор маңызы бар ұлттық-мемлекеттік межелеуді жергілікті халықтардың мүддесіне сай келмейтін шара болды дегенге дейін барады.

А. Нүсіпбеков, Х. Бисенов жолдастар бұл долбардың шындықтан тіптен алыс жатқанын жақсы дәлелдеген. Шынында, тарихта ешқандай үкімет соғыссыз, ерікті түрде бірнеше ұлттық мемлекеттің өзара шекарасын межелеген емес. Патша өкіметі жергілікті халықтардың мүддесі-

мен мүлдем санаспай, өзінің саяси-әкімшілік межелерін орнатқан еді. Осының кесірінен қазақтардың ежелден мекен еткен жерлері әр түрлі генерал-губернаторлықтар мен облыстарға бөлініп-бөлініп кеткенді. Әрине, патша үкіметі мұндай саясатты жүргізген кезде отарлық өктемдікті нығайтуды, ұлт-азаттық қозғалысты оңай тұншықтыруды көздеді. Орта Азияның басқа халықтары да тап осындай халге душар болды. Совет өкіметі мұндай озбырлықты жойды, жергілікті халықтардың ұлттық мемлекеттерін құрды. Сондықтан Орта Азия мен Қазақстан еңбекшілері Совет өкіметінің әділ саясатын шын жүректен құттықтап, бірауыздан жақтады.

Осыған орай тағы да Б. Хаиттың бір жаласын айта кету керек. Хаит Октябрь революциясынан бұрын Орта Азия мен Қазақстанда бір-ақ ұлт «Түркстан ұлты» болды деп, қазақтардың, өзбектердің, қырғыздардың, түрікмендердің, тәжіктердің, қарақалпақтардың ежелден дербес халық болып келгенін мойындағысы келмейді. Сонымен қатар ол қазақтарды, Орта Азияның басқа да халықтарын «мұсылман ұлтына» жатқызады. Тарихтан аз да болса хабары бар адам мұсылмандықтың ұлт емес, дін белгісі екенін жақсы біледі.

Хаиттың ғылымға жат бұл сандырағы тарихта жаңалық емес. Ұлы Октябрь революциясынан бұрын да буржуазияшыл ұлтшылдардың, Түркияның үстем тап агенттері мен қолшоқпарларының, мұсылман діндарларының пантюркистік, панисламистік идеяларды Россиямен күресу үшін пайдаланғаны белгілі. Қазақ кедейлері мұндай шірік идеяларды қолдамады, себебі, оларға түрік сұлтаны не, орыс патшасы не, бәрі бір болатын. Кедейлер шын мәнісінде бостандықты, жақсы тұрмысты аңсады. Оған тек Совет өкіметінің арқасында ғана қолы жетті. Енді коммунизм орнатып жатқан Орта Азия мен Қазақстан халықтары пантюркистік, панисламистік идеяларды ешқашан қолдамайды деп авторлар аталған кітапта өте дұрыс жазған.

Сонымен қатар кітапта буржуазия идеологтарының, оның ішінде, Хаиттың «1917 жылға дейін Түркстан халқы тапқа бөлінуді білмеді», бұл «ислам принциптерінің дінге сенушілермен ынтымағы негізінде құрылған тапсыз қоғам еді» деген сандырағын күл-талқан еткен нақты деректер, дәлелдер бар. Әрине, мұндай тұжырымды кезінде қазақтың буржуазияшыл ұлтшылдары да уағыздаған болатын. Буржуазияшыл ұлтшылдардың ондағы арам пиғылы — қазақтардың ішінде ешқандай қанаушылық жоқ, сондықтан Октябрь революциясы жеңістерінің қазақ халқы үшін керегі жоқ деген желеумен Совет өкіметіне қарсы күреске шақыру еді. Олай болса хаиттер де бұл тұжырымды алашордашылардан көшіріп алған.

Империализм идеологтарының тағы бір жабатын жаласы — Қазақстанда Ұлы Октябрінің жеңісіне байланысты тарихи мәселелер төңірегінде. Сондықтан авторлардың бұл мәселелерге кітаптың екінші тарауын арнауы орынды. Қазіргі кезде Хаиттың «Түркстан XX ғасырда» деген және басқа жалақорлардың кітаптарында айтылатын Ұлы Октябрь социалистік революциясының Қазақстан мен Орта Азия республикалары топырағында таптық негізі болмады, сондықтан оның жеңуі заңсыз еді, Совет өкіметі жоғарыдан зорлықпен енгізілді деген өсек-аяңды бұдан бұрын алашордашылар мен троцкийшілдер айтқан болатын. Тарихи фактілер Қазақстан мен Орта Азияда Совет өкіметі үшін күрес еліміздегі жалпы социалистік революция процесімен тікелей байланысты болғанын дәлелдейді. Бұл мәселе туралы совет тарихшыларының көптеген еңбегі бар. Сол сияқты А. Нүсіпбеков пен Х. Бисеновтың кітабында да Ұлы Октябрь социалистік революциясының Қазақстан топырағында терең тамыр жайғаны, оның заңды екені айтылады. Сонымен қатар кітапта Хаиттың Қазақстан мен Орта Азия халықтарының 1916 жылы патша самодержавиясына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің тарихы, контрреволю-

цияшыл «Қоқан үкіметі» мен алашорданың күйреуі сияқты мәселелерге байланысты бұрмалаушылықтары орынды әрі дәлелді фактілермен әшкереленген.

Ұлы Октябрь революциясы жеңгеннен кейін Коммунистік партия мен Совет үкіметі лениндік ұлт саясатын нақты іске асыруға кірісті. Патшалы Россияның езілген, мешеу шет аймағындағы халықтар Совет өкіметі жылдарында өздерінің мемлекеттерін құрып, өз алдына отау тікті. А. Нүсіпбеков пен Х. Бисенов кітабының үшінші тарауында Қазақстанның терезесі тең одақтас республикалар семьясындағы жетістіктері баяндалады, сол тұрғыда Б. Хаиттың және басқа буржуазия идеологтарының сандырағына тойтарыс беріледі.

Патшалы Россияның содырлы-сойқан саясатынан туған, орыстарға деген сенімсіздікті жою, авторлар атап көрсеткендей, қазақтың ұлттық мемлекетін құрып, жер мәселесін дұрыс шешу арқылы жүргізілді. Бір кезде казак-орыстар тартып алған Жайық, Ертіс өзендері бойындағы жерлер 20-жылдары казак шаруаларына берілді. 1921—1922 жылдары Жетісу, Сырдария облыстарында жер-су реформасы жүргізілді. Осының негізінде Жетісу губерниясында 134,5 мың десятина, Әулиеата және Шыммент уездерінде 25,6 мың десятина жер кулактардан алынып, казак шаруаларына қайтарылды. Ал, Б. Хаит болса бұл аграрлық мәселелердің мәнін жоққа шығарғысы келеді. Тіпті ол «Жетісу губерниясында жер реформасы тиянақты жүргізілмеді», «Большевиктер орыс отаршыларына тым артық тиіп кетуге қорықты» деп көріне жала жабады.

Қазақтың ұлттық мемлекетін құру да Октябрь революциясының бірінші күндерінен-ақ жүргізіле бастады. Қазақтың Советтік Автономиясын құруға даярлық жұмыстары партияның басқаруымен жүргізілді. Бұл үлкен істе 1919 жылы Ленин Түркстан өлкесінде ұлт саясатын дұрыс жүзеге асыруға көмектесуге жіберген комиссияның қызметі зор еді. Оның құрамында партияның көрнекті қайраткерлері Ш. З. Әлиава, М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев, Ф. И. Голощекин, Я. Э. Рудзутак болды, олар өлкеде партияның ұлт саясатын дұрыс жүргізді. Ал Хаиттың осы фактінің өңін айналдырып, комиссия «барлық өкімет билігін өз қолына жинақтауға» жіберілді дегені барып тұрған зымияндық екені кітапта жақсы түсіндіріледі.

Қазақстан 1936 жылы одақтас республикаға айналды. Бұрын артта қалған көшпелі ел индустриялы-аграрлы республика дәрежесіне жетті. Экономикада болған өзгерістердің негізінде қанаушы таптар жойылды, қоғамның таптық-саяси бірлігі нығайды, казак халқы социалистік ұлт болып қалыптасты.

Партияның XX, XXI, XXII съездерінің шешімдері жеке адамға табыну зардаптарын жойып, социалистік заңдылықтың лениндік нормаларын қалпына келтірді, советтік демократияны одан әрі дамытуға бағытталған шаралар белгіледі. Одақтас республикалардың суверендік праволары кеңейтілді. Міне, осыған қарамастан, буржуазияның итаршылары, оның ішінде Хаит Орта Азия республикалары мен Қазақстанда «орыстардың озбырлығы» бар деп байбалам салуда.

Империализм итаршылары совет өкіметі органдарының әлеуметтік-таптық құрамына талдау жасамайды. Мұның өзі кездейсоқ нәрсе емес. Мысалы, Қазақ ССР-нің 1963 жылы сайланған Жоғарғы Советінің құрамын алайық. Ондағы 473 депутат, ал сол сияқты жергілікті совет депутаттарының 55,3 проценті — жұмысшылар мен колхозшылар. Республика Жоғарғы Советінің құрамына 215 казак, 179 орыс, 50 украин мен басқа ұлттың 29 өкілі сайланған. Осыдан кейін Б. Хаиттың түркстандықтарға ұлттық мүддеге лайықты ештеңе жоқ деген көкіме сөздеріне қалай сенесің?!

Буржуазияшыл жалақорлар, әсіресе Қазақстан мен Орта Азия республикаларында Совет өкіметі жылдарында болған түбегейлі өзгерістер-

ді жоққа шығаруға тырысады. Олардың айтуынша, республикамызда болған социалистік индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру қазақ халқына ешқандай жақсылық бермеген сияқты. Мысалы, Б. Хаит шімірікпестен: елді индустрияландыруда «Түркстан Совет Одағы индустриясының шикізат базасы болды» «Советтердің міндеті Түркстанды Россиямен экономика жағынан байланыстырып, Түркстанның экономикалық қайта жаңаруына кедергі келтіріп отырды» деп соғады.

Кітаптың төртінші тарауы Б. Хаит сияқты империализмнің жалдамалы итаршысының шылғи өтіріктерінің түбі шикі екенін ашып береді. Онда совет өкіметі жылдары Қазақстанда болған өнеркәсіп саласындағы жетістіктер нақты көрсетіледі. Өнеркәсіптің жалпы өнімінің өсу қарқынын мынадай цифрлардан көруге болады: 1940 жылы өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 8 есе көп болса, 1945 жылы 10,3 есе, 1959 жылы 50,5 есе өскен. Ал үстіміздегі жылдың аяғында өнеркәсіптің жалпы өнімі 1958 жылмен салыстырғанда 2,7 есе артатын болады. Қазіргі уақытта республикада электр қуаты Пакистанға карағанда 20 есе, Түркия, Португалия және Греция үшеуін қоса есептегендегіден үш есе артық өндіріледі. Соңғы бес жылдың ішінде ғана Қазақстанда 600-ден астам ірі кәсіпорын қатарға қосылды.

Республика экономикасының қарыштап алға басуына байланысты жұмысшы табы мен интеллигенцияның саны да көп өсті. Егер 1929 жылы халық шаруашылығында 250 мың жұмысшы мен қызметші болса, 1961 жылы олардың саны 3 330 мыңға жетті. Әсіресе, халық шаруашылығында жоғары және орта білімі бар мамандар көбейді. Мысалы, жоғары білімі бар мамандардың саны 1961 жылы 1941 жылмен салыстырғанда 8,4 есе өсіп, 142 мыңға жетті. Оның 23,6 проценті қазақтар. Тек 1963 жылы ғана өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, мәдениеттің әртүрлі саласына 34 мыңдай жаңа маман қосылған. Оның 12 мыңдайының жоғары білімі бар. Осыған орай авторлардың салыстырмалы цифр беруі өте орынды. Ағылшындар 70 жылдай Кенияда отарлық өктемдік жасаған кезде 9 миллион жергілікті халықтан тек қана 4 инженер даярлап шығарған.

Империализмнің сойылын соғушылар өздерінің «еңбектерінде» лениндік кооперативтік жоспарға, еліміздегі ауыл шаруашылығында болған өзгерістерге өз тұрғысынан «талдау» жасауға тырысады. Б. Хаит коллективтік шаруашылық «әсіресе, Түркстан жағдайында» тиімсіз деп көкіді. Тіпті, ол ол ма, Совет өкіметі жылдарында көшпелі қазақтар ерікті түрде отырықшылыққа айналып, индустриялы еңбекке араласып отырса да, Хаит өзінше топшылайды. Ол большевиктер «көшпелілерді отырықшылыққа зорлап көндірді» деп көпе-көрінеу жала жабады. Кітапта Хаиттың тағы басқа байбаламдарына, өсек-өтіріктеріне байсалды жауап қайтарылған. Әсіресе, Қазақстан ауыл шаруашылығының қазіргі кездегі дамуы туралы қонымды фактілер келтіріліп, кейбір шетелдік Шығыстың «ислам туы астында өркендеген» «ерікті елдерінің» мүшкіл экономикасы көрсетіледі. Мысалы, 96 миллион халқы бар Пакистанның егіс көлемі тек 17 миллион гектар ғана. Ол лажсыз шетелдерден азық-түлік сатып алады. Сол сияқты 21 миллион халқы бар Иран бар болғаны 36—40 миллион центнердей астық өндіреді. Осы екі елдің ауыл шаруашылығын Советтік Қазақстанмен салыстырсаңыз айырмашылығы жер мен көктей. Осыған орай авторлардың Қазақстанда тың және тынайған жер игерудегі бүкіл совет халқының қаһармандық еңбегін атап көрсетуі дұрыс болған.

Совет өкіметі жылдары Қазақстанда да, басқа туысқан республикалардағы сияқты, мәдени революция жүзеге асырылды. Оның жетістіктері алуан-алуан. Кітапта осы саладағы табыстар нанымды деректермен баяндалған. Авторлардың Орта Азия мен Қазақстанның қазіргі хал-

жағдайын, экономикасы мен мәдениетін капиталистік Шығыс елдерінің мүшкіл халымен салыстыра көрсетуі орынды.

Орта Азия мен Қазақстанның мәдениет саласындағы жетістіктері де әлемге аян. Жалақор Хаиттың өзі де бізде сауатсыздықтың жоқ екенін, жергілікті ұлттардың балалары мен қыздары институттар мен университеттерде оқитынын лажсыз мойындайды. Бірақ осыны мойындай отырып, Орта Азия халқын әдейі мүсіркеген болады да, ол Ұлы Октябрьден кейінгі жетістіктер «ұлттық тәуелсіздікті жоғалту», «ұлттық дәстүрлерден айрылу» арқылы жүргізілді-міс деп мәдени табыстарымыздың сыпатына шек келтіреді.

Империализм итаршылары Қазақстан экономикасын көтеруге туысқан халықтар өкілдерінің келуін «отарлау» деп байбалам салып, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғағансыды, еліміздің халықтары арасына от салмақ болады. Кітапта осындай жалақорлыққа ғылыми тұрғыдан дұрыс жауап берілген.

Кітапта келтірілген мағлұматтар бойынша қазақтардың ішінен ғылыми қызметкерлердің, жоғары білімі барлардың көбеюі жалпы Совет Одағы бойынша көрсеткіштерден жоғары тұр. Мысалы, 1949—1959 жылдары Одақ бойынша ғылыми қызметкерлердің саны екі есе өссе, ал ғалым қазақтардың саны 4 есе өскен. Қазақстанның жұмыс істейтін мың адамына шаққанда жоғары білімі барлардың саны 4 есе көбейсе, қазақтардың ішінен 17 есе көбейіп отыр. Бұдан біз лениндік ұлт саясатының нақты жемісін көреміз. Қазақстан ежелден көп ұлтты республика болатын. Оның халықтары бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, тату тұрады.

Орыс тілі — біздің екінші ана тіліміз. Бауырмал халықтар осы ортақ тіл арқылы сөйлеседі, ұғынысады. Мысалы, Қазақстан Магниткасын салуға 30-дан астам ұлттың өкілдері ат салысты. Олар бір-бірімен өздерінің бәріне ортақ орыс тілінде сөйлеседі. Орыс тілінің мәні, әсіресе, коммунизм құрылысын кең өрістету дәуірінде бұрынғыдан да артып отыр.

Кітаптың соңғы беттері Советтік Шығысты социализм мен бейбітшіліктің шам-шырағы ретінде суреттейді. Хаит сияқты империализм итаршыларының өсек-өтірігіне қарамастан, шетелдік Шығыстың қалың бұқарасы арасында Совет Одағы туралы шындық, марксизм-ленинизмнің идеялары кең тарауда. Буржуазия идеологтары лениндік партия, Совет Одағы туралы шындықты қаншама бұрмалауға тырысқанмен, олар тарихтың тегершігін кері айналдыра алмайды.

Кітаптың жақсы жақтарымен қоса кейбір олқылығы да бар. Оның беттерінде дәлелді, нанымды фактілермен, тұжырымдармен қатар кейбір жалпылама сөйлемдер де кездеседі. Мысалы, авторлар кітаптың I—II тарауларында Хаиттың және басқа империализм итаршыларының Октябрь революциясы мен азамат соғысы тарихын бұрмалауын орынды сынға алған. Бірақ осы тұста қонымды, ұтымды фактілер келтірілмеген. Ал шынында бұл туралы фактілер мен деректер совет тарихшыларының қолында көп еді.

Жалпы алғанда мұндай кітаптың шығуы құптарлық. Өйткені, оның Орта Азия мен Қазақстан тарихын бұрмалаушы империалистік жалақорлардың өтірік-өсегін әшкерелеуде насихатшылар, үгітшілер пайдаланатын бағалы құрал екенінде дау жоқ.

Ә. МҰҚТАРОВ,

тарих ғылымының кандидаты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

Әділ саясат — салтанат құрады

1965 жылдың алғашқы айындағы саяси оқиғалардың дамуы бейбітшілікке апаратын жолдың кең даңғыл емес, асқар асуы, шытырман шатқалы мол қиын жол екенін көрсетті. Осы жолмен көздеген мақсатқа жету үшін орасан зор күш-жігер жұмсауға тура келеді. Дегенмен, қаншама қиын, қаншама баяу болса да халықаралық қатынаста шиеленістерді бәсеңдетуге қарай әжептәуір алға басқандық бар.

Ең алдымен, халықаралық көлемде күштердің ара салмағы социализм пайдасына қарай ойысқанын атап айту керек. Социалистік мемлекеттердің, ең алдымен Совет Одағының күш-қуаты империалистердің жаңа соғыс өртін тұтандыруға бағытталған жоспарлары мен зымияндық әрекеттерін іске асырмай тастайтын басты кедергі болып отыр. Егер осы күдіретті күш болмаса, бейбітшілік ісінің тағдыры екіталай болған болар еді.

* * *

Бейбітшілік жолындағы, бейбіт қатар өмір сүріп, халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күрес социалистік елдердің ынтымағын күшейткен үстіне күшейте түсуді талап етеді. Январь айының ішінде Экономикалық Өзара көмек Советіндегі елдер өздерінің халық шаруашылық жоспарын үйлестіру саласында бірсыпыра күрделі шараларды іске асырды. Өнеркәсіптің ең маңызды тарауларын ынтымақтасып өркендетудің 1970 жылға дейінгі жоспары мақұлданды. Халық шаруашылығының толып жатқан ірі объектілері біздің ортақ мақсатымызға қызмет етеді. Совет Одағының Европалық бөлігі мен Экономикалық Өзара көмек Советіндегі басқа да елдердің біртұтас энергетикалық жүйесі құрылды. Бұл жүйе Прага қаласынан басқарылады. «Дружба» мұнай құбырының қуаты күн санап арта түсуде. Оның ұзындығы 4500 километрге жетеді. Ал, бұған дейінгі дүние жүзіндегі ең ірі Трансаравия мұнай құбырының ұзындығы 1800 километр болатын. «Дружба» мұнай құбыры Совет Одағынан туысқан социалистік елдерге жыл сайын 30 миллион тонна мұнай жеткізіп тұратын болады.

Совет Одағы мен Үндістан арасындағы ынтымақ онан әрі нығаюда. Жуырда Барауни қаласында іске қосылған мұнай айыру заводы нақ осының куәсі болып саналады. Бұл завод Совет Одағының жәрдемімен салынды. Осыған байланысты Үндістан президенті доктор С. Радхакришнан былай деп мәлімдеді: «Бұл мұнай айыру заводының Совет Одағының көмегімен салынуы үнді-совет ынтымағының ұлғайғанын бейнелейді және экономикалық даму саласында біздің елдің ілгері басқандығы болып табылады».

Цейлонда парламент сайлауына әзірлік жүріп жатыр. Бұл елдің реакцияшыл топтарының болмашы ғана көпшілік дауыспен Бандаранайка ханымның үкіметіне сенімсіздік білдірген қарарды өткізгені мәлім. Цейлонның прогресшіл күштері реакцияның және оларға дем беруші ағылшын-американ империалистік топтарының зымияндық жоспарын кирата ала ма, жоқ па — оны таяудағы уақыттар көрсетеді. Ал Совет Одағы Азияның бұл мемлекетімен бейбіт қатар өмір сүру принциптері негізінде дәйекті қарым-қатынас жасай береді.

Біздің Бирмамен, Непалмен, Скандинавия елдерімен байланысымыз күн санап нығаюда. Жуырда Непалда Совет Одағының жәрдемімен салынған тұңғыш темекі фабрикасы іске қосылды.

Совет Одағының үкіметі империалистік соғыс одақтары мен топтарын жою үшін батыл күрес жүргізіп келеді. Бұл топтарды ыдырату бағытында жасалған әрбір қадам империализм позициясын әлсірете түседі. Осыған байланысты қазіргі совет-түрік, совет-иран қатынастарының үлкен маңызы бар. СССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Подгорный жолдас бастаған совет парламент делегациясы жуырда Түркияға барып қайтты. Ал, таяудағы уақытта бұл елге Совет Одағының сыртқы істер министрі Громыко жолдас барып қайтпақшы.

Біздің оңтүстіктегі көршілеріміздің бірі — Иран. Бұл елдің шахы Мохамед Реза Пехлеви достық сапармен Совет Одағына келгелі жүр.

Егер бұл екі мемлекеттің де агрессияшыл империалистік одақтардың мүшесі екенін еске алсақ, біздің Түркиямен, Иранмен қарым-қатынасымыздың жақсаруы халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге едәуір ықпал жасайды деп сеніммен айтуға болады.

Сондықтан да қазір совет-түрік қарым-қатынасына бүкіл халықаралық жұртшылық қатты назар аударып отыр. Мұның өзі кездейсоқ нәрсе емес. Екі мемлекеттің шекарасы теңізбен де, құрғақпен де мыңдаған километрге созылады. Жыл сайын төрт мыңнан астам совет кемесі өтетін Босфор, Дарданеллы бұғаздары Түркияның қарамағында.

Түркия америка билеуші топтары құрған агрессияшыл екі одақтың екеуіне де — Европада НАТО-ға, Орта Шығыста СЕНТО-ға кірген еді. Ал, Түркия содан не пайда тапты? Фактілерге көз жүгіртейік.

Осыдан сегіз жыл бұрын Түркияның мемлекеттік берешегі 270 миллион доллар еді. Ол кезде бұл ел жыл сайын 200 мың тонна бидай сататын. Ал қазір Түркияның мемлекеттік борышы 2 миллиард 900 миллион доллардан асып кетті. Ал, сыртқа бидай сатпайтыны былай тұрсын, қайта өзі жыл сайын 3,5 миллион тонна бидай сатып алады.

Елдегі еңбекшілер бұқарасының тұрмыс жағдайы нашар. Жуырда премьер-министр Иненю: «Бүкіл еліміз қайыршылықта отыр» деп мойындауға мәжбүр болды.

Бұл елдің алдында тұрған аса маңызды әлеуметтік және саяси мәселелердің шешілуі көбінесе түрік билеуші топтарының сыртқы саясаттағы бағытына байланысты. Патриоттық және прогресшіл күштер сыртқы саясаттың қайта қаралуын барған сайын қаттырақ талап етуде. Олар өте-мөте совет-түрік қарым-қатынастарын жақсарту мәселесін шұғыл қойып отыр. Ал, елдің билеуші топтары жұртшылықтың бұл талабымен санасуға мәжбүр болуда.

Түркияның сыртқы істер министрі Эркин мырза да ресми сапармен Совет Одағында болып қайтты. Ол СССР Министрлер Советінің председателі Косыгин, Сыртқы істер министрі Громыко жолдастармен бүкпесіз ашық әңгімелесті. Және де бұл сапар түрік үкіметі қайраткерінің соңғы 25 жыл ішінде біздің елге жасаған тұңғыш ресми сапары екенін ескерте кеткен артық емес. Бұл факт екі елдің шекарасы көршілес дос мемлекеттің шекарасы бола алатынын және болуға тиіс екенін дәлелдейді. Қазір совет-түрік қатынастарын жақсарту үшін қажет мүмкіндіктің бәрі бар.

Биыл біздің ежелгі көршілеріміздің бірі — Иран мемлекетінің құрылғанына 2500 жыл толады. Совет Одағының Иранмен шекарасы да 2,5 мың километрге созылып жатыр. Американың, Англияның, Батыс Германияның империалистері Иран экономикасындағы шешуші салаларды басып алған және оларды қолынан шығаратын ниеттері де жоқ. Иранның билеуші топтары өздерінің бүкіл ішкі және сыртқы саясатын шетел монополияларының мүддесіне бағындырған.

Америка Құрама Штаттары мен Великобританияның әскери мамандары географиялық тұрғыдан қарағанда Америка Құрама Штаттарының барлық одақтастарының ішінде Россиямен шекарасы ең ұзын және соққы беруге ең қолайлы мемлекет — осы Иран деп есептейді. Сондықтан

да олар Иранды өздерінің стратегиялық базасына айналдырып, оны уысынан шығармау үшін неше түрлі айла-әрекеттер қолданып бағуда.

Иран үкіметінің саясат жағынан батыс империалистеріне түгелдей тәуелді болуы елдің экономикасын мүлдем тоқыратып тастады. Ресми мәліметтер бойынша, соғыс объектілерін салуға, 200 мың солдаты бар армияны асырауға бүкіл мемлекеттік бюджеттің 40 проценттейі, сондай-ақ елдің жыл сайын мұнайдан алатын табысының басым көпшілігі жұмсалады. Шетел монополистерінің билеп-төстеуі салдарынан еңбекшілер бұқарасының тұрмысы қайғылы халге жеткен. Мұндағы адам өмірінің орташа ұзақтығы 27 жастан аспайды. Бүкіл халықтың тең жарымы кемтарлық жағдайда өмір сүреді.

Халықтың қалың бұқарасының көңіл-күйін ескере отырып, Иран үкіметі соңғы уақытта Совет Одағымен қарым-қатынасты реттеуге бағытталған бірсыпыра шара қолданды. Иран өз жерінде ешбір шет мемлекеттің ракета базасын салуына, сондай-ақ Иранның Совет Одағына қарсы агрессия құралы болуына жол бермейді деп, Иран үкіметі Совет үкіметіне уәде берді. Бұл міндеттеме Таяу және Орта Шығыста бейбітшілікті нығайтуға қосылған елеулі үлес болып табылады.

Тегеранда экономикалық және техникалық ынтымақ туралы Совет-Иран келісіміне қол қойылды. Бұл келісім шекарадағы Аракс өзенінде бірлесіп гидротехникалық құрылыстар комплексін сала бастауды көздейді. Бұл құрылыс 40 мың гектарға жуық жаңа жерді суаруға мүмкіндік береді. Ал, мұның өзі Иран жыл сайын қосымша 25 мың тонна бидай, 30 мың тонна макта алып тұрады деген сөз. Мұнан тыс, Аракс өзенінен биіктігі 35—40 метр плотина, Нахичевани ауданында қуаты 40—60 мың киловаттай су электр станциясы, Горадиза ауданында биіктігі 10 метрдей су таратқыш плотина салынады. Бұлардан алынатын электр қуаты Ирандағы ең арзан қуат болмақ.

Жаңа жылда араб азаттық қозғалысының социалистік елдермен достық байланысы нығая түседі деген үміт бар. Социалистік мемлекеттердің арабтармен экономикалық, мәдени қарым-қатынастары қазір қай кездегіден болса да кең өріс алып отыр.

Біздің Алжирмен қарым-қатынасымыз шынайы достық пен туысқандық рухында дамып келеді.

Соңғы кезде Суданда аса ірі прогресшіл оқиғалар болып жатыр. Елде генерал Аббудтың соғыс тәртібі жойылды. Халық бұқарасының тегеурініне шыдай алмай Аббуд орнынан түсуге мәжбүр болды. Жаңадан құрылған азаматтық үкімет елдегі жағдайды жақсартуға бағытталған алғашқы шараларды қолға алуда. Саяси партиялардың жұмыс істеуіне рұқсат берілді. Судан тарихында тұңғыш рет коммунистер өзінің «Аль-Майдан» газетін ашық шығаруға мүмкіндік алды. Жаңа үкімет Конго көтерілісшілерінің патриоттық қозғалысын қызу қолдайтынын мәлімдеді. Бұл фактінің де үлкен маңызы бар. Соңғы кездері Совет Одағы мен Суданның арасындағы қарым-қатынас едәуір жақсарды.

1965 жылдың январь айындағы оқиғалар социализм мен ұлт-азаттық қозғалысының ынтымағы, социалистік елдер мен жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттердің ынтымағы, жеңілмес күш екенін тағы да айқын қуаттап берді. Бұл ынтымақ империализмнің тарих дөңгелегін кері айналдыруға тырысқан зымияндық әрекеттерін күл-талқан етіп, адамзатты жарқын болашаққа бастай береді.

* *

*

Халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы әрбір жеңіске мейлінше қиын жағдайда, кескілескен күреспен қол жетуде. Империалистік реакция тағы да шабуылға шығып, дүниенің тыныштығын бұзатын әрекеттер жасауда.

Өткен жылдың декабрь айында көп жақты ядролық күштер құру жөніндегі американо-батыс герман жоспары быт-шыт боп күйреді. НАТО мүшелерінің көпшілігі бұл жоспарды қолдамай қойды. Жуырда Түркия үкіметі де бұл жоспарға қарсы екенін ресми түрде мәлімдеді. Алайда Бонн кекшілдері мен американо-соғыс құмарлары өздерінің агрессияшыл солтүстік Атлантика одағындағы әріптестеріне қоқан-лоққы, қысым жасауын тоқтатар емес.

Мәселеге тереңірек үңілсек, соғыс өртін тұтандырушылардың бұл есуастық жоспары жуық маңда жүзеге аса қоймайтыны айқын көрінеді. Соған қарамастан, Батыс Берлин реваншистері Германия Федеративтік Республикасының Герман Демократиялық Республикасымен, Чехословакиямен шекарасына «атом белдігін» жасау жоспарын жүзеге асыру үшін жан таласып бағуда.

Осы жылғы 20 январьда Америка Құрама Штаттарында Джонсонның президент қызметіне, Хэмфридің вице-президент қызметіне кіріскен салтанаты болды. Өткен жылғы ноябрьде сайланған Конгресс жұмысын бастады. Оның алғашқы мәжілісінің қарсаңында көптеген конгресменнің шетелдерге барып, тым көңілсіз қайтқаны белгілі. Олар Конгодағы интервенцияға, Оңтүстік Вьетнамдағы маскара соғысқа байланысты Америка Құрама Штаттарының әбден беделі түскенін айтып келді. Ал Джонсон үкіметі өмір сабағына қарамастан, жер шарының бірсыпыра ауданындағы арандатушылық бағытынан әлі де таймай отыр.

Конго бұрынғысынша жер жүзіндегі ең тынышсыз ауданның бірі күйінде қалып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Хауіпсіздік Советі Пил Сүйегі Жағалауы мен Марокко екеуі бірігіп ұсынған қарар жобасын Совет Одағының енгізген қосымшаларымен қабылдады. Бұл қарар барлық мемлекетке Конгоның ішкі ісіне араласпауды ұсынады, Конгодан ақ жалдамалылар атаулының бәрін дереу алып кетуді талап етеді.

Варшава доғоворына қатысушы мемлекеттердің таяуда ғана қабылдаған бірлескен мазмұндамасы социалистік елдердің бейбітшілікке ұмтылып отырған талабын тағы да айқын көрсетіп берді. Бұл мазмұндамада барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешудің нақты шаралары көрсетілді. Сонымен бірге Варшава доғоворына қатысушы мемлекеттер империалистік топтардың агрессиялық әрекеттерін батыл айыптап, олардың мұндай әрекеттері сөзсіз сәтсіздікке ұшырайтынын бүкіл әлемге паш етті.

Совет Одағының лениндік принциптерден айнамайтын сыртқы саясаты дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға, демократия мен социализм позициясын күшейтуге игі ықпалын тигізуде. Еліміздің экономикалық күш-қуаты мен қорғаныс қабілетінің үздіксіз өсуі, творчестволық марксизм-ленинизм негізінде социалистік елдердің топтаса түсуі, империализмге қарсы бейбітшілік сүйгіш барлық күштің белсенділігі мен пәрменділігінің артуы біздің сыртқы саясатымыздың табыстан табысқа жетуінің кепілі болып табылады.

П. ҚУЗЬМИН.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Сағындықов Қ. (бас редактор), Айтмағамбетов З. (жауапты секретарь), Бектепов Ж., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Мәдиев Б., Меңдібаев К., Өржанов Ш., Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95,
2-38-56, 2-57-23.

2/II-1965 ж. басуға қол қойылды, қ. 70×108^{1/16}, 2,5 қ. — 6,85 авт. т. УГ01221. Т. 25578.

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Зак. 3554.

«Қазақстан коммунисті» — ақылшы досың!

НАСИХАТШЫ СЕРІГІ

Биыл «Қазақстан коммунисті» журналына Шығыс Қазақстан облысының еңбекшілері көптеп жазылды. Журналға жазылушылар ішінде коммунистермен бірге партияда жоқ актив, насихатшылар, үгітшілер, ауыл-село интеллигенттері бар.

Бастауыш партия ұйымдары баспасөзге жазылуды жақсы ұйымдастырды. Мысалы, «Шілікті» совхозы партия ұйымының (секретары Т. Уәлиев жолдас) есебінде тұратын 106 коммунистің барлығы дерлік газет-журналдарға жазылды. Оның ішінде «Қазақстан коммунисті» журналы да бар. Баспасөзге жазылғандар арасынан насихатшы, совхоздың бас мал дәрігері Қ. Біләлов, үгітшілер шопан С. Теміржанов, жылқышы Т. Әубәкіров жолдас-тарды атап өтуге болады.

Облыстың «Қаратал», «Қалғұтты» сияқты совхоздарында да коммунистер, жұмысшылар, малшылар журналға жаппай жазылды. Журналға жазылғандар арасында қатардағы қарапайым адамдар да көп. Мысалы, «Қаратал» совхозындағы шопан Жұмаш Құнагин, сауыншы Қабыкен Сапарова жолдастар бірнеше жыл-

дан бері «Қазақстан коммунисті», «Коммунист» журналдарының тұрақты оқушысы болып келеді.

Жалпы облыс бойынша «Қазақстан коммунисті» қазір 1411 дана болып тарап отыр. Журналға әсіресе, насихатшы коммунистер көптеп жазылды.

У. ҚУАНОВ,

облыстық партия комитеті идеология бөлімі меңгерушісінің орынбасары

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫМЕН

Қызылорда облысының партия ұйымдары биыл баспасөзге жазылуды ойдағыдай жүргізді. Облыс еңбеккерлері газет-журналдарға өткен жылдармен салыстырғанда едәуір артық жазылды. Әсіресе, саяси оқу жүйесінің тындаушылары, теориялық білімін өз бетінше көтерушілер одақтық, республикалық партиялық журналдарға көп жазылды. Оның ішінде «Қазақстан коммунисті» журналы да бар.

«Қазақстан коммунисті» журналына, әсіресе, Қармақшы, Арал, Шиелі, Қазалы аудандарында жұрт белсенділікпен жазылды.

Насихатшылар мен үгітшілердің кітапханасына арналған жаңа кітаптар

*Москвадағы Саяси әдебиет және Алматыдағы «Қазақстан»
баспаларынан мынадай кітаптар шықты:*

М. А. СУСЛОВ. КПСС-тің халықаралық коммунистік қозғалыстың топтасуы жолындағы күресі туралы. КПСС Орталық Комитетінің Пленумында 1964 жылы 14 февральда жасалған баяндама. «Қазақстан» баспасы, 1964 ж.

Халықаралық коммунистік қозғалыстың топтасуы жолында. Документтер мен материалдар. Москва, 1964 ж.

А. Тарасенко, В. И. Лениннің лекторлық шеберлігі туралы. Көлемі 80 бет. Бағасы 7 тиын.

Владимир Ильич Лениннің насихатшылық шеберлігі сан алуан. Ол өзін тыңдайтын аудиторияны бірден баурап алатын. Міне осы кітапшада ұлы көсемнің өзі өткізетін әңгімеге, лекцияға қалай даярланатыны баяндалады. Лениннің сөйлеу мәнері, тіл мәдениеті, шеберлігі сөз болады.

В. Владимирцев, Н. Нефедов. Лекцияны қалай даярлау керек? Көлемі 48 бет. Бағасы 4 тиын.

Лекцияның тартымды да қызықты болуы оның жақсы даярлануына байланысты. Осыған орай кітапшада лекция даярлау жөнінде методикалық кеңес беріліп, әдебиетті пайдалану жайы айтылады.

А. Степанов. Лекцияның тілі мен стилі. Көлемі 80 бет. Бағасы 7 тиын.

Кітапшада лекторлардың өз лекциясына көркем әдебиетті, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді, метафора, эпитеттерді қалай пайдалану керекі сөз болады.

В. Азар. Лекцияға көрнекі құралдарды пайдалану. Көлемі 72 бет. Бағасы 6 тиын.

Кітапшада партия ұйымдары жүргізетін насихат жұмысында, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық тақырыптарда — партия тарихы, саяси экономия және нақты экономика туралы лекциялар оқып, әңгіме өткізгенде көрнекі құралдарды қалай пайдалану жөнінде кеңестер айтылады.

А. Левин. Лектор және аудитория. Көлемі 120 бет. Бағасы 11 тиын.

Кітапша лекторлардың сөйлеу шеберлігі турасында әңгіме етіледі.

«Марксизм-ленинизм негіздері» курсының программасы. Көлемі 112 бет. Бағасы 15 тиын.

Партия оқуы жүйесіндегі үйірмелерге арналған.

Ғылыми коммунизм негізін оқып үйренетін курстың программасы. Көлемі 48 бет. Бағасы 7 тиын.

Білімін өз бетінше оқып көтерушілер мен саяси оқу жүйесінің тыңдаушыларына арналған.

Дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының проблемасы негізін оқып үйренуші курстың программасы. Көлемі 48 бет. Бағасы 6 тиын.

Саяси оқу жүйесінің үйірме, семинарларына арналған.

Саяси білім негіздерінің программасы. Көлемі 32 бет. Бағасы 4 тиын.

Партия оқуы жүйесінің саяси мектептеріне арналған.

Коммунизм құрылысының моральдық кодексін оқып үйренетін курстың программасы. Көлемі 24 бет. Бағасы 3 тиын.

Саяси оқу жүйесінің үйірмелеріне арналған.

Философия білімі негіздерін оқып үйренетін курстың программасы. Көлемі 64 бет. Бағасы 9 тиын.

Саяси оқу жүйесінің үйірмелеріне арналған.